

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шаыпақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**12/2015**

**ЖЕЛТОҚСАН**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлмас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

<b>НАҚЫШ.</b>	Интернационалдық махаббат психологиясы.....	5
<b>Ғ.ШӘРІПЖАНОВА.</b>	-Ғы, -гі қосымшасы.....	13
<b>Авторлық бағдарлама</b>		
<b>Ж.КЕГЕНБЕКОВА.</b>	11-сыныпқа арналған қазақ тілі қолданбалы курсы бойынша бағдарлама.....	19
<b>Г.АЙТҚАЛИЕВА.</b>	Қазақ тілін тереңдетіп оқыту - білім жолындағы ізденіс қадамдары.....	21
<b>Б.ШАЙХСТАМОВА.</b>	Қазақ тілі пәнінен 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау күнтізбелік-тақырыптық жоспары.....	30
<b>Түімді әдіс - баршаға ортақ</b>		
<b>А.ШАКИНА.</b>	Шаршы топ алдында сөйлеу мәдениеті.....	36
<b>Ж.ОҢҒАРБАЕВА.</b>	Махамбет оқулары.....	42
<b>П.ӘЛІМБЕКОВА.</b>	Мазмұндама.....	45
<b>Қазақ хандығына 550 жыл!</b>		
<b>Қ.НАРЫНБЕКОВА.</b>	Нысанбай жырау.....	50
<b>Л.ДЕМЕУОВА.</b>	Жиенбет жырау Бортоғашұлы.....	56
<b>А.ОҢАЙБАЕВА.</b>	Ұлы Даланың данышпандары.....	63
<b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>		
<b>А.ЖҮНІСБАЕВА.</b>	Абай Құнанбайұлы. «Қараңғы түнде тау қалғып».....	66
<b>М.КАКИЛАНОВА.</b>	Ш.Мұртаза. «Тұтқын бала».....	70
<b>Г.НҮҒМАНОВА.</b>	«Қеркұла атты Кендебай» ертегісі.....	78
<b>Б.ЕПЕНОВА.</b>	Абай Құнанбайұлы. Қансонарда бүркітші шығады аңға.....	82
<b>Р.ЖАНЗАҚОВА.</b>	«Қамар Сұлу» романындағы Қамар бейнесі.....	86
<b>С.МУТАШОВА.</b>	Абайдың табиғат лирикасы.....	89
<b>Н.БОЛАТБАЙ.</b>	Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасы.....	92
<b>Жас маманға жәрдем</b>		
<b>Б.ҚАРЫМСАҚОВА.</b>	«Аяз би» ертегісі.....	95
<b>С.ТӘҢІРБЕРГЕНОВА.</b>	Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі.....	99
<b>А.ШОШАЕВА.</b>	Өр рухты ақын.....	103
<b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>		
<b>А.БЕКСОЛТАНОВА.</b>	Сан есімді оқыту.....	107
<b>Кіріктірілген сабақ</b>		
<b>Р.БАЙДАУЛЕТОВА.</b>	Кірме сөздер.....	110
<b>Ұстаз мерейі</b>		
<b>П.ЖАУДАТОВА.</b>	Мұғалім мамандығы - әдемідегі барлық мамандықтардың анасы.....	116
<b>Ғасыр ақыны</b>		
<b>М.ҰЛЫҚПАНОВА.</b>	«Мен марттағы найзағай күркірімін!».....	121
<b>Б.ШАХМАНОВА.</b>	Ақындардың ақыны - Мағжан.....	126
<b>Сыныптан тыс шара</b>		
<b>Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА.</b>	Көшбасшылар сайысы.....	128
<b>Г.ДӘУРЕНОВА.</b>	Білім - асыл қазына.....	135
<b>А.УТЕГАЛИЕВА.</b>	Компьютердің бала тәрбиесіне әсері бар ма?.....	138
<b>Білім сынағында</b>		
<b>А.ҚОЙШЫБАЕВ.</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша мектепшілік олимпиада.....	141
<b>Оқушы шығармашылығы</b>		
<b>Т.ТАБЫНБАЕВ.</b>	Бейбітшілік - менің таңдауым.....	142

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Познание</b>		
<b>НАҚЫШ.</b>	Психология интернациональной любви.....	5
<b>Г.ШАРИПЖАНОВА.</b>	Аффиксы -ғы, -гі.....	13
<b>Авторская программа</b>		
<b>Ж.КЕГЕНБЕКОВА.</b>	Курс по казахскому языку для 11-кл.....	19
<b>Г.АЙТҚАЛИЕВА.</b>	Углубленное обучение казахского языка.....	21
<b>Б.ШАЙХСТАМОВА.</b>	Календарный-тематический план по подготовке к ЕНТ учащихся 11-кл.....	30
<b>Выгодный способ - всему общий</b>		
<b>А.ШАКИНА.</b>	Культура речи в большой аудитории.....	36
<b>Ж.ОҢҒАРБАЕВА.</b>	Чтения Махамбет.....	42
<b>ПАЛИМБЕКОВА.</b>	Сочинение.....	45
<b>550 лет Казахскому Ханству!</b>		
<b>К.НАРЫНБЕКОВА.</b>	Поэт Нысанбай.....	50
<b>Л.ДЕМЕУОВА.</b>	Поэт Жиенбет Бортоғашұлы.....	56
<b>А.ОҢАЙБАЕВА.</b>	Мудрецы Великой степи.....	63
<b>Казахская литература: передовая технология, образовательный процесс</b>		
<b>А.ЖҮНІСБАЕВА.</b>	Абай Қунанбайұлы. «Қараңғы түнде».....	66
<b>М.КАКИЛАНОВА.</b>	Ш.Муртаза. «Тұтқын бала».....	70
<b>Г.НҮҒМАНОВА.</b>	Сказка «Қеркұла атты Кендебай».....	78
<b>Б.ЕПЕНОВА.</b>	Абай Қунанбайұлы. Қансонарда бүркітші шығады аңға.....	82
<b>Р.ЖАНЗАҚОВА.</b>	Роль Камар в романе «Қамар Сұлу».....	86
<b>С.МУТАШОВА.</b>	Лирика Абая.....	89
<b>Н.БОЛАТБАЙ.</b>	Шакарим. Поэма «Еңлік-Кебек».....	92
<b>В помощь молодому специалисту</b>		
<b>Б.ҚАРЫМСАҚОВА.</b>	Сказка «Аяз би».....	95
<b>А.ШОШАЕВА.</b>	Воинственный поэт.....	99
<b>С.ТӘҢІРБЕРГЕНОВА.</b>	Песня Абая «Әсемпаз болма әрнеге».....	103
<b>Казахский язык: передовая технология, образовательный процесс</b>		
<b>А.БЕКСОЛТАНОВА.</b>	Сложное числительное.....	107
<b>Кіріктірілген сабақ</b>		
<b>Р.БАЙДАУЛЕТОВА.</b>	Слова.....	110
<b>Честь учителю</b>		
<b>П.ЖАУДАТОВА.</b>	Профессия учителя-мать всех специальностей во всем мире.....	116
<b>Поэт века</b>		
<b>М.ҰЛЫҚПАНОВА.</b>	Я-грохот молнии.....	121
<b>Б.ШАХМАНОВА.</b>	Поэт поэтов-Мағжан.....	126
<b>Внеклассная работа</b>		
<b>Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА.</b>	Состязание лидеров.....	128
<b>Г.ДӘУРЕНОВА.</b>	Знание-богатство.....	135
<b>А.УТЕГАЛИЕВА.</b>	Роль компьютера в воспитании детей.....	138
<b>Проверочная работа</b>		
<b>А.ҚОЙШЫБАЕВ.</b>	Олимпиада по казахскому языку и литературе.....	141
<b>Творчество ученика</b>		
<b>Т.ТАБЫНБАЕВ.</b>	Мир-мой выбор.....	142

## CONTENT

	<i>Knowledge</i>	
N.AKISH.	Psychology of international love.....	5
G.SHARIPZHANOVA.	Affixces -ғы, -гі.....	13
	<i>Authorial program</i>	
ZH.KEGENBEKOVA.	Course on Kazakh for 11-кл.....	19
G.AITKALIEVA.	Deep educating of Kazakh.....	21
B.SHAHISTAMOVA.	Kalendarnykh tematicheskii plan YENT kazakhskiy yazyk 11 studentov.....	30
	<i>Advantageous method - all general</i>	
A.SHAKINA.	A culture of speech is in a large audience.....	36
	<i>Supporting material</i>	
ZH.ONGARBAEVA.	Mahambet.....	42
P.ALIMBEKOVA.	Composition.....	45
	<i>There are 550 to Kazakh Khane!</i>	
K.NARINBEKOVA.	Poet Nisanbai.....	50
L.DEMEUOVA.	Poet Zhiembet Bortogashuli.....	56
A.ONAIBAEVA.	Sages of Great steppe.....	63
	<i>Kazakh literature: advanced technology</i>	
A.ZHUNISBAEVA.	Abai Kunanbaiuli.....	66
M.KAKILANOVA.	Sh Murtaza.....	70
G.NUGMANOVA.	Fairy-tale of «Керкұла атты of Кендебай».....	78
B.EPENOVA.	Abai Kunanbaiuli.....	82
R.ZHANUZAKOVA.	A role of Камар is in the novel of «Камар Сұлу».....	86
S.MUTASHOVA.	Lyric poetry of Абая.....	89
N.BOLATBAI.	Shakarim. Poem of «Енлик-Кебек».....	92
	<i>For the aid to the young specialist</i>	
B.KARIMSAKOVA.	A fairy-tale «Аяз би».....	95
S.TANIRBERGENOVA.	Song of Abai.....	99
A.SHOSHAEVA.	Bellicose poet.....	103
	<i>Kazakh language: advanced technology in training</i>	
A.BEKSULTANOVA.	Difficult numeral.....	107
R.BAIDAULETOVA.	Words.....	110
	<i>Honour to the teacher</i>	
P.ZHAUDATOVA.	Profession teacher-mother of all specialities in the whole world.....	116
	<i>Poet of century</i>	
M.ULIKPANOVA.	I am a crash of lightning.....	121
B.SHAHMANOVA.	Poet Magzhan.....	126
	<i>Extracurricular work</i>	
N.KADIRKULOVA.	Contest of leaders.....	128
G.DAURENOVA.	Knowledge-riches.....	135
A.UTEGALIEVA.	A computer role is in education of children.....	138
	<i>Verification work</i>	
A.KOISHIBAEV.	Olympiad on Kazakh and literature.....	141
	<i>Work of student</i>	
T.TABINBAEV.	My choise - peace.....	142

## Таным табиғатында

Н.АҚЫШ,  
ф.ғ.д., М.О.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының  
бас ғылыми қызметкері.

## ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ МАХАББАТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Ш.Елеукеновтің «Әттең, дүние» романының бас кейіпкері - Ұлы Отан соғысынан кейін Германия жерінде жоғарғы жақтың пәрменімен қалып қойған Кенес офицері. Ол Варта деген темір жол бекеті болып есептелетін елді мекенде коменданттық қызмет атқарып жүреді. Аралас-құралас адамдары аз, өзімен өзі жүрген жатжерлік жас жігіттің Инга есімді неміс қызын жолықтыратын жері осы ара. Романда алып-жұлып бара жатқан іргелі әлеуметтік-қоғамдық мәні үлкен оқиға бар деуге болмайды. Негізгі сюжет осы екі жастың арасындағы махаббат сезімінің қалай өрбитіндігіне құрылған.

Инганы роман кейіпкері Можан капитанға әкеліп таныстырып жүрген – бекет бастығының зайыбы Шарлотта деген кексе әйел. Салдыр-гүлдір ашық жарқын мінезіне бола кейіпкерлердің бірі қазақи түсінікке сайып, оны «айғай жеңеше» деп атап кетеді. Қыз бен жігіттің арасындағы жекелеген жағдайларға араласып, тігісін жатқызып жүретін жандардың бірі-осы әйел.

Романның бас кейіпкері Можан сұрапыл соғысты басынан өткізіп, қантөгісті көрген, сан рет ажал аузынан қалған, сөйтіп жастығына қарамастан, белгілі бір

дәрежеде өмір мектебінен өткен жігіт. Кәмелетке енді толған жас бойжеткенді өзіне қарағанда әлдеқайда кіші санауы да оның психологиялық қисынына сыйысып тұр. Үй жинастырушы жас қыз Инга адамның тілі жетпейтін қас сұлу болып суреттеледі.

Бірінші жақтан, бас кейіпкердің атынан баяндалатын роман оқиғасы тек осы сұлуға, оған деген сезім күйінің дамуына қатысты өрбіп отырады. Кейіпкер табиғатымен санасқан жағдайда олай болуы заңды да. Өйткені қаншама жыл туған елден жырақта жүрген, оның үстіне кешегі күндей күркіреп өткен қан майданды басынан кешкен жас жігіттің тура алдынан кездескен әйел затының сұлулығына тырп ете алмай, арбалып қалуы қисынды.

Инганы жолықтырғаннан кейін айналадағы тіршіліктің бәрін естен шығарып, тек бірыңғай соны ғана ойлай беруін тек еркектік ынтызарлықтың емес, шынайы махаббаттың көрінісі деп бағалауға әбден болады. Күнделікті қызметінен қолы қалт етсе ойлайтыны - алдынан жолыққан осы немістің сұлуы. Және әр кездескен сайын жаңа көрген адамдай көзін тойдыра алмай қарап, сұқтанудан бір жалықпайды...

Алғашында қызметкер-бастық ретінде ресми қарым-қатынас жасаудан басталған екі жастың арасы күндер өткен сайын жақындасып, бір-бірін білуге деген құштарлықтары артып, адам ретінде рухани ұштаса түседі. Күнделікті жолығысып, жақын тарта сөйлесіп жүргеннен кейін қыз бен жігіттің арасының біртіндеп қиюласып кетуі де табиғи.

Бірақ бір қызығы жас капитан қызға жігіттік сөзін айтуға келгенде батылсыз. Кешегі қан майданның қаһарманы жас сұлудың алдында тым ұстамдылық, тартыншақтық көрсетеді. Қызбен жақын болу

тәуекелдің ісі екенін ойлап, тартына береді. Оған себеп орыс солдаты Петр мен неміс қызы Эмма, Владимир Брючковский мен Урсула Гофман араларындағы сәтсіз махаббат. Жігіттер жеңіп, үстем болған елдің өкілдері болса, қыздар Кеңес армиясынан жеңіліс тауып, тізе бүккен Германия мемлекетінің адамдары. Демек, бұлардың арасында махаббат тұтануының өзі саяси мәселе екендігі сөзсіз.

Бас кейіпкер шегініс арқылы есіне алып отырған осы екі түрлі махаббат оқиғасының екеуі де трагедиямен аяқталады. Неміс қызымен көңіл қосып қойғаны үшін Кеңес армиясының екі жауынгері де саяси дәйексіздігі үшін қамауға алынып, Сібірге айдалып кете барады. Ал Эмма сияқты ару мұндай қорлықты көтере алмай, күйзелу салдарынан қазаға ұшырайды.

Можанның өзі келіп қолына түсіп тұрған жас сұлуға сөз айта алмай, бүгіжектей беретіні де сондықтан. Бір де болмаса, бірде сезіліп қалса, екеуінің басына да қатер төнуі әбден ықтимал. Бұл арада Можанның өз басынан гөрі он екі де бір гүлі ашылмаған жас сұлудың тағдырын көбірек ойлауы да кейіпкердің психологиясына, азаматтық адал көзқарасы мен бұйығы мінез-құлқына сыйысып тұр. Небір сұрапылды көрген ер жігіттің махаббат тәрізді нәзік мәселеге келгенде неге соншалықты жасық дейін десең, осындай себептері болып шығады. Қаншама мүмкіндік болып тұрса да, көңілін білдіре алмай, ылғи да тартына береді.

Осынау дүдәмал қатынастың қаншаға созыларын кім білер еді, егер бір тамаша күні жас арудың өзі көңіл білдірмесе. Жүрек мәселесінде ынжықтық көрсетіп жүрген жігітті алғаш болып өзі сүйеді, ғашықтық тақырыбына қатысты әңгімеге өзі тартады. Екеуінің қыз-жігіт ретінде шынайы жақындасуы, бірін бірі өліп-

өшіп аймамай бастауы тек осыдан кейін ғана.

Бұл арада екі түрлі мінез, екі түрлі көзқарас қана емес, батыс пен шығыстың әрқайсысына тән екі түрлі рухани мәдениет белгілері де көрініс тапқан. «Қалай болып кетер екен» дейтін қазақи сақтық пен неміс халқына тән ашықтық, өжеттік мінездердің өздеріне тән нышандары көлденеңдейді. Осы екі түрлі түсініктің тайталасуы барысында батыстық, яғни, Европалық көзқарас үстемдік ала береді.

Инга мен Можанның арасындағы кіршіксіз махаббатқа кедергі болатындай ерекше қарсы күштер жоқ десе де болады. Ганс шал мен оның әйелі Шарлотта, Можанның елдесі Мұқан сияқты айналасындағы санаулы адамдар бұларға тілектес. Қаламайтын жандар екеу ғана болатын. Олардың да адымдары қысқарып қалды. Біріншісі - Инганың туған анасы Марта. Ол қызына «Мына бір азиатты қайдан тапқансың» деп Можанды бір көргеннен жақтырмайды. Можан қазақтың дәстүріне бағып, болашақ қайын енесіне қазақы жолмен тарту-таралғылар жасағаннан кейін барып болашақ қайын енесінің қабағы жылығандай болады.

Және осы арада махаббат дегенді еркіне жіберген европалық психологияның ұшқыны да көрініп қалады. «Шарлотта арқылы дұғай сәлем жолдапты. Сәлемінің түрін қараңыз:

- Қызыммен уақыт өткізгісі келсе, өткізе берсін. Қарсылық етпеймін. Тек үйленемін деп босқа әуреленбесін! – депті» (1,106). Қазақи имандылық ықпалында өскен Можанның бұған тіксініп қалуы, біреу біз сұғып алғандай шоршып түсуі табиғи. Бір қызығы екі арада жеңгетайлық жасап жүретін Шарлотта да Мартаның айтқанына өмірдің кезекті қарапайым

нәрсесіндей қарайды. «Шарлотта жымыып күлді. Әдеттегі көңілді айқайына басты.

- Е, шырағым, капитан, оның не сөкеттігі бар? Жасыңда ойнап-күлгенге не жетсін, - деп қарап тұр» (1,106). Немістің екі әйелі де жастардың үйленбей тұрып-ақ көңіл көтергенін табиғи құбылыс санайды.

Екінші кедергі – НКВД қызметкері Қизат. Елден жырақта, бұрынғы жаулардың ортасында жүрсе де, қаны қазақ екендігіне, тағдырлас екендігіне қарамастан, осы бір қаны сұйық жігіт Можанның қыр соңына түсіп алады. Неміс қызымен астыртын байланыста деген сылтау тауып, жерлесінің көзін құртып жіберуден де кет әрі емес. Екінші жағынан айдай толықсып тұрған ару Ингаға да қызығатынын білдіріп алады. Қайта-қайта алдын орап көлденең шыға бергеннен кейін комендант Можан жоғарыдағы таныс әскери шенділер арқылы кеселін тигізіп жүрген осы бір сүйкімсіз салпаңқұлақты Германиядан қуып жіберудің амалын табады.

Демалыс алып ауылға барған кезде де ата-анасы Можанның амандығына қуана отырып, келін түсіру жайында да әңгіме қозғайды. Қалыңдығының неміс екендігінен кібіртіктеп, ойын сездіргенде олар келіннің ұлтына шүкшиып қарамайтындықтарын да сездіреді. Сонымен Инга мен Можан арасына кедергі болатындай дәйек азайып қалады.

Бірақ алдарынан осындай жарқын болашақ туғандарына қарамастан, екі жас қосыла алмайды. Оған басты себеп – Инганың аяқ астынан қазаға ұшырауы. Және ол біреудің қастығынан немесе бастан өткізген қиын жағдайдың салдарынан емес, аяқ астынан оқыстан кездейсоқ қазаға ұшырайды. Ондай қайғылы оқиғаның бас кейіпкердің жүрегіне салмақ түсіріп, үлкен өкінішке ұрындыруы заңды да. Осыдан кейін

сүйіктісі жайында неше түрлі толғаныстарға беріліп, психологиялық дағдарысты сәттерді бастан кешіру бас кейіпкердің басындағы ауыртпашылықтың бояуын қоюлата түседі. Оның көкірегін жалын ата жарып шыққан «Әттең, дүние...» сөзі романның тақырыбына айналған. Осы кездейсоқ өлім болмаса, жүрекке салмақ салатын ауыр өкініш те орын алмас еді. Әлеуметтік астары жоқ кездейсоқ қазаның оқырманды қатты тебіренге қоймауы заңды да.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі Германия халқының жүдеу-жадау өмірі, жеңіске жетіп, өздерінің жерін басып алған Кеңес әскерлеріне деген көзқарасы, байырғы тұрғындардың өздеріне тән салт-дәстүрі өлшеулі болса да, романда көрініс тауып отырады.

Жазушы бас кейіпкердің сүйіктісі Инганы асқан сұлу ретінде көрсете отырып, ақылды да білімді қыз етіп бейнелейді. Он жеті-он сегізге жаңа келген, автордың өз сөзімен айтқанда, «уыздай жап-жас неміс қызы» (9-бет) тарихтан, өнер мен әдебиеттен жақсы хабардар, көпті көрген Можан капитанның өзін оқытып жіберетіндей дәрежеде. Екеуара әңгімелесулер арқылы неміс және қазақ халқының ұлы адамдарының есімдері аталып, ақын-жазушыларының жекелеген шығармаларына талдау жасап жатады. Осы арада роман авторы жазушы Елеуқеновке әдебиеттанушы ғалым Елеуқеновтің жәрдемге келгенін де аңғару қиын емес.

Және бір қызығы Германияда жүрген санаулы адамдар арқылы ғана естісе де, Инга қазақ халқының салт-дәстүрін, мақал-мәтелдерін біліп алған болып шығады. Қазақстанда туып, Қазақстанда өсіп-өнген басқа ұлт өкілдерінің кейбірі бүгінгі таңда да қазақтар туралы түк білмейтіндігін еске алсақ, Можанның маңайында жүрген немістердің қазағуар болып шығуы

көңілге күдік те келтіреді. Өз буларына өзі пісіп жүретін Европаның асқақ ұлттары үшін шынтуайтына келгенде, азиялықтың бәрі бірдей, ондай артта қалған өлке жұрттарын білуге деген ынталары да бола бермейтіні-өмір шындығы.

Романның назар аударатын көркемдік жетістіктерінің бірі жазылу стилі, тілдік қолдану сипаты деуге болады. Шығарма бастан-аяқ жатық, бір машықтан ауытқи бермейтін көркем тілмен жазылған. Жекелеген фразеологиялық тіркестер мен түсініктердің қалыптасқан нормадан шығып, ауа соғып жататыны болмаса, оқыған кезде әрі жеңіл, әрі көркем әдеби тілдің сорабы адастырмайды. Философиялық түйінге айналуға жарайтын махаббат жайлы түрлі пайымдаулар да тосындығымен назар аударып отырады.

«Асылы сюжет оқиғаның дамуы ғана емес, сол оқиғаға қатысқан адамдардың характер қақтығысы да ғой» (2,56) деген болатын Т.Тоқбергенов қазақ романдары жайында сөз қозғаған бір мақаласында. Ш.Елеуқенов романындағы оқиға да, көркем кеңістік те қазақ әдебиеті үшін типтік құбылыс емес. Оған дәлел - оқиғаның жат елде өтуі, бас кейіпкердің неміс жеріндегі теміржол бекетінің коменданты болуы және өзінің жазушылық өнерге жақындығы. Осы арада соғыстан кейін осы елде нақ осы қызметті атқарған жазушы Қалмұхан Исабаевтың өмір кезеңі еске түседі. Өзінің сол жылдардағы тіршілігі туралы Қалекең «Комендант жазбалары», «Жолдас комендант», «Жұмбақ үй», «Соңғы тәулік», «Комендант» тәрізді роман, повесть, әңгімелер жазғаны белгілі. Қ.Исабаевтың аталған шығармаларында көрініс табатын Ильменау қаласы, Тюрингия алқабы және т.б. топонимикалық атаулар осы «Әттең, дүние» романында да ұшырасып жатады.

Шығармадағы бас кейіпкердің портреті мынадай: «Орта бойлыдан төмендеу, шымыр, ширақ денесі майсыз, таразы. Ұстарамен тақырлап алдыртқан ақ құйқа басы маңдайлы, шықшытты келген бүкіл бет әлпетінде қоңқақ мұрын жоталанып тұрады. Шаралы дөңгелек көзін қасындағы кісіге тура қарап отырып сөйлегенде, бұның ықшамдау денесіне сәйкес келмейтін зор дауысына таң қаласын» (1,6).

«Қазір хобби деп жүр ғой, менің қызметтен босаған кездегі ермегімнің бірі – сурет салу. Жүрген-тұрған жерлерімнің көңіл төрінен шыққандарын қағазға түсіремін» (1,19).

Осы келтірілген портретіне және суретшілігіне қарап, романның бас кейіпкері Қ.Исабаев емес пе екен деген ой туады. Өйткені осы сипаттардың бәрі аталған жазушының бойынан табылып жатады. Бірақ қалай болған күнде де Можан романда жалаң деректі кейіпкер емес, толыққанды көркем персонаж болып шыққан.

Бір сөзбен айтқанда, Ш.Елеуқеновтің «Әттең, дүниесі» қазіргі қазақ романдары қатарына өз үнімен, өзіндік жатық жазылу машығымен келіп қосылған, психологиялық сипаты басым туынды деген дәлелді тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер:

1 Елеуқенов Ш.Р. Әттең, дүние...-А.: Атамұра, 2005. – 336 бет.

2 Тоқбергенов Т. Тоғыз тарау. Әдеби сын. Жазушы, 1974. – 224 бет.



## -ҒЫ, -ГІ ҚОСЫМШАСЫ

Мақалада сөз формасын жасаудағы *-ғы, -гі* қосымшасының функциялық ерекшелігі қарастырылады.

Түйін сөздер: қосымшалар, тіл білімі, жалғау, септік.

Бұл қосымшаның сөзжасамдық және форма тудырушылық сипаты Ы.Маманов еңбектерінде арнайы қарастырылған. Қазақ тілінде бұл қосымша қатыстық сын есім тудырушы аффикс ретінде қаралып келді. Ол екі формада кездеседі: бірі – мезгіл мәнді сөздерге тікелей жалғанып, сын есім тудыруы (қысқы, жазғы, күзгі, көктемгі, биылғы, бүгінгі, т.б.); екіншісі - *-да, -де* жатыс септігінен кейін жалғануы (үйдегі, даладағы, мектептегі, т.б.). А. Ысқақовтың жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында осы аталған екі жағдайы да сын есім құрамында қарастырылып, бір қатарда көрсетіледі. «Мекендік ұғым білдіретін кейбір зат есімдерге, үстеулерге, сондай-ақ жатыс және шығыс (сирек) септік формаларындағы есімдерге қосылып, мағыналары солардың лексикалық мазмұндарына қатысты туынды қатыстық сын есім жасайды. Мысалы: *ауызғы, төргі, түпкі, ішкі, ... баладағы, кітаптағы, сөйлегендегі, орталықтағы, зауыттағы, цехтағы, т.б. /1/.*

Бұл тұлға өзі жалғанған сөзіне мекендік, мезгілдік мағына береді. Ертедегі жазба ескерткіш нұсқаларында *-ғы, -гі* аффиксінің жатыс септігімен келген формасы түбірлерге тікелей жалғанған түріне қарағанда кеңінен қолданылған. Мысалы, «даңқы

иардақы – жазықтағы; иакадақы – жағадағы; авдакі – үйдегі; алигдегі – қолындағы; тагдаки – таудағы» /2/.

*-Ғы, -гі* қосымшасы көбіне уақыт, кеңістік мәнінде жұмсалатын сөздерге жалғанады. Сондықтан болар, жатыс септігіндегі сөздерге жалғануға табиғи бейімділігі бар. Себебі, жатыс септігі кеңістік қатынасты білдіретін септіктердің қатарына жатады /3/.

*-Ғы, -гі* қосымшасы жоғарыда аталған А.Ысқақов еңбегінен басқа да ғалымдар еңбектерінде негізделген сын есім тудырушы аффикс ретінде көрсетіледі. Айталық, 1967 жылы жарық көрген академиялық грамматикада да осы ізбен берілген. Алайда, *-ғы, -гі* қосымшасының үнемі сөз жасамайтыны жайлы да пікірлер болып отырды. А.Ибатов «иолдақы, көкдакі сөздеріндегі *-қы, -кі* қосымшасы туынды сын есімдер тудыратын жұрнақ. Бірақ соған қарамай, бұл дәл осылай айтылуында түбір сөзге тікелей жалғанбай, түбір тұлға мен өзінің аралығына жатыс септіктің –да, –де жалғауларын қосып айту арқылы өз табиғатындағы жана лексикалық тұлға жасап, белгілі бір түбір сөзден екінші бір сөз тудырушы жұрнақ сипатында емес, сөздің айтылуындағы қызметімен тікелей байланысты функционалды сөз түрлендіруші қосымша морфемалардың қызметін атқарып, сол мақсатта қолданылып тұр», - деген пікір айтады /4/.

Түркі тілдері бойынша осы қосымшаның тілдік табиғатына байланысты ой-пікірлер мынадай теориялық бағыттарға саяды.

- 1) *-ғы, -гі* қосымшасы қатыстық сын есім тудырушы аффикс;
- 2) қатыстық форма;
- 3) септік жалғауы;
- 4) екі функциялы.

Ы.Маманов *ауылдағы, қолыңыздағы, Үсендегі* сөздеріндегі *-ғы, -гі* қосымшасы жатыс септігіне жалғанғанда оның сөздік мағынасын өзгертпей, тек қана грамматикалық мағына үстеп тұрғандығын былай дәлелдейді: «Біріншіден, *-ғы, -гі* қосымшасы жатыс септігіне жалғанғанда, оның сөздік мағынасын өзгертпейді, тек қана грамматикалық мағына үстейді. Былайша айтқанда, жатыс септігіндегі сөздер мекендік, мезгілдік мағына білдірсе, оған *-ғы, -гі* қосымшасы жалғанғанда оның сөздік мағынасын да (лексикалық), грамматикалық формасының (жатыс септік) білдіретін мағыналарын да (мекендік, мезгілдік) өзгертпей, тек функциялық мағына үстейді. Яғни, синтаксистік қызметін өзгертеді. Жатыс септігіндегі сөздер сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш қызметінде жұмсалса, оған *-ғы, -гі* морфемасы жалғанып, анықтауыш қызметінде жұмсалады. Екіншіден, *-ғы, -гі* қосымшасы жатыс септігіндегі сөздерге түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Үшіншіден, сөз тудырушы қосымша жалғанған сөз белгілі бір сөз табына тән лексикалық бүтін болып қалыптасады да, сөздік құрамға енеді. Ондай сөздер тіл білімінде туынды түбір деп аталады. Ал жатыс септігіндегі *-ғы, -гі* қосымшасы жалғанған сөздерді туынды түбірдің қатарына қосу тілдік фактіге бүтіндей қайшы» /5/.

Ғалым *-ғы, -гі* қосымшасы түбір сөздерге жалғанғанда, сөз тудыру қызметін атқарып, сөздік құрамға енетін туынды түбір сөздер жасайды. Ал грамматикалық формаларға жалғанғанда, форма тудыру қызметінде жұмсалып, жалғанған сөзіне екінші бір грамматикалық мағына үстейтінін негізге алып, екі түрлі қызмет атқарады деген қорытынды жасайды.



Ы.Маманов жоғарыда сөз болған қосымшалардың сөзжасамдық, форма жасаушылық қызметтерін анықтауда олардың көпшілігін форма жасаушы қосымшалар қатарында көрсетсе, ал *-ғы, -гі* қосымшасын екі функциялы аффикс деген пікір айтады. Демек, ғалымның пікірінше, бұл қосымша түбір сөздерге жалғанғанда сөз жасаса, жатыс септігінен кейін жалғанғанда форма ғана тудырады. Бұл пікір Қ.Шаяхметовтің зерттеуінде де осындай сипат алған. Қ.Шаяхметовтің пікірінше де, *-ғы, -гі* қосымшасы мезгіл, мекен мәнді зат есімдер мен үстеулерге қосылып, сөз жасаушы функция орындайды, мұнысы оның бірінші функциясы. Ал ілік септігі мен жатыс септігінен соң жалғанғанда форма жасаушы қызметте болады. *-Ғы, -гі* аффиксін меншіктілік қатынасты білдіретін грамматикалық форма деп анықтайды. Ғалым *-нікі* құранды аффикс құрамындағы *-ғы, -гі* тұлғасы мен *-дағы, -дегі* құрамындағы *-ғы, -гі* тұлғасын бір ғана тәуелдік жұрнақтар деп көрсетеді. «Екеуінің айырмасы семантикалық қана түрленіс шамасында. *-Нікі* – меншіктілік, тәуелділік ұғымын иеленушімен, субъектімен тікелей байланысты білдірсе, *-дағы, -дегі* аффиксі сол формалық мәнді уақыт-мезгілге, мекен-орынға байланыстыра білдіреді. Меншіктілік мән кейінгіде жатыс септік жалғауы арқылы сәл бәсеңдеген, сөйтсе де, жалпы грамматикалық дәрежелері бір ыңғайда. Сондықтан *-нікі* аффиксі иелік-меншік формасына, *-дағы, -дегі* аффиксі мезгіл-меншік формасына қызмет ететін тәуелдік жұрнақтар дейміз /6/. Түркологияда мұндай тұжырымды Я. Г.Гулямов, С. Усманов, Ф.А.Ганиев, М.А.Хабичев сияқты ғалымдар қолдайды.

Сонымен жоғарыда айтылған пікірлерді саралай келгенде, *-ғы, -гі* қосымшасы үш түрлі формада кездесетінін байқаймыз. Бірі – түбір сөздерге жалғанатын *-ғы, -гі* қосымшасы, екіншісі – *-нікі* формасы, үшіншісі *-дағы, -дегі* формасы. Бұлардың ішінде *-нікі* қосымшасы қазіргі қазақ тілінде тек жіңішке вариантта қолданылып, жалғаулар сияқты дауыстылар үндесіміне бағынбайды.

Ы. Маманов *-ғы, -гі* тұлғасының түбір сөздерге, яғни, мекен, мезгіл мәнді сөздерге жалғануында сөз тудырушы функция орындайды деп көрсетеді. Түркологияда бұл мәселе бойынша да пікір алалығы бар. Бір топ ғалымдар оның түбір сөзге жалғануында да сөз тудырушы қызмет атқара алмайды деген пікір айтады. Алайда, қазіргі таңда *-ғы, -гі* қосымшасы жалғанған түбір сөздер туынды түбір ретінде, басқалай айтқанда, жаңа лексикалық бірлік ретінде танылып жүр. Олар (мысалы, қысқы, жазғы, таңертеңгі, кешкі, бүгінгі, ертеңгі, т.б.) сөздіктерде реестрлік қатарда беріледі. Қыс – зат есім болса, *-ғы, -гі* жалғанып (қысқы) сын есім жасалады. Сондай-ақ *-ғы, -гі* тұлғалы түбір сөздер *-лы, -лі, -сыз, -сіз* сияқты қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ деп жүрген қосымшалардан ерекшелігі – олар сапалық сынға ешқашан өтпейді. Мысалы, қысқы сөзін шырай категориясымен түрлендіре алмаймыз (қысқылау, қысқырақ, аса қысқы емес). Олай болса, мынадай қорытынды шығарамыз. *-Ғы, -гі* қосымшасы Ы.Маманов көрсеткендей, мезгіл, мекен мәнді зат есімдер мен үстеу сөздерге жалғанғанда сөзжасамдық қызмет атқарады. ал жатыс септігінен кейін жалғануында форма жасаушылық қызмет орындайды. Бұл - *-ғы, -гі* қосымшасы екі функциялы деп анықтаған ғалымдар пікірімен үндес.

## Әдебиеттер:

1 Ысқақов А. Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. -385 б.

2 Тенишев Э. Вопросы казахско-уйгурских языкозн. «Указатель грамматических форм к Дивану тюркских языков».

3 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1965. 446 б.

4 Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – А.: «Ғылым», 1983. -146 б.

5 Маманов Ы.Е. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың тексттері. – А., 1973. -89 б.

6 Шаяхметов Қ. Екі функциялы аффикстер. Канд. дисс. – Алматы, 1973.

### Аффиксы -ғы, -гі

В статье рассматриваются функциональные особенности аффиксов *-gy*, *-gi* в формировании слов.

Ключевые слова: аффиксы, языкознание, окончания, падежи.

### Affixes -ғы, -гі

The functional features are examined in the article affixes of *-gy*, *-gi* in forming of words.

Key words: affixes, linguistics, completions, cases.



## Авторлық бағдарлама

Ж.КЕГЕНБЕКОВА,

Д.Қонаев атындағы орта мектеп.

Алматы облысы,

Кербұлақ ауданы

## 11-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМА

Мен бұл бағдарламаны даярлауда оқушылардың қазақ тілі саласынан алған білімдерінің деңгейін ескере отырып, олардың ұмытып қалды деген тақырыптары мен қиындық туғызатын жағын алға қойдым. Фонетика бөлімінен үндестік заңы, лексикадан мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, синтаксис саласы бойынша құрмалас сөйлемдер, тыныс белгілердің дұрыс қойылуы, стиль түрлері, шешендік сөздер және тестпен жұмыс жасаудың тиімді жолдарын қарастырдым.

Мақсаты: оқушылардың қазақ тілі саласынан алған білімдерін жинақтай отырып, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық, ойлау қабілетін дамыта отырып, алған білімдерін тиімді пайдалана білуге баулу.

Күтілетін нәтиже: орта мектеп бағдарламасын толық меңгерген, мемлекеттік тілде сауатты жазып, мәдениетті сөйлейтін, ұлттық салт-санасы толық жетілген жеке тұлға.

Апталық – 1 сағат.  
Жылдық сағаты – 34 сағат.

Г.АЙТҚАЛИЕВА,  
Г.Бегалиев атындағы жалпы  
орта білім беретін мектебі,  
Батыс Қазақстан облысы,  
Казталов ауданы

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1	Тіл-жалпы адамзаттық құндылық	1
2	Фонетика	2
3	Лексика	3
4	Сөзжасам	1
5	Морфология	5
6	Синтаксис	5
7	Пунктуация	1
8	Стиль	2
9	Сатылай комплексті талдау	4
10	Төл сөз бен төлеу сөз	2
11	Тіл мәдениеті	1
12	Шешендік сөздер	2
13	Тест жұмыстары	4
14	Өткенді қайталау	1

Пайдаланған әдебиеттер:

1 5-11-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулықтары.  
-А.«Атамұра» 2006. «Мектеп», 2007.

Ескерту: ҰБТ-ға дайындықты тек оқулық бойынша жүргіздім. Апелляция кезінде оқулықпен ғана дәлелдей аламыз.



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚИТУ – БІЛІМ ЖОЛЫНДАҒЫ ІЗДЕНІС ҚАДАМДАРЫ

*(авторлық бағдарлама)*

Авторлық бағдарламада қазақ тілі пәнін тереңдетіп оқитын 6- сынып оқушыларына арналған бағдарлама мен күнтізбелік-тақырыптық жоспары, сабақ жоспарлары, сынақ, талдау жұмысының түрлері берілген. Осы жинақ қазақ тілі пәні мұғалімдеріне әдістемелік тұрғыдан көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Қазақ тілін тереңдетіп оқытудың жолға қойылуы - бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талабынан туындап отырған мәселе. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қолданыс өрісінің кеңеюі, біршама жылдар бойы өзге тілдің өктемдігінен табиғи арналарынан ажырап қалған ана тілімізді өрістетуге деген талаптың күшеюі, «Мәңгілік Ел» идеясын қалыптастыру жолында республикамыздағы білім беру жүйесінің негізгі буыны болып саналатын жалпы білім беретін мектептерде бұл пәннің ролінің, маңызының артылуына қажетті алғышарттарды қалыптастыруды керек етеді. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың басты мақсаттарының бірі – оқыту методологиясы мен мазмұнын жаңарту болса, бұл орайдағы негізгі шарттар - қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын жаңарта отырып, оқушыларға терең білім беру, олардың коммуникативтік біліктілігін арттыру, ана тілін сөз мәдениеті талаптарына сай деңгейде дұрыс қолдана білу іскерліктерін жетілдіру.

Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттің құралы, ойлаудың

формасы және оны дамытудың негізі болып саналса, қазақ тілі пәнінің алдына қоятын мақсаты - тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тіл қызметтерін жүйелі меңгерген, сөз мәдениеті талаптарына сай білік-дағдылары жетілген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу.

Бағдарлама оқушылардың қабілет-ікемін ұштап, шығармашылық ізденістерге кең өріс береді. Тіл білімі саласының терминдерімен таныса отырып, оқушылар теориялық білім қажеттігін сезіне алады және ғылым баспалдағына жол ашады. Оқушылардың ынта-ықыласы мен талабын, білім деңгейлерін ескере отырып, сөзжасамның ғылыми-теориялық негіздері туралы толық мағлұмат беріледі және сөз таптары туралы білім ұсынылады. Сөз таптары жүйелі түрде бір-бірімен сабақтастырыла, жай белгісінен күрделі белгілеріне қарай дамыта оқытылады. Оқушылардың білімін тереңдету мақсатына құрылған бағдарлама осы тақырыптар бойынша алынған білімдерін кеңейтеді. Тіл білімін зерттеуші К.Ахановтың «Грамматика теориясының негіздерін» басшылыққа ала отырып, 6-сынып материалын тереңдете оқыту басты назарға ұсталады. Сөздердің морфологиялық құрылымын тереңірек зерделеп, әр тақырыптың шығу тегі мен дамуын білуге жағдай жасайды.

Оқулықта қосымша түрлерінің атаулары ғана айтылса, тереңдеп оқу арқылы оның түрлеріне, мағыналарына терең зерттеу жүргізіледі.

Сөз таптары тақырыбына қосымша ретінде 7-сыныптағы оқылатын материалға бағдар ретінде грамматикалық категориялар туралы түсінік беріледі. Себебі, сөз табының жасалуы грамматикалық категориямен тығыз байланысты.

Бағдарлама оқушының таным деңгейіне сүйеніп, теориялық білім негізін қалау мақсатына негізделді.

#### **Пәнді оқытудың мақсаттары:**

Оқушыға сапалы білім беру;

1. Оқушының теориялық білім негізін қалыптастыру;
2. Қазақ тілін оқытуда білім сапасын арттыратын жан-жақты ізденіс қадамдарын жасау;
3. Жаңа технологиялар арқылы оқыта отырып, грамматика теориясының мазмұнын игерту, сөздік қорын молайту,

сабақта оқылған тақырыппен үндестіре отырып, кез-келген жерде қолдана білуге үйрету.

#### **Пәнді оқытудың міндеттері:**

Танымдық бағыт бойынша

- Сапалы білім негіздерін тәжірибемен ұштастырылған теориялық білім арқылы нығайту;
- Мемлекеттік нормалар мен стандарттар аясында жүйелі білім беру сапасын арттыру;
- Әр нәрсенің шығу тегіне, түбін зерттеуге, дамуына назар аудару білуге үйрету;

Оқушының тілін дамыту, тілдік, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;

- Оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- Қазақ тілі сабағындағы пәнаралық байланыс арқылы қоғам, табиғат туралы адамзат жинап қорытқан білім негіздерімен қаруландыру.

Практикалық бағыт бойынша

- Қажетті білімді ұлттық құндылық түсініктері негізінде беру және ұлттық тағылым, халық даналығы, тарихи-әдеби мұралары, қазақ далаларының ұлылары мен ақын-жазушыларының шығармаларына негізделген тапсырмаларды пайдалану арқылы шығармашылық ізденістерін дамыту;

- Берілген тапсырмалардағы негізгі мәселені танып, талдап, қажеттісін ала білуге, өз бетімен білім алуға үйрету;

- Тығырықтан шыға білуге, икемділікке, тапқырлыққа жетелеу;

- Ис-әрекетті ғылыми тұрғыдан бағалау, болжам жасау, нәтижеге жеткізер жұмыс бағдарын таңдай білуге баулу.

- оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру;

- оқушылардың тілдік-эстетикалық талғамдарын қалыптастыру

- жалаң сөздер мен күрделі сөздерге, сөз таптарына қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту.

Бұл міндеттердің жүзеге асуы тілдік білімнің әр оқушының лингвистикалық дүниетанымының қалыптасуына, әрі олардың практикалық іскерлік дағдылардың базасы ретінде қызмет етуіне негіз қалайды.

Міндетті деңгейге қойылатын талаптар:

- талдау, пікір айта білу;
- тарихи – мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгерту.

Мүмкіндік деңгейге қойылатын талаптар:

- қазақ тілінің (танымдық) халықтық сипатын танытатын тілдегі сөздердің мағынасын, жұмсалуды, шығу тегі мен морфологиялық құрылымын, сөз таптары мен грамматикалық категориялардың ара қатысын терең меңгере отырып, қазақ тілінің сөз байлығын, әр сөздің мағыналық ерекшелігін жете танып, өмірде таңдап, талғап қолдана білу.

- Ауызекі сөйлеу барысында, түрлі жазба жұмыстарын орындау барысында сауатты сөйлеп, сауатты жазу машығын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- \* Сөздің морфологиялық құрылымы туралы терең білім алады;

- \* Теминдердің ғылыми түрде аталуын меңгеріп, практикада қолдана алады;

- \* Күрделі сөздер мен сөз тіркестерін айыра білуге дағдыланады;

- \* Қосымша түрлерін еркін айыруға үйренеді;

- \* Жаңа сөздердің жасалу тәсілдерін біледі және сөздерді мақсатқа, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап қолдана алады,

- тұлғасына қарай айыра біледі;

- \* Сөз таптарын бір-бірінен ажырата біледі, қолданылу орындарын анықтай алады;

- \* Қазақ тіліне қатысты терминдермен танысу арқылы ғылымға жол салынады;

- \* Морфологиялық, фонетикалық, лексикалық талдауды толық меңгереді;

- \* Өздігінен шешім қабылдап, өз шешімінің нәтижесін бағалай алады;

### **Бағдарлама мазмұны**

Кіріспе. 1 сағат

Сөздің морфологиялық құрылымы.

Теориялық бөлім.

Сөздердің морфологиялық құрылымы туралы жалпы

түсінік.

Жалаң сөз және оның морфологиялық құрылымы. 21 сағат

Теориялық бөлім. 10 сағат

Сөздің мағыналық бөлшектері туралы мағлұматтар. Морфеманың мағынасы мен қызметі. Түбір морфема мен негіз. Аффикстік морфемалар және олардың түрлері. Деривациялық мағынадағы аффикстер. Инфикс және жалғау. Септік жалғау. Жіктік жалғау. Тәуелдік жалғау. Аффикстік морфемалардың түрлері.

Практикалық бөлім. 11 сағат

Сөз тудырушы жұрнақтар. Форма тудырушы жұрнақтар. Туынды сөздер. Омонимдес аффикстер. Синонимдес аффикстер. Антонимдік аффикстер.

Жалаң сөздердің морфологиялық құрылымынан өткенді қайталау.

Күрделі сөз және оның морфологиялық құрылымы. 18 сағат

Теориялық бөлім. 5 сағат

Күрделі сөз және оның морфологиялық құрылымы. Күрделі сөз туралы түсінік. Күрделі сөз бен сөз тіркесінің шегін айқындау. Күрделі сөзге тән басты белгілер. Күрделі сөздердің жасалуы және оның түрлері. Күрделі сөз және оның морфологиялық құрылымы.

Күрделі сөз туралы түсінік. Күрделі сөз бен сөз тіркесінің шегін айқындау. Күрделі сөзге тән басты белгілер. Күрделі сөздердің жасалуы және оның түрлері.

Практикалық бөлім. 13 сағат

Күрделі - біріккен сөздер. Күрделі – құрама сөздер. Күрделі – қос сөздер. Күрделі – қысқарған сөздер. Күрделі сөздердің морфологиялық құрылымынан өткенді қайталау.

Грамматикалық категориялар және олардың сөз таптарымен ара қатысы. 8 сағат

Теориялық бөлім. 6 сағат

Грамматикалық категориялар мен сөз таптары. Грамматикалық сан-мөлшер категориясы. Септік категориясы. Жақ категориясы. Шақ категориясы. Рай категориясы. Етіс категориясы.

Практикалық бөлім. 2 сағат

Грамматикалық категориялардан өткенді қайталау.  
 Сөз таптары. 17 сағат  
 Теориялық бөлім. 1 сағат  
 Сөз таптары және олардың классификациясы туралы түсінік. Атауыш сөздер  
 Практикалық бөлім. 16 сағат  
 Зат есімді сөйлемнен табу жолдары.  
 Сын есімнің түрленуі.  
 Сан есім түрлері туралы жалпы түсінік.  
 Есімдіктің сөйлемдегі қызметі.  
 Етістіктің категориялары.  
 Үстеу түрлері.  
 Еліктеу сөздер.  
 Көмекші сөздер.  
 Көмекші есімдер.  
 Көмекші етістіктер.  
 Шылаудың қызметі.  
 Одағай.  
 Жыл соңындағы қайталау. 3 сағат.  
 Теориялық бөлім. 3 сағат.  
 Жыл соңындағы қайталау.  
 Сөздердің морфологиялық құрылымы және сөз таптары.

**Тақырыптық жоспар**

*(Аптасына 2 сағат, барлығы – 68 сағат)*

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	
		Теориялық	Практикалық
1	Кіріспе Сөздің морфологиялық құрылымы	1	
2	Жалаң сөз және оның морфологиялық құрылымы	10	11
3	Күрделі сөз және оның морфологиялық құрылымы	5	13

4	Грамматикалық категориялар және олардың сөз таптарымен ара қатысы	6	2
5	Сөз таптары	1	16
6	Жыл соңындағы қайталау	3	
	Барлығы	26 сағат	42 сағат
		68 сағат	

**Сөздердің морфологиялық құрылымы және сөз таптары**

Күнтізбелік - тақырыптық жоспар  
*(Аптасына 2 сағат, барлығы – 68 сағат)*

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны және өтетін мерзімі		
		Теориялық	Практикалық	Күні
1	Кіріспе Сөздердің морфологиялық құрылымы	1		
2	Жалаң сөз және оның морфологиялық құрылымы Сөздің мағыналық бөлшектері туралы мағлұматтар	1		
3	Морфеманың мағынасы мен қызметі	1		
4	Түбір морфема мен негіз	1		
5	Аффикстік морфемалар және олардың түрлері	1		
6	Деривациялық мағынадағы аффикстер	1		
7	Инфикс және жалғау	1		
8	Септік жалғау	1		
9	Жіктік жалғау	1		

10	Тәуелдік жалғау	1		
11	Аффикстік морфемалардың түрлері	1		
12-13	Сөз тудырушы жұрнақтар		2	
14-15	Форма тудырушы жұрнақтар		2	
16-17	Туынды сөздер		2	
18	Омонимдес аффикстер		1	
19	Синонимдес аффикстер		1	
20	Антонимдік аффикстер		1	
21-22	Жалаң сөздердің морфологиялық құрылымынан өткенді қайталау		2	
23	Күрделі сөз және оның морфологиялық құрылымы Күрделі сөз туралы түсінік			
24	Күрделі сөз бен сөз тіркесінің шегін айқындау			
25	Күрделі сөзге тән басты белгілер			
26-27	Күрделі сөздердің жасалуы және оның түрлері	2		
28-31	Күрделі - біріккен сөздер		4	
32-33	Күрделі – құрама сөздер		2	
34-37	Күрделі – қос сөздер		4	
38-39	Күрделі – қысқарған сөздер		2	
40	Күрделі сөздердің морфологиялық құрылымынан өткенді қайталау.		1	
41	Грамматикалық категориялар мен сөз таптары. Грамматикалық сан-мөлшер категориясы	1		

42	Септік категориясы	1		
43	Жақ категориясы	1		
44	Шақ категориясы	1		
45	Рай категориясы	1		
46	Етіс категориясы	1		
47-48	Грамматикалық категориялардан өткенді қайталау		2	
49	Сөз таптары және олардың классификациясы. Атауыш сөздер	1		
50-51	Зат есім		2	
52	Сын есім		1	
53	Сан есім		1	
54-55	Есімдік		2	
56-57	Етістік		2	
58	Үстеу		1	
59	Еліктеу		1	
60	Көмекші сөздер		1	
61	Көмекші есімдер		1	
62	Көмекші етістіктер		1	
63-64	Шылау		2	
65	Одағай		1	
66-68	Жыл соңындағы қайталау	3		
Барлығы: 68 сағат		26	42	

Әдебиеттер тізімі:

Мұғалім үшін:

- 1 Аханов К. «Грамматика теориясының негіздері».
- 2 Түймебаев Ж. «Грамматикалық анықтағыш».
- 3 Сабыр М. «Қазақ тілі»,
- 4 «Қазақ тілі». «Шың» баспасы.
- 5 6-7-сынып оқулығы.



**Б.ШАЙХСТАМОВА,**  
**С.Бақберген** атындағы  
**жалпы орта мектебі**  
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Созақ ауданы

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУ КҮНТІЗБЕЛІК- ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

*Елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында. Н.Ә. Назарбаев.*

Елімізде білім берудің сапасын арттыру мен сапалы білім беру жүйесін құру мақсатында республикамызда ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілгеніне де бірнеше жыл болды. Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жаңа технологияға негізделген мектеп бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестациялау және жоғарғы оқу орнына түсу емтихандарын қоса атқаратын білім сапасын бағалаудың ерекше жүйесі екені баршамызға белгілі.

ҰБТ-ға оқушыларды даярлауда мұғалімнің көп ізденуі қажет. Оқушылармен әрдайым бірлікте отырып, жаңа тақырыпты меңгеру, әрбір өтілген тақырыпты тест сұрақтарымен байланыстыру, негізгі қажетті деген сөздерді түрлендіре отырып, сұрақтар қойдырта білу, әрбір сұраққа дұрыс жауап бере білуге, дұрыс жауапты есте сақтап қалуға үйрету негізгі міндетім.

Негізгі міндеттер:

1. Қазақ тілінің салалары бойынша жоспар құру.

I бөлім: фонетика.

II бөлім: лексика.

III бөлім: морфология.

IV бөлім: синтаксис.

V бөлім: пунктуация.

2. Әр салаға байланысты тақырып бойынша түсіндіру жұмыстары.

3. Оқулық бойынша тапсырманың нақты орындалуы.

4. Әрбір сала бойынша тест сұрақтарын ұйымдастыру.

5. Тест сұрақтары арқылы оқушының қай тақырыпты дұрыс меңгере алмағандығын анықтау.

6. Мониторинг бойынша қорытынды шығарып отыру.

Әр тақырыпқа арналған «Шың» баспасынан жарық көрген кітаптағы тесттер мен жаттығулар орындалады. Соңында қателермен жұмыс өткізіледі, ережелер қайталанатын. Оқушының әрбір жазған тест жұмыстарынан кейін, анализ жасалып, білім сапасы, үлгерім сапасы, орта ұпайы есепке алынып отырады. Бұл жұмыстарға арналған әр оқушының арнайы дәптерлері болуы керек.

**Оқушылардың тест орындау жолдары:**

1. Тақырыпты оқып, қорытындылау.

2. Тақырып бойынша тест жаттығу жұмыстарын орындау.

3. Грамматиканы басқа тілдермен салыстыра білу.

4. Әр қатеге анализ жасай білу.

**Пайдалануға тиіс оқулықтар, қосымша тапсырмалар.**

1. Жаңа оқулықтағы жаналық, өзгеріс, оны бұрынғымен салыстыра оқыту.

2. I-сыныптан қалыптасып қалған дағдылы ережені еске түсіріп, оның жаңа заңдылықтарын түсіндіру).

3. Фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік, пунктуациялық талдаулар жасау.

4. Өз ойын поэзия, проза, тіпті сахна тілінде жетік білуге ұштау, дайындау.

**ҰБТ-ға дайындалу барысында:**

- Оқушылардың білімдерін тереңдету, қайталау, пысықтау.

- Өз жетістіктерін өздеріне талдатып, өзіндік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру.

- Сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамыту.

- Шығармашылығын, ізденісін арттыру.

- Тақырып бойынша тестпен жұмыс жүргізу әрекетін жетілдіру.

- Психологиялық дайындық.

**Қазақ тілі пәнінен 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға  
 дайындау күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

2015-2016 оқу жылы

11-сынып. Қазақ тілі. Апталық сағат - 2. Жылдық сағат - 68.

**1. Фонетика.**

К/с	Өтілетін тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі	Сабақтың түрі	Берілетін қосымша тапсырмалар
1	Тіл дыбыстары. Қазақ әліпбиі.	1	3.09	Лекция	Тіл біл.салаларын оқу



2	Дауысты дыбыстардың түрлері	1	7.09	Ойын	Дыбыс және әріп
3	Дауыссыз дыбыстардың түрлері.	1	10.09	Талдау	Фонетикалық талдау
4	Буын оның түрлері. Тасымал.Екпін	1	14.09	Дәріс	Қайталау
5	Үндестік заңы.Буын және дыбыс үндестігі	1	17.09	Ізденіс	Буын үндестігі
6	Үндестік заңына бағынбайтын қос.	1	21.09		Фонетикалық талдау
7	Орфография мен орфоэпия	1	24.09/28.09	Талдау	Шығар.жұмыс
8	Тест жұмысы №1	1	28.09/1.10	Талдау	Қайталау

## 2. Лексика.

9	Лексика.Сөз бен мағына.	1	1.10	Дәріс	Өзіндік жұмыс
10	Сөздің тура және ауыспалы мағ.	1	5.10	Талдау	Шығармашылық жұмыс
11	Көп мағыналы сөздер. (полисемия)	1	8.10	Қайталау	Сөздік жұмысы
12	Мақал-мәтелдер, нақыл сөз (афоризм) Тұрақты тіркестер.Идиома	1	12.10	Талдау	Өзіндік жұмыс
13	Омонимдер. Синонимдер Антонимдер	1	15.10	Талдау	Өткенді қайталау
14	Эвфемизм,дисфемизм,табу	1	19.10	Ізденіс	Шығарма жұмыс
15	Көнерген сөздер. Жаңа сөздер. Кірме сөздер. Кәсіби сөздер	1	22.10	Талдау	Өзіндік жұмыс
16	Диалект сөздер. Кәсіби сөздер мен терминдер	1	26.10	Талдау	Өзіндік жұмыс

17	Тест жұмысы №2	1	29.10	Талдау	Қайталау
----	----------------	---	-------	--------	----------

## 3. Сөзжасам.

18	Түбір қосымша мен	1	2.11	Дәріс	Өзіндік жұмыс
19	Сөз құрамы. Дара сөздер мен күрделі сөздер	1	12.11	Талдау	Түбір сөздер туралы
20	Біріккен сөздер	1	16.11	Ізденіс	Күрделі сөздер тур.
21	Қос сөз. Қысқарған сөз.	1	19.11	Дәріс	Шығармашылық жұмыс
22	Тіркесті сөздер	1	23.11	Талдау	
23	Тест жұмысы №3	1	26.11	Ізденіс	Қайталау

## 4. Морфология.

24	Морфология. Сөз түрлері	1	3.12	Дәріс	Өзіндік жұмыс
25	Сөз таптары. Зат есім	1	7.12	Дәріс	Өзіндік жұмыс
26	Сын есім	1	10.12	Талдау	Ш ы ғ а р м а ш ы л ы қ жұмыс
27	Сын есімнің шырайлары	1	14.12	Ізденіс	
28	Сан есім	1	17.12	Дәріс	Өзіндік жұмыс
29	Есімдік. Мағыналық түрлері.	1	21.12	Дәріс	Шығарм. жұмыс
30	Етістік туралы түсінік	1	24.12	Талдау	Өзіндік жұмыс
31	Есімше, көсемше	1	28.12	Ізденіс	Морф. талдау
32	Етістіктің шақтары	1	11.01		Морф. талдау
33	Етістіктің райлары	1	14.01	Талдау	Рай, олардың ерекш
34	Етіс. Тұйық етістік	1	18.01	Ізденіс	Етіс туралы қайталау
35	Үстеу туралы түсінік	1	21.01	Талдау	Үстеудің сөйл.қызметі
36	Еліктеу сөз. Одағай	1	25.01	Дәріс	Шығ.жұмыс
37	Шылау	1	28.01	Ізденіс	
38	Көмекші есім	1	1.02	Дәріс	Шығ. жұмыс
39	Көмекші етістік	1	4.02	Талдау	
40	Тест жұмысы № 4	1	8.02	Бақылау	Қайталау

### 5. Синтаксис.

41	Сөз тіркесі. Сөздердің байланысу тәсілдері	1	11.02	Талдау	Күрделі сөздер
42	Сөздердің байланысу түрлері	1	15.02	Ізденіс	Тұрақты тіркестер
43	Сөз тіркесінің білдіретін синтаксистік қатынастар	1	18.02	Талдау	Шығ. жұмыс
44	Сөйлемнің түрлері мен жас.	1	22.02	Дәріс	Сұраулы сөйлем, сұрақтары туралы
45	Сөйлем мүшелері. Бастауыш	1	25.02	Ізденіс	Сөйлемнің түрлері
46	Баяндауыш	1	29.02	Талдау	Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау
47	Анықтауыш	1	3.03	Ізденіс	
48	Толықтауыш	1	7.03	Талдау	
49	Пысықтауыш	1	10.03	Дәріс	
50	Сөйлем мүшелерін қайталау	1	14.03	Ізденіс	Қайталау
51	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	1	17.03	Талдау	Синтаксистік талдау
52	Оқшау сөз. Қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз.	1	4.04	Ізденіс	Қыстырма сөз. мағыналық түрлері
53	Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем, оның түрлері	1	7.04	Талдау	Құрмалас сөйлемнің көп құрамды түрлері
54	Сабактас құрмалас сөйлем, оның түрлері	1	11.04	Дәріс	Шығ. жұмыс
55	Тест жұмысы № 5	1	14.04		
56,57	Аралас құрмалас сөйлем	2	18.04	Ізденіс	Ережелерді қайталау
58,59	Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері	2	21.04	Талдау	Өзіндік жұмыс
60	Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз	1	25.04	Дәріс	Төл сөзді төлеу сөзге айнал.

61	Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі және тыныс белгілері	1	28.04	Ізденіс	Өткен сабақтарды қайталау
62	Тест жұмысы № 6	1	2.05	Бақылау	Қайталау

### 6. Пунктуация.

63,64	Тыныс белгілерінің орны және қызметі. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері.	2	5.05 9.05	Дәріс	Тыныс белгілер, қойылатын орны, қызметі.
65	Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілері және қабаттаса қолданылуы	1	12.05	Бақылау	Қайталау
66	Тест жұмысы № 7	1	16.05	Бақылау	Қайталау

### 7. Стилистика.

67	Стильдердің қолданылу аясы, ерекшелігі, тілдік құралдары.	1	19.05	Дәріс	Салыстыру
68	Тест жұмысы № 8	1	23.05	Талдау	Қайталау

### ҰБТ-ға дайындалар кезінде оқушыға берілетін кеңестер.

Тест жұмыстарын қалай шешу керек?

**Жаттығындар!** Негұрлым типтік тестілер шешсеңдер, солғұрлым көбірек тәжірибе аласыңдар. ҰБТ-ы барысында сол тестілерден көп сұрақтар кездеседі. Тапсырмалардың көбі бір-біріне ұқсас.

**Асығындар!** Баяу шешіп үйренгеннен кейін, жылдамдықтарыңды арттырыңдар.

**Қалдырыңдар!** Егер тестті оқып шыққаннан кейін ештеңе түсінбесеңдер, оны қалдырыңдар, жеңіл болса да. Басында оған көп уақыт бөлмендер.

**Шешіңдер!** Егер сіздерде дұрыс жауаптың ешқандай нұсқасы болмаса, бірнеше секундқа көздеріңді жұмындар, ештеңе ойламаңдар, содан кейін ойларыңа бірінші не келді, соны жазыңдар. Интуиция – үлкен күш.

**Шығарыңдар!** Тестті шешу барысында кейбір жауаптар берілген нұсқаларға сәйкес келмейтінін байқайсыңдар. Бір тапсырма туралы ғана ойлаңдар. Алдындағы тапсырмаларды дұрыс орындалмағаны туралы уайымдамаңдар. Уақыт әлі бар. Тапсырманы соңына дейін оқыңдар! Көбінесе бір-екі сөйлемді оқып, абитуриент таныс сұрақты есіне түсіріп, жауабын қояды. Ол категе әкеледі.

**Уайымдамаңдар!** Егер барлық тестті шешсеңдер, алдыңғы сұрақтарда 1-2 қиын тапсырмалар бар, сендердің уақыттарың жетпейді. Бірақ уайымдамаңдар, сенің ұпайың басқалардан да жоғары болуы мүмкін.

**Екі кезең.** Тестілердің шешуі екі кезеңнен тұрады. Бірінші айналым бойынша білетін сұрақтарға жауап беру, сонан кейін қалған сұрақтарды орындау.

**А.ШАКИНА,**  
**«С.Сейфуллин атындағы**  
**гимназия» КММ.**  
Қарағанды облысы,  
Сәтбаев қаласы

## **ШАРШЫ ТОП АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ**

Мақсаты: білімділік-шешендік өнердің алуан сипаттарын, шешендік сөздің түрлері, ерекшеліктері туралы мағлұматты тереңдете түсу; халқымыздың даналығының-шешендік асыл қазынасының тәлім-тәрбиелік сипаттарын, ғасырлар бойы халық сынынан екшеліп өткен құнды мұра екендігін таныту; шешендік сөз өнерінің «өнер падишасы» саналатындығын, шешендіктің шалқар шабыт, шалқыған сыр мен сезімнен туатынын, даналық ой, көркем сөз өрілімін талдай оқу. шаршы топтың, көпшілік алдында сөйлетуге баулу; дамытушылық-оқушылардың шешендер сөздеріндегі оралымды өткір ойды анық танып, талдай білулерін жетілдіре отырып, ой белсенділігін дамыту; шығармашылық ізденіске бағыттау; оқылған жайға көзқарасын анық жеткізу дағдыларын, мәнерлеп оқу шеберлігін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; тәрбиелік-кемеңгер шешендердің-үлгі-насихатқа толы ғұмыр иелерінің даналық ой маржандарын, сырлы сөздерін бойға сіңіру, адамдық қасиеттерін үйрену, әділдікті ту етіп жоғары көтерген, ел тұтастығын сақтауға зор мағына берген билер келбетін үлгі тұту, істерін өнеге ету; халықтық мұра — шешендік сөздерді және халықтық салт-дәстүрімізді сақтап, шешендік өнерді қадірлеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, қазақ хандығының ерекшелігін таныту, елге, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне деген құрметтерін қалыптастыру.

Түрі: топтық оқыту.

Әдісі: сұрақ-жауап, ой қозғау, жарыссөз, топпен жұмыс

Көрнекілігі: тірек сызбалар, қанатты сөздер, әлем ойшылдарының шешендік өнер туралы пікірлері, билер суреттері,

би-шешендер кітаптары, слайд.

Техникалық құралдар: интерактивті тақта, дербес компьютер.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Кіріспе кезең. Оқушылар назарын аудару (тақтада): слайдпен топ алдында сөйлеп жатқан адамдар көрсетіледі.

- Ал, енді, оқушылар, осы суреттерден нені және кімді байқадық? Олардың іс-әрекеттері қандай?

- (3-4 оқушыдан сұраған соң) Иә, дұрыс айтасыздар, олай болса біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: шаршы топ алдында сөйлеу мәдениеті.

- Сөз құдіреті шексіз. Сөздің киесін ұққан өнер иелері болған. Соның бірі-Демосфен.

Ел аузында «Цицерон сөйлегенде халық көзіне жас алған, ал Демосфен сөйлегенде олар үйіне жетіп, шешеннің айтқанын істегенше асыққан» деп бекер айтылмаған. Бірақ Демосфен өмірі қызыққа толы, яғни, ол бірден шешен бола қойған жоқ. Тілінің мүкісі бар, р-ға тілі келмейтін, сақау Демосфен алғаш шаршы топқа шыққанда, күлкіге қалып, жұрт оны ортадан қуып шыққан. Бірақ ішкі рухы мықты жан морт сынбай, керісінше, «мен қалай да шешен болам, жұртқа сөзімді тыңдатам» деп алдына мақсат қойып, жігерін қамшылаған. Р әрпін ол қарсы алдына күшікті қойып, соның ызасын келтіріп, ырылдағанына қарап үйренген. Ал дауысын шығару үшін теңіз жағасына барып, тілінің астына малта тастарды толтырып, толқыған теңіз шуылымен жарыса сөйлеген. Ал осының бәрінен оны ешкім алаңдатпас үшін ол не істегенін білесіңдер ме? Жұрт көзінен біршама уақытқа тасалану үшін Демосфен тіпті басындағы шашының жартысын алып тастаған. Солайша сыртқа шығудан өзін шектеген. Осындай жанкешті әрекетінің арқасында ол Демосфен шешен атанған.

- Алдымен, балалар, біз бөлініп алсақ? Себебі біз бүгін топ болып жұмыс жасаймыз.

5-сынып (сары түс)

Үлкен алдында иіліп сөйле,

Кіші алдында сызылып сөйле,

Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,

Сызылып сөйлегеннен сөзің үгілмейді.

6-сынып (қызыл түс)

Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс,  
Жаманға айтқан сөзден жақсыға айтқан сөз дұрыс,  
Айтылмай қалған сөзден,  
Айтылып қалған сөз дұрыс.  
Сөйлемес жерді білсең,  
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең,  
Сол дұрыс.

6-сынып (көк түс)

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт-берекең – атаң қымбат.  
Мейірімді апаң қымбат,  
Асқар тауың – әкең қымбат,  
Туып өскен елің қымбат,  
Кіндік кескен жерің қымбат.  
Ұят пенен ар қымбат!

Оқушыларды топқа бөліп отырғызу.

1-топ-Шешендер.

2-топ-Ділмарлар.

3-топ- Билер.

Ақыл ойлап білген сөз

Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар. (Абай)

А. Жаңа тақырыпқа шолу жасау; мағлұмат беру.

Тақтаға назар аударайық (саяхатшы, зерттеуші А.Янушкевичтің сөзін жатқа оқып беру)

Мен қазақ ақынының суырып салма өнерін, асқақтата салған әнін тыңдап, ерекше әсерге бөлендім, бұдан бірнеше күн бұрын екі ел егесінде шаршы топтың алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім, сонда мен тумысында Демосфен, Цицерондарды естіп, білмеген жандардың жезтаңдай ділмарлығына таң-тамаша болған едім. Ал бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін ақындар бұлбұлдай сайрап отыр. Жаратқан иесі мұндай өнер берген халық мәдениет әлеміне өгей болуға тиіс емес...

Кез келген адамның көпшілік алдына шығып сөйлеуге батылы жете бермейді.

**Жұрт алдына шығып сөйлеудегі қиындықтар:**

1. Сөйлеуші мен тыңдаушының байланысы бетпе-бет болғандықтан, елді ұйыта білуі қажет.

2. Ауызша сөйлейтіндіктен, көп ізденіп, жаттығу керек.

3. Тыңдаушыны жалықтырып алмау үшін дауысты құбылту керек.

Жұрт алдында сөйлеуге әзірленгенде, топ ерекшелігі ескерілуі тиіс. Сөзді тыңдату үшін мыналар қажет:

1. Қарым-қатынасқа түсе білу.

2. Тыңдаушының назарын аудару білу.

3. Сыпайылық таныту, мәдениеттілік.

4. Тыңдаушының көңілінен шыға білу.

**Жұрт алдында сөйлеуге машықтану жолдары.**

Жұрт алдында сөйлеуге дайындық бірнеше сағаттан тұрады:

- психологиялық дайындық;

- нақты сөзге дайындық;

- күнделікті дайындық.

Шешен өзіне сенетіндей жағдайға жетуі тиіс. Тапқырлық, сабырлылық, батылдық қажет.

Психологиялық дайындық тыңдарман жөніндегі мәліметтерге сай жүргізіледі, онда тыңдаушылардың жасы, ортасы, мамандықтары ескеріледі. Сөйлеуші минутына 100-200 сөз айтуға әзірленуі тиіс. Сөйлеу техникасын, дауыс мәнерін меңгеруі қажет. Бет-жүз құбылысын анықтау үшін айнаға қарап тұрып сөйлеу керек. Алға-артқа жүріп те жаттығу керек.

Жылы жүзбен, жұмсақ дауыспен сөйлеуге дайындалып, дағдылану қажет. Сұрақ-жауап ретінде қатынасты дамытуды үйренуі керек. Үйретуші ретінде баруға болмайды, тым білгіш болу да қауіпті, көптің көңілінен шықпай қалуы мүмкін.

Нақты сөзге дайындық:

1. Сөйленетін сөздің тақырыбын анықтау.

2. Мақсатты айқындау.

3. Материалды іріктеу.

4. Әдебиетпен жұмыс.

5. Өз ұстанымының болуы.

6. Жоспар арқылы сөйлеуге әзірлік.

7. Дауысты құбылта білу.

Кіріспе сөз.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады,

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ,- деген екен Бұқар жырау.

Сөз этикалық сөз орамдарынан басталады. «Құрметті әріптестер!», «Ханымдар мен мырзалар!», «Танысып қоялық..», «Сіздермен кездескеніме қуаныштымын», «Бүгін сәтті күн..», т.б.

Тыңдаушының назарын бірден аударуда мақал-мәтел, қызықты әңгіме, естімеген жаңалық, тосын сұрақ, т.б. сәтті қолданудың орны ерекше.

	топтар	«Шешендер» «Қоңтажыға айтқан Қазыбектің сөзі»	«Ділмарлар» «Абыз айтқан өсиет»	«Билер» «Сакқұлақтың шешен атануы»
1	Дауыс ырғағы			
2	Кідіріс			
3	Мақам			
4	Үн әуезділігі			
5	Тыныс алу			
6	Ой екпіні			
7	Орфоэпиялық норма			
8	Қол қимылдары			

Үй тапсырмасы ретінде берілген би-шешендер топ алдында не деген екен?

«Шешендер» тобы

Қоңтажыға жетіп келіп, қарысып тұрып:

- Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат! - дейді. Сонда хан:

- Өй өзің жөніңді айтшы, атың кім? - депті.

- Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым қазақ, руым Қаракесек, - депті.

- Дауысың қаз дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы! - депті хан. Сонда Қазыбек:

- Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды

сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, құң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Сен қалмақ та, біз қазақ,

Қарпысқалы келгенбіз,

Сен темір де, біз көмір,

Еріткелі келгенбіз,

Екі еліктің лағын

Теліткелі келгенбіз.

Танымайтын жат елге

Танысқалы келгенбіз,

Танысуға келмесен,

Шабысқалы келгенбіз,

Сен қабылан да, біз арыстан,

Алысқалы келгенбіз,

Жаңа үйреткен жас тұлпар,

Жарысқалы келгенбіз,

Тұтқыр сары желіміз

Жабысқалы келгенбіз,

Берсең жөндеп бітімді айт,

Бермесен дірілдемей жөніңді айт,

Не тұрысатын жеріңді айт! -

депті. Сонда Қоңтажы не дерін білмей сасып қалыпты.

- Өзің сөзге келетін бала болатын болсаң, отырған орның қандай төмен еді, былай жоғары шықшы, жоғары! - деп қолтығын аша беріпті. Сонда Қазыбек:

- Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлей береді, өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей, - деп жалт бұрылып орнына қайта барып отырады. Сонда Қазыбектің сөзі ханның басынан асып, хан не дерін білмей қалады.

*(Жалғасы бар.)*



## МАХАМБЕТ ОҚУЛАРЫ

Мәнерлеп оқу сайысының мақсаты: оқушылар арасында Махамбет шығармаларын насихаттау; оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамыту; оқушыларды Махамбет поэзиясына, рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке, батырлыққа, қайсарлыққа тәрбиелеу, еліне, жеріне деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

1-жүргізуші: -Қайырлы күн құрметті қонақтар мен оқушылар! Әр заманның өзіне лайық, өзгеден ойы озық, өресі биік дара тұлғаларының болатындығы бізге тарихтан белгілі. Сондай ұлы тұлғалардың бірі және бірегейі – Махамбет Өтемісұлы.

2-жүргізуші: -Махамбет жырлары халқымыздың рухани қазынасының баға жетпес байлығы болып саналады. Қаһарман ақынның қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, серпінді сөздері қалың қазақтың жүрегіне толқу салды, тілегіне қанат бітірді.

1-жүргізуші: -Махамбет Өтемісұлын қалай айтсақ та тау шыңындай, аспан кіндігіндей, жердің тұңғиық тереңіндей қол жеткізбес тұлға. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Абай әдебиетіміздің бас ақыны болса, Махамбет ұлттық тәуелсіздігіміздің бас ақыны».

2-жүргізуші: -Махамбет Өтемісұлы бұл атаққа лайық тұлға. Оның басты тұлға болуы бостандық үшін күрес, ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің басында тұрған семсер қылыштай, өткір алмастай батыр да, ақын да, азамат та

болған ұлттық ұлы тұлға екендігінде.

1-жүргізуші: -Осындай ұлы тұлғамызды мақтан ете отырып, бүгінгі Махамбет оқулары сайысына қош келдіңіздер демекпіз! Мектепшілік Махамбет оқулары үш бөлім бойынша өткізіледі:

- «Ел құтқарар ер едім...» - Махамбет шығармаларын жатқа оқу сайысы.

- «Ұлы арман» - Махамбет күйлерін орындау сайысы.

- «Тартынбай сөйлер асылмын» - оқушылар шығармашылығы сайысы.

2-жүргізуші: -Сайысымызға әділ баға беруші әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейін: (қазылар алқасы таныстырылады).

1-жүргізуші: -Беркініп садақ асынбай,

Біріндеп жауды қашырмай,

Білтеліге доп салмай,

Қорамсаға қол салмай,,

Қозы жауырын оқ алмай,

Атқан оғы жоғалмай,

Балдағы алтын құрыш болат,

Балдағынан қанға боялмай,

Қасарысқан жауына

Қанды көбік жұтқызбай,

Халыққа тентек атанбай,

Ерлердің ісі бітер ме? – деп ақын жырлағандай сайысымыздың бірінші бөлімі «Ел құтқарар ер едім...»

- Махамбет шығармаларын жатқа оқу сайысына қатысушыларымызды ортаға шақырайық. (Сайысқа қатысушы оқушылар кезекпен шығып өлеңдерін оқиды).

2-жүргізуші: -Азаттық үшін күресті өмірінің мәніне айналдырған Махамбет ақын, батыр ғана емес сонымен қатар, керемет жыршы әрі күйші де болған екен. Біздің мектеп оқушыларының арасында да Махамбет күйлерін

тебірене орындайтын оқушыларымыз баршылық. Ендеше сайысымыздың келесі бөлімі «Ұлы арман» - Махамбет күйлерін орындау сайысына қатысушыларымызды ортаға шақырайық. (Күйшілеріміз кезекпен шығып күйлерін орындайды.)

1-жүргізуші: -«Менің ұғымымда – оның семсер жырлы ақын екенін естіп, сырттай мақтан ету емес, Махамбет шығармаларындағы патриоттық асқақ рухты қанға сіңіру елі мен жерін ешқандай мансапқа, байлыққа сатылмайтын сезіммен Махамбетше сүюді үйрену» деген екен Фариза Оңғарсынова апамыз. Кезекті Махамбетті өзіне пір тұтып шығармашылықпен айналысып жүрген жас талапкер ақындар шығармашылығына берсек. Жас талапкерлеріміздің поэзия әлеміне деген құлшыныстарын байқау үшін «Тартынбай сөйлер асылмын» - оқушылар шығармашылығы сайысына қатысушыларымызды ортаға шақырайық. (жас ақындар өз шығармаларын оқиды).

2-жүргізуші: -Әділқазылар сайыс қорытындысын шығарғанша Махамбетке арналған видеоролигімізді тамашалаңыздар.

1-жүргізуші: -Бүгінгі сайысымызды қорытындылау үшін сөз әділқазылар алқасына беріледі.

2-жүргізуші: -Мектепішілік сайыс жеңімпазы, қалалық Махамбет оқуларына қатысуға жолдама алған оқушымызға сәттілік тілейміз.

1-жүргізуші: Қайтып орның толар ма  
Қаза тапқан ер кіндік?!

Мұндай қымбат болар ма

Тәуелсіздік! Еркіндік! – деп Қадыр Мырзалиев ағамыз айтқандай тәуелсіздік, еркіндік жолында өз өмірін құрбан еткен Махамбетке арналған мәнерлеп оқу сайысымызды аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!



**П.ӘЛІМБЕКОВА,**  
**Мұхтар Әуезов атындағы**  
**мектеп-гимназия.**  
Жамбыл облысы,  
Сарысу ауданы,  
Жаңатас қаласы

## МАЗМҮНДАМА

Менің ұсынып отырған жұмысым – мазмұндама жаздырудың жолдарын көрсетеді. Әдетте, мазмұндама мәтінін оқып беріп, бірден жаздыру қалыпты жұмысқа айналған. Алайда басқа да әдістері бар екендігін әріптестеріме айтқым келеді. 6-сыныпқа жаздырған жазба жұмыстың бір үлгісін ұсынып отырмын.

Сабақтың мақсаты: 1. Сауаттылықты қалыптастыру. Оқуда кездескен қиындықтарды жеңе білуге, әдеби тілдік нормаға сәйкес өз ойларын жеткізе білуге үйрету. 2. Сөздік қорын молайту. Өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру. Ой-өрісін кеңейтуге жәрдемдесу. 3. Мәтін мазмұны арқылы адамгершілік қасиеттерге, өнерді сүйе білуге баулу.

Нәтижесі: мазмұндама жұмыстары балалардың психикалық үдерістерін (түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял, сезім, ерік) күшейтеді, әсіресе ой қызметінің белсенділігін арттырып, мидың үлкен жарты шарлар қабығында өтіп жататын анализдеу, синтездеу әрекетін тудырады.

Типі: білім мен дағдыны есепке алу мен бағалау сабағы. Түрі: аралас сабақ. Әдістері: сұрақ-жауап, рөлдік ойын, топтық жұмыстар. Пәнаралық байланыс: тарих, музыка, қазақ тілі.

Көрнекілігі: түрлі слайдтар, суреттер, флипчарт,

маркерлер, бейнеролик.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Сыныпты сабаққа әзірлеу, 3 топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасы. Алдын-ала берілген тапсырма бойынша мазмұндамаға қажетті мәліметтерді сұрастыру.

III. Жаңа сабақ:

1. Мазмұндама жазудың ережесімен таныстыру.

2. Бейнефильм көрсету: «Ақсақ құлан»

3. Мәтін тақырыбын табу. (әуелі оқушылардан сұрау. Сосын дайын тақырыптың бірін таңдату)

A) Ақсақ құлан, Жошы хан.

Ә) Күй құдіреті.

Б) Күйшінің естіртуі.

4. Сурет. I топ: бейнеленген суретке байланысты тірек сөздерді айту. Мысалы: *Әке мен бала. Қайғы. Құлан*. II топ: әрбір тірек сөздерден сөз тіркесін құрау. Мысалы: *Әке мен бала бірге. Қайғыға бату. Құланның шабуылы*.

III топ: сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрау. Мысалы: *Әке мен бала бірге отыр. Баласы қайтыс болып, әкесі қайғыға батты. Құландар Жошының баласын шайнап өлтірді*. (Оқушылар өз ойларын ауызша айтады)

5. Мәтінмен таныстыру: «Ақсақ құлан, Жошы хан» мәтінін оқып беру.

6. Сөздік жұмысы. Кейбір сөздердің мағынасын ашу. (топтар берілген сөздің мағынасын бірлесіп тауып, суретін салып, постер қорғайды) I топ: Құлан. Құлан – жабайы жылқы. Сыртынан қарағанда құланның есекке де (басы үлкен, құлағы ұзын), жылқыға да (жүрісі ширақ) ұқсайтын

ерекшелігі бар. Құлан «Қызыл кітапқа» енгізілген.

II топ: Құланның әңгісі. Әңгі – құланның және есектің айғыры (еркегі)

III топ: Ашамай. Ашамай – баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің қарапайым түрі.

7. Сұрақ-жауап жұмыстары.

A) Жошы кім?

Ә) Ақсақ құланды қуған кім?

Б) Құланның әңгісі не істеді?

В) Жошы қандай жарлық берді?

Г) Қаралы хабарды кім жеткізді?

Ғ) Домбырадан қандай дыбыс шықты?

Д) Хан күй тілін ұқты ма?

Жауаптар:

1. Жошы хан – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, монғол қолбасшысы. Ол ересен күшті, ер жүрек болған. Өмір сүрген уақыты әр деректе әр түрлі. 1187 жылы туылып, 1227 (1243) жылдары қайтыс болған делінеді. Жошының мазары Жезқазған қаласынан 45 км жердегі Кеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан.

2. Ақсақ құланды Жошы ханның жас баласы қуып кетті.

3. Құланның әңгісі баланы шайнап өлтірді.

4. Жошы баласын өлді деп хабарлаған адамның құлағына қорғасын құямын деді.

5. Қаралы хабарды жеткізуді күйшіге жүктейді.

6. Домбырадан айғырдың үйірін іздеп кісінегені сияқты бір дыбыс естіледі. Қаралы сарын өксіген зарға ауысады. Сосын баланың өлгенін анық жеткізеді.

7. Хан күй тілін ұқты. Бетін ыстық жас жуып кетті.

8. «Дұрыс», «Бұрыс» тәсілі (тапсырма 3 топқа бөлініп беріледі, топ тез белгілейді).



Сөйлем	дұрыс	бұрыс
1. Біздің заманымызда ханның жас баласы ақсақ құланды қуып кетіпті.		+
2. Баланың астындағы тұлпар елігіп, құландарға қосылады.	+	
3. Құланның әңгісі баланы шайнап өлтіріп кетеді.	+	
4. Жошы баласын тапқан адамға сыйлық бермек болады.		+
5. «Баламды өлді деген адамның құлағына қорғасын құямын» дейді хан	+	
6. Аңшылар баланы аман-есен тауып алады.		+
7. Күйші қаралы хабарды ханға айтады.		+
8. Қаралы хабарды күйші күймен жеткізеді.	+	

9. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңдар. (оқушылар дұрыс ретін жазады)

Қате берілген мәтін мазмұнының реті	Дұрыс реті
1. Күйші күй тартты.	1. Жас бала ақсақ құланды қуып кетті.
2. Аңшылар баланың жұлмаланған қолын тапты.	2. Құландар баланы шайнап өлтірді.
3. Жошы жарлық берді.	3. Жошы жарлық берді.
4. Домбыра қаралы хабарды естіртті.	4. Аңшылар баланың жұлмаланған қолын тапты.
5. Жас бала ақсақ құланды қуып кетті.	5. Күйші күй тартты.
6. Құландар баланы шайнап өлтірді.	6. Домбыра қаралы хабарды естіртті.

10. Кестені толтыру.

Кейіпкер	Не істейді?
Бала Жошы хан Күйші Аңшылар	

11. Рөлдік ойын. I топ: Хан жарлығы. (оқушылар мұғалімнің бағыт беруімен өздері шығаруы тиіс)  
Мысалы:

Хан: -Менің балам қайда?

Нөкерлері: - Аңшылармен бірге жүріп, құландарды қуып кеткен. Содан таппай қалдық.

Хан: - Іздеп табыңдар. Егер өлді деген хабар

жеткізсеңдер, құлақтарыңа қорғасын құямын.

Нөкерлері: - Құп, хан ием.

II топ: Баланың денесін табу.

1-аңшы: - Ойбай, баланың жұлмаланған қолын таптық. Баланы құландар шайнап өлтіріпті. Енді не істейміз?

2-аңшы: - Оны ханға айтсақ бізді өлтіреді ғой.

3-аңшы: - Одан да оны күйшіге айтқызаық. Ханға сол айтсын. Басқа амалымыз жоқ.

Бәрі: - Жүріңдер.

III топ: Қаралы хабарды жеткізу. (күйші күй тартады)

Хан: – Токтат! Сен маған не деп тұрсың? Балаң өлді дедің бе? Онда сен де өлесің.

Күйші: – Хан ием, мен не дедім? Мен емес, домбыра ғой сөйлеген.

Хан: – Онда қорғасынды домбыраға құямын. Әй, нөкерлер, алып кетіңдер мына домбыраны!

12. Мазмұндама жоспарын құрастыру.

1. Аңшылармен бірге аңға шығу.

2. Ақсақ құланға кезігу.

3. Баланың өлімі.

4. Хан жарлығы.

5. Күйшінің естіртуі.

IV. Үйге тапсырма: Мазмұндама жұмысын жазып келу.



**Қ.НАРЫНБЕКОВА,**  
**Академик О.А.Жаутыков атындағы**  
**№1 қазақ орта мектебі.**  
Қарағанды облысы,  
Қарқаралы қаласы

## **НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ**

Мақсаты: Нысанбай жыраудың өмірбаяны, шығармашылығы туралы кеңінен мағлұмат беру. Жырды талдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, мәнерлеп айту қабілеттерін арттыру. Жырау жырының мазмұнға бай екенін түсіндіре отырып, елін, жерін сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Типі: топтық сабақ.

Әдісі: сын тұрғысынан ойлау. АКТ.

Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Көрнекілік: интербелсенді тақта.

Оқу нәтижесі: Нысанбай жырау туралы жан-жақты біледі. Жырын талдап, мазмұны мен тақырыптық аясын меңгереді. Өзін-өзі реттеуге дағдыланады. Нысанбай жыраудың жыраулық шеберлігін тани біледі.

Негізгі идеясы: алған білімдерін өмірде қолдана білетін, ата-баба ерлігін дәріптейтін жеке тұлға дайындау.

Мұғалім алғашқы 3-5 минутта: а) ұйымдастыру кезеңі. ә) үй тапсырмасын орындап келу дәрежесі тексеріледі. б) сабаққа қатысу мүмкіндігін, жауап беру деңгейін ұпаймен санау. Бағалау өлшемдері:  19-15 ұпай- «5»  14-10 ұпай – «4»  9-6 ұпай – «3»	Сынып оқушыларын топқа бөлу: Оқушылар өлең жолдарын алады, сол өлең жолдары арқылы топқа бөлінеді: 1)Туған жер, өзін дегенде, Жүремін әр кез елендеп. Бір сезім билеп алады-ау, Жүрегім дүрсіл қағады-ау. Бір сезім билеп алады-ау, Жүрегім дүрсіл қағады-ау. 2) Аспаны бір, күні бір. Жұлдызы бір, түні бір. Арманы бір, сыры бір. Даласы бір, гүлі бір. Сәлем саған, сәлем саған , туған жер. 3) Қазағым сенсің, қазақ бұл елі, Бір сен деп, сен деп соққан жүрегім. Мақтанам қазағым , мақтанышым. Тәуелсіздік таңы атқаны үшін, Қазағым сенсің, дала асқарым. Самғасам сенсің ұшар аспаным. 4) А-а-ай, туған жер, А-а-ай, туған жер, Еркінімді саған арнаймын. Келешегің жарқын болсын, Айналайын, туған жер. (Өр өлең жолдары әр түсті қағазға жазылады) Топ басшыларын тағайындау, бағалау үлгісін көрсету. Бағалауды әр топ мүшесі өзі жүргізеді. Ұпайларды тақтадағы оқушылардың есімінің жанына іліп отырады. Топтың атын қою. Топтың атын алдарындағы өлең жолдарынан алады.
Үй тапсырмасын сұрау. «Білу» Презентация.	Қызығушылықты ояту сатысы. «Зымыран сұрақтар» 1. Дарыны елге танылып, жас кезінен батыр, палуан, мерген, домбырашы, ақын атанған дарынды адамды кім деп ойлайсың? (Махамбет Өтемісұлы) 2. Исатай – Махамбет көтерілісі туралы тарихтан алған мәліметің бойынша талдап бер. (Махамбет хан-сұлтандардан қысым көріп, Жайықтың бергі бетіне қаша көшкен халық толқуларына қатысады, оны ұйымдастырушылардың бірі болады. 1829-1831 жылдары Орал шекарасынан жасырын өткендігі үшін Калмыков түрмесіне отырып, оба ауруы кезінде қашып шығады да, көтеріліс басшысы Исатайдың тобына қосылады.) 3. Махамбет қандай батыр жыраулардың мұрасын жақсы білген?

	(Шалкиіз, Асан, Доспамбет, Қазтуған, Қорқыт, Асан қайғыдан келе жатқан далалық сарынды жатқа білген. ) 4. Махамбет Өтемісұлының Хан емесің, қасқырсың, Қас албасты басқырсың, деген өлең жолдары қай өлеңінен? 5. Қажым Жұмалиевтің Махамбет туралы айтқан сөзін айт. ( Махамбет екі образ жасады. Бірі- Исатай образы, екіншісі –Махамбеттің өз образы.)
«Түсіну»	«Ой шақыру» Сын тұрғысынан ойлау. Әр түрлі портреттерді көрсетіп, олар туралы оқушылардың пікірін тыңдау. 1. Портретті көргенде бірден қандай ой келеді? 2. Бұл кісіні кім деп ойлайсың? 3. Ол туралы не білесің? 4. Қай ғасырда өмір сүрді? 5. Оны қайдан білдің? 6. Халқы, туған жері үшін не істеді деп ойлайсың? 7. Киген киімі туралы не айта аласың?
«Қолдану» (білімді қолдану)	Оқушылардың жауаптарын интербелсенді тақтадағы жауаппен салыстыру. Қаншалықты дұрыс жауап беру пайзын анықтау. 1-портрет: Махамбет Өтемісұлы. 1804-1846 жылдары өмір сүрген. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында Бекетай деген жерде дүниеге келген. Жәңгір хан өз беделін көтеру үшін жанына дарынды адамдарды жинайды. Орыс тілін жетік білген Махамбетті баласы Зұлқарнайынның ақылшысы ету мақсатымен Жәңгір хан баласын Орынборға оқуға жібергенде, қасына серік етіп жібереді. 2-портрет: Нысанбай жырау Жаманқұлұлы-1822-1823 жылдар аралығында өмір сүрген. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының Аққошқар елді мекенінің түстігінде Шеңгелсай деген жерде дүниеге келген. Керейіт руынан шыққан. Асыл мұрасы-«Кенесары – Наурызбай» жыры. 3-портрет: Кенесары Қасымұлы 1802-1847 жылдар аралығында өмір сүрген. Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Қырғыстанның Жетіжал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік-Сеңгір аңғарында қайтыс болған. 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Әкесі – Қасым сұлтан. 4-портрет: Қасымұлы Наурызбай-аты аңызға айналған ержүрек батыр. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл, сөзге шешен, өңші-шешен, жауырыны жерге тимеген палуандылығымен аты шыққан, бүркіт, қаршыға, лашын ұстап, құсбегілікпен айналысқан. Кенесары ханның екінші әйелінен туған. Сабақтың жаңа тақырыбы: Нысанбай жыраудың өмірі мен жыраулық өнері. «Кенесары- Наурызбай» жыры.

	Сабақтың эпиграфы: Қаһарман Қасымұлы Кенесары- Қазақтың дара туған есіл нары! Өйткені қан майданда қас батырдың, Ерлігін асқақтатқан жердің шары! Топтық жұмыс. Постер қорғау. Жырдан үзіндіні аудиокітаптан тыңдау. 1-топ. Нысанбай жыраудың шығармашылығына шолу. Жырда Наурызбай жырау өзі туралы қалай жырлайды? 2-топ. Кенесарының шыққан тегін анықтау. 3-топ. Наурызбай батырдың ата- тегін сатылап көрсету. Дұрыс жауаптарын 4 топқа беріп, бағалау жүргізу. Бағалауды мұғалім жүргізеді. 4-топ. Нысанбай жыраудың көтерілісті суреттеу ерекшелігін көрсет. Мәтіндердің мазмұны оқушыларға таратылады. Жырдан үзінді сұрау. 4 топтың оқушыларынан сұрау. Мұғалім жырды бастайды, оқушылар жалғастырады. Жырды электронды оқулықтан тыңдау.
«Сергіту сәті»	Сергіту сәтіне «Кім? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық ойынның элементтері алынды. Балалар, бүгін бізге қонаққа Білім беру ісінің үздігі, зейнеткер, сыйлы ұстаз- Гүлзейнеп Аманбайқызы келіп отыр. Ол ұстазымыз сендерге бүгінгі тақырыпқа арналған сұрақ қояды. Бейнесұрақ. Сұрақ: Қазақ тарихында отаршылдыққа қарсы Кенесары мен оның інісі Наурызбай бастаған көтерілістің тарихи маңызды ерекшелігі неде? Сол ерекшелік мына қорапшаның ішінде. Жауап: Көтерілістің үш жүздің аумағын қамтуы және ол көтеріліске үш жүздің әскерінің қатысуы оның маңыздылығын арттыра түседі. Сол себепті қорапшаға үш жүздің биінің портреттері салынды.
«Талдау» Қабылдаған білімді саралай білу, маңызын дәлелдеу.	Интербелсенді тақтада Кенесары Қасымұлы көтерілісі жөнінде оқушылар дайындаған бейнефильмді көрсету, бейнефильмнен алынған деректі пайдаланып оқулықта берілген мәліметтерді түсінуіне егжей-тегжейлі зерттеу жасау. Жырдың басты, негізгі идеясы. Басты бейнелер. Практика жүзінде оқулықпен жұмыс. 1. Келісетіндеріңе белгі қой.

р/с	Пікірлер	иә	жок
1	Нысанбай жырау Керейіт руынан шыккан.		
2	Нысанбай жырау есімі халықтың аузына көп алынбады.		
3	Кенесары–Наурызбай көтерілісіне жырау өзі қатыспаған.		
4	Қырғыздарға жалғыз атты ұрлағандары үшін шабуыл жасайды.		
5	Қырғыздардың қолын бастаған Кәрібоз.		
6	Кененің қырғыздарға қолға түскен інісі - Ержан.		
7	Қырғыз – казак болып Наурызбайға таласады.		

2. Сәйкестендіру тестін құр. Диалог.  
3. Көрсетілген оқиғаларды ретіне қарай белгіле.

р/с	Оқиғалар	реті
1	Наурызбай қасында інісі Ержанның болмағанына өкінеді.	4
2	Кенесары мен Наурызбай бейнелері айтылады.	1
3	Бұғыбай өздерінің әлдерінің келмейтінін, ханнан барып көмек сұрау керектігін айтады.	3
4	Кінәлі болған қырғаздардан өшін алуға аттанады.	2

4. «Екі жақты күнделік» кестесін толтыру.

Шығармадағы маған әсер еткен жағдай	Менің өз ой-пікірім

«Жинақтау» Алған білімін өмірде қолдана алу.	Оқушылар құрастырған тұсаукесерді таныстыру. Егер сен Кенесары мен Наурызбайдың орнында болсаң не істер едің? (4 топқа да бір тапсырма)
«Бағалау».Идея құндылығы туралы ойлану.	1. Кенесары Қасымұлына хат. 2. Наурызбай батырға арналған өлең. 3. Нысанбай жырауға хат.

Қорытынды: Кері байланыс «Екі жұлдыз, бір тілек». Өзіндік пікірлерін білдіреді. Жаңадан ой қосады.

Үйге тапсырма: Кенесары–Наурызбай бейнелерін ашатын сәйкестендіру тестін құрау. Жырдың мазмұнын толық оқу.

Бағалау: топ мүшелерінің жинаған ұпайлары есептеледі.



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Өлең деген қазына өнер өрге,  
Тұта білсе ақыл-ой берер ерге...  
Өлең жолдас ой түсіп тарыққанда,  
Ішіңнен шерді шығарар зарыққанда.  
Пайдалы істен қол сілтеп безбейтін қып,  
Жігерінді арттырар жалыққанда.  
Өлең бастар халықты өнер жаққа,  
Жарық сәуле, тыныштық көрер жаққа.

*Бейімбет МАЙЛИН*

Л.ДЕМЕУОВА,  
«Спортқа дарынды балаларға  
арналған мамандандырылған  
облыстық мектеп-интернат» КММ-сі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы

## ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ БОРТОҒАШҰЛЫ

Мақсаты: жыраулар поэзиясының өкілі Жиёмбет жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру, меңгерту.

Міндеті: білімділік-Жиёмбет шығармаларын талдай отырып, ақын тілінің өткірлігін, айқындылығын, даналық ойға құрылғанын нақты мысалдармен дәлелдеу; тәрбиелік-Жиёмбет жырлары негізінде ұлттық рух пен патриоттық сезімге тәрбиелеу, ерлік пен елдікті дәріптеу; дамытушылық-шығармашылық ізденіс тапсырмалары арқылы оқушылардың еркін ойын, әдеби сөйлеу тілін дамыту, өзіндік пайымдау, пікір айта білуге дағдыландыру.

Түрі: дамыта оқу. Сабақтың типі: жаңа сабақты меңгерту. Сабақтың әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ-жауап, салыстыру стратегиясы, талдау, ой бөлісу, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы. Сабақтың жабдығы: кестелер, тірек-сызбалар, жыраулар портреті, слайд, тақтадағы әр түрлі материалдар. Оқыту формасы: жеке, топтық. Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Сабақтың эпиграфы: *Құтты ой...Құтты сөз...  
Құтты іс...*

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі:

а) кезекші арқылы оқушылар қатысымын түгелдеу.  
ә)сынып тазалығына, оқушылардың оқу құралдарының дайындығына көңіл аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Жыраулар поэзиясы. Асан қайғы. Сұрақтар қоя отырып, тірек сызбалар бойынша әңгімелеу.

“Келісу–келіспеу” стратегиясы. Жыраулар поэзиясының құндылығы–халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлауында. /Келіспеймін/ (Жыраулар поэзиясының құндылығы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлауында ғана емес, сонымен қатар елдің саяси- әлеуметтік тіршілігін ой-санасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы. Көркемдік сапасымен де құнды)

Жырау дегеніміз – жыр айтушы, таратушы, көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштар. Олар домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен, мақаммен, әнмен айтады. /Келіспеймін/ (Жырау дегеніміз - өз жанынан жыр шығарып айтатын, суырып салма ақындық қасиет пен шешендік қасиеті қатар сақталып жататын дарынды ақын, дуалы ауыз шешен, ақылгөй дана, ойшыл адамдар).

Жыраулар поэзиясының басты жанры-толғау. /Келісемін/ (Толғау дегеніміз-жыраулар поэзиясында жиі орын алған жанр. Толғау өлеңде ақын өмір, қоғам, адам тіршілігі, жақсылық пен жамандық, т.б. жайлы ақыл-өсиет, насихат тұрғысында ой қозғайды)

III. Жаңа сабақ. Жиёмбет жырау Бортоғашұлы (өмірі мен шығармашылығы) Кесте арқылы жаңа сабақты меңгерту.

Жырау	Өмірдерек	Еңбектері	Тақырыптары
Жиенбет Бортоғашұлы, талантты жырау, би әрі жеңімпаз батыр.	1570-1575 жылдар шамасында дүниеге келген. Кіші жүздің Байұлы тайпасының Тана руынан шыққан. Жиенбеттің жас шағы қазіргі Батыс Қазақстан аймағының Өзен, Жем, Арал аралығындағы ауылдарда өткен. 16 жасынан хандар, билер, батырлар жанында жүріп, ел билігіне араласады. Өсе келе ол Есім ханның беделді биі әрі батыры дәрежесіне көтеріледі. Талай ұрыс-шайқастарға қатысып, ерлік көрсетеді. Ол сонымен бірге Еңсегей бойлы Ер Есімнің кіші жүз елімдегі ең бір беделді бас биі ретінде танылады.	“Есім ханға толғау”, “Басы саудың түгел-дүр...”, “Қол-аяғым бұғауда” “Әй, қыңыр ер, қыңыр ер” “Әмірің қатты Есім хан” “Еңсегей бойлы Ер есім”	Жырау шығармаларының тарихи, этнографиялық мәні зор. Ерлік, батырлық, өрлік қасиеттер. Хан-әкімдердің, бүлікшіл ханның теріс, жауыздық мінездерін әшкерелеген. Туған жеріне деген шынайы сүйіспеншілік. Елдің, халықтың бүтіндігі, бірлігі!

	Әсіресе 1620 жылғы Есім ханның ойрат-қалмақтармен соғысы кезінде ерекше ерлік, тапқырлық көрсетіп, шапқыншы жауды ойсырата жеңіп, бетін қайтарады. 1627 жылы Қазақ хандығы құрамынан бөлініп шығып, дербес билік құрғысы келген Қатағанның ханы Тұрсынның бүлігін басқан Есім ханның қасында болып, ел тұтастығын сақтау жолында қажырлы қайрат көрсетті. Жиенбет бидің Есім ханмен достық қарым-қатынасы ұзаққа бармайды. Кіші жүзгесөзі өтіп тұрған Жиенбеттің билігінен сескенген хан оны інісі Жиенбетпен бірге жер аударып жібереді. Сол айдауда жүріп 1643 жылы қайтыс болды деген және Есім хан өлгеннен кейін елге оралды деген деректер бар. Алайда 1643 жылдардан кейінгі ғұмыры белгісіз.		
--	--	--	--

Оқушылардың білім-білік дағдыларын дамыту.

1-тапсырма.

Толғауларынан үзінділер оқу, түсіндіру. Үнтаспадан Ақтамберді жыраудың «Күлдір-Күлдір кісінетіп» толғауын тыңдау.

2-тапсырма. Жиёмбет жыраудың сөз қолданысы, толғауларындағы мағынаны ашу.

Мұғалім	Оқушы
1. Жиёмбет жырау кімді сынайды және қалай сынайды?	1.1. Есім ханды. 1.2. Озбырлық, жөн-жосықсыз іс-әрекеттеріне қарсы шығады. 1.3. Ханға өктем сөйлейді. 1.4. Сұрақ қоя отырып.
2. Нені сынайды?	2.1. Ханның астамшылығын, пайдакүнемдігін. 2.2. «Тілеуберді» атты құлын ұрып өлтіргендігін. 2.3. Елдің берекесін қашырғанын.
3. <i>“Ес білгеннен Есім хан, Қолыңда болдым сүйесін, Қолтығыңа болдым демесін?”</i> деген жолдарды қалай түсінесіңдер?	3.1. Жастайынан ханның қасында беделді биі болған. 3.2. Талай ұрыс, шайқастарға қатысып, ханның жауынгер жасағын басқарған. 3.3. Ханға әділ қызмет атқарған.
4. <i>“Қол-аяғым бұғауда, Тарылды байтақ кең жерім!</i> деген өлең жолдары бойынша не айтар едіңдер.	4.1. Жат жерге жер аударылған жыраудың азап шегіп күнелтуін, хал-ахуалын көрсетеді.

3-тапсырма. “Бұл кім ?” сәйкестендіру стратегиясы.

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781)	XIV – XVIII ғасырда өмір сүрген, әкесі батыр болған. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша сауып ішер малы, мінер аты болмаған. Бір ғасырдан астам өмір сүрген.
Асанқайғы (XV ғасыр)	Желмаясымен Жерұйықты іздеп, қазақтың талай жерін аралаған. Шоқан Уәлиханов оны “Көшпенділер философы” деп атаған. Керей мен Жәнібек хандарды жақтаған.
Қазтуған жырау (XV ғасыр)	XV ғасырдың 20-30 жылдары Еділ бойында дүниеге келген. Қол бастаған батыр, ел басқарған би болған, лирик. Бұл кісі туралы көп деректер жоқ.

4-тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Жиёмбет жырау “е” дыбысын тамаша сөйлете білген. Дауысты дыбыстарды шебер қолдана отырып, өлеңнің музыкалық сазын күшейткен. Осыған орай сендерге кез келген бір әріпті сөйлете білу тапсырмасы берілген болатын. (Мысалы: еліміздің елеулі ерлік еткен ері. Есімге ел ертеңін ескерткен еңсегейлі ер.)

IV. Сабақты қорытындылау.

Ол кім?

жырау  
«Сөйлесе сөздің көсемі»

Жиёмбет

ақын  
аузы дуалы би  
шешен  
Кіші жүздің көсемі

ойшыл  
суреткер

Жиёмбет

жорық жыршысы  
батыр  
әскербасы

Рефлексия. -Егер сендер ХХІ ғасырдың жыраулары болсаңдар не жайлы жырлар едіңдер? Жыраулар-Қазақ хандығының ежелгі атамекендерінен айырылмай мәңгілік мемлекет болып сақталуын армандап, сол жолға өлең мен қару-жарақтарын қатар арнаған кесек тұлғалар. Жыраулар-адамдарды кішіпейіл, жомарт, кешірімді, шыншыл болуға шақырады. Адамның өзіне тән биік парасатын, яғни, өзінің бағасын білуін өнеге етеді. Жыраулар-қазақ халқының ертеңгі болашағы балалардың да татулықпен, бірлікпен қалыптасып өсуін жырлайды.V. Үй тапсырмасын беру: 1) Бір сәт жырау болып толғансам...! (өлеңмен толғау жазу)2) Жиёмбет жырау туралы оқу, толғауларынан үзінді жаттау.

VI. Оқушы білімін бағалау.



А.ОҢАЙБАЕВА,  
Ф.Досымова атындағы  
№ 12 орта мектеп.  
Атырау қаласы

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАНЫШПАҢДАРЫ

Мақсаты: білімділік - ақыл-парасаттылыққа, адамгершілікке, елдің тарихын, сөз өнерін бағалауға тәрбиелеу; тәрбиелік - шешендік өнер тарихының қалыптасу кезеңдері, оның негізгі өкілдері, олардың бүгінгі ұрпаққа жеткен нақыл сөздерінің мазмұнымен танысып, талдау; дамытушылық - сөйлеу тілін дамыту, әдеби тілді, көркем айшықты сөздерді тану, көкейге түйіп, өмірде қолдану. Түрі: конференция, семинар сабақ. Типі: қорытынды, бекіту сабағы. Әдіс-тәсілдері: топтық жұмыс, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, шығармашылық ізденіс, рефлексия әдісі, пікір сайыс, жоба қорғау. Көрнекілігі: би-шешендердің нақыл сөздері, слайд, топтық тапсырмалар, плакат, доп.

Сабақтан не күтеміз?

- Жаңалық;
- Тың дерек;
- Өзіңе деген сенім;
- Жұрт алдында тосылмай сөйлеу.
- Сөз бостандығы.

Сабақтың барысы.

1.Ұйымдастыру бөлімі.

2.Үй жұмысын сұрау.

Доп лақтыру арқылы үй жұмысын шолу, пысықтау.

«Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ.  
Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды,



сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл!»

*Бөлтірік шешен.*

Оқушыларды Бұқар жыраудың өлеңдерін жинақтау арқылы үш топқа бөлеміз.

Көш бастау қиын емес-қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес-шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын-шешмін таппас дау бар.

Топтық тапсырмалар:

1. Би-шешендер туралы толық мәлімет. (өздерінің қалаулары бойынша)

2. Шығармашылық ізденіс тапсырмаларын қорғау.

3. Би-шешендердің сөздерін жатқа айту, талдау.

4. Шешендік сөзге қатысты қызықты оқиғалы әңгімелер айту.

1-топ. Майқы би, Төле би.

2-топ. Бөлтірік шешен, Жиренше шешен.

3-топ. Аяз би, Әйтеке би, Төле би туралы жобаларын, шығармашылық жұмыстарын қорғайды.

1. Топтың жұмыстарын тыңдау.

2. Мәтінмен жұмыс.

3. Психологиялық жағдаяттық тапсырмалар. (Мысалы, Үш дос-Баян, Қанат, Асхат. Олар тату. Бір күні Қанат пен Асхаттың арасында кикілжің болып, керісіп қалады. Бұл қандай дау, бұл дауды сен қалай шешер едің, қандай ұсыныс айтар едің?)

Қорытынды. Түйін сөз. «Қазақ халқының шешендік өнеріне шетелдіктер таң қалды. Шешендік өнердің қазақ халқында ерекше дамуының себебі неде?»

Оқушы жауабынан үзінді. Осыншама ұланғайыр жерді мекен еткен қазақ бақытты! Әрине, бұл оңайлықпен келген жоқ. Ол найзаның ұшымен,

білектің күшімен, Қызыл Тілдің құдіретімен келді. Көшпенділер бар байлығын басына жинаған ел. Ат құлағында ойнаған батырлар, күміс көмей ақын, шешендер, билер осы Ұлы далада дүниеге келген. Бай өлкеге Төле, Әйтеке, Қазыбек сынды би-шешендердің ақыл-парасаттылығының арқасында ие болдық. Қазақ елінде сөз өнерін сынайтын тарихи жағдайлар көп болды, жаумен жағаласа жүріп, мәдениетін де дамытты. Жеріміз қандай кең болса, пейіліміз де сондай кең, тіліміз де сондай бай. Бүгінгі сабақтан біз адамның ақыл-ойы еркіндікте болса, сөз бостандығы болып, тіліміз бай болатындығын түйіндедік.

Бұрыннан білімін	Білдім	Білгім келеді

Қорытынды. Бағалау.



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Кітаптар - кәріліктің ең жақсы достары, сонымен бірге жастықтың ең жақсы жетекшілері де.

*С.СМАИЛС*

Кітап жинай берген мұрат емес, оқыған мұрат.

*ПЛУТАРХ*

**А.ЖҮНІСБАЕВА,**  
**№197 Ә.Құдабаев атындағы**  
**қазақ орта мектебі.**  
 Қызылорда қаласы

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ.**  
**«ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП»**  
 (7-сынып)

Сілтеме:	7-сынып оқулығы, «Абай өлеңдері» жинағы, Тарихи тұлғалар. Электронды оқулық.
Жалпы мақсаты:	Абай өлеңін біліп, мазмұнын түсініп, идеясын ашып, меңгеру. Өлеңді құрылысына талдау.
Сабақтың нәтижесі:	Абай өлеңін біледі, мазмұнын түсінеді, идеясын ашады, меңгереді. Өлеңді құрылысына талдайды.
Әдістері:	Сұрақ-жауап, топтау, ББҮ. Венн диаграммасы, ассоциация.
Түйінді идея:	Адамзат өмірі мен тылсым табиғат құбылысының байланысы.
Көрнекілігі:	Интерактивті тақта, постер, стикер, орамал, ұлттық киім үлгісіндегі қуыршақ, ұялы телефон.
Пәнаралық байланысы:	Қазақ тілі, математика, информатика, музыка.
Тапсырма көздері:	1.«Орамал тастау» ойыны арқылы сұраққа жауап беру. 2. Ассоциация. 3. Өлеңді жеке оқып, жұппен ой бөлісіп, топта талқылау. 4.«Теңге алу» ойыны.

	Өлеңнің шығу тарихы. Сатылай кешенді талдау. Композициялық құрылымына талдау. Өлең құрылысына талдау. 5. Венн диаграммасы. 6. «Рефлексия» әдісі.	
Сабақтың барысы:	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі:	Оқушылармен сәлемдесу. Жыл мезгіліне байланысты төртке бөлу. Өзін-өзі бағалау парақшасы әр оқушыға ұсынылады.	Оқушылар төрт топқа бөлініп отырады.
Үй тапсырмасын тексеру:	«Орамал тастау» ойыны. Сұрақтар: 1. Абай туралы қандай пікірлер білесіңдер? 2. Абайдың қандай даналық сөздерін білесің? 3. Абайдың өз шығармашылығын ұштауға кімдер себепкер болды? 4. Абай (Ибраһим) кейінгі ұрпақ есінде қандай тұлға ретінде қалды? Мадақтау арқылы 1 жұлдыз.	Бір оқушы шығып, орамалды қалаған сыныптасына ұсынады. Орамал алған оқушы сұраққа жауап береді, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінен үзінді оқиды.
Бағалау		

Білу:	Видео қойылады, ештеңе көрсетілмейді. Не көрсеттім? Не үшін? Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі. (Электронды оқулықтан оқылады.)	«Қараңғы» туралы ойларын айтады <i>Ештеңе көрінбейді</i> <i>Ой-өрісі төмен</i> <i>Қараңғы түн</i>
Түсіну:	Өлеңнің бір шумағы әнімен айтылады. Жеке, жұппен, топпен жұмыс беріледі.	
Бағалау:	Жұлдызша арқылы.	1. Барлығы өлеңді әнімен айтады. Өлеңді жеке оқып, жұппен ой бөлісіп, топта талқылайды. 1 топ мүшесі мазмұнын дыбыстайды, басқа топ толықтырады.
Қолдану:	«Теңге алу» ойыны.	
Дәптермен жұмыс:	1-топ. Өлеңнің шығу тарихы мен авторы жайлы іздеу. Өлеңнен түсініксіз сөздерді табу. 2-топ. Сатылай кешенді талдау.	1-топ. Интернетті пайдаланады. Гете 1780 жылдың күзінде аңшы үйінің жанында 8 жолдан тұратын өлең жазады. Оны орыс ақыны 1840 жылы М.Ю.Лермонтов, 1892 жылы Абай аударады. Сөздікпен жұмыс жасайды. <i>Дел-сал</i> – шаршау, <i>тынышгарсың</i> – тынышталарсың,

	Өлеңнің аты: Авторы: Жанры: Тақырыбы: Идеясы: Көркемдегіш құралдар: Қос сөздер: Көп мағыналы сөздер: 3-топ. Композициялық құрылымы. Басталуы: Дамуы: Шарықтау шегі: Шешімі: 4-топ. Өлең құрылысына талдау. Екі жұлдыз, бір ұсыныс.	т.б. Қараңғы түнде тау қалғып Гете Поэзия Табиғат құбылысы мен адамның арақатынасы. Өмірден кейінгі тыныштық. Кейіптеу: Тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап, түн басады салбырап, сілкіне алмас жапырақ. <i>Дел-сал, жым-жырт, қараңғы</i> , т.б. Өлеңді талдау. Шәкірт ойы. Ұқсастығы.
Бағалау		
Тақтамен жұмыс:	Венн диаграммасы.	
Жинақтау:	«Болмасаң да, ұқсап бақ»	1. Өлең мазмұны бойынша сурет салу. 2. «Болмасаң да ұқсап бақ» өлең жазу.
	Рефлексия.	Сабақ ұнады немесе ұнамады. Себебін жазып, стикерді постердегі тауға іледі.
Үйге тапсырма:	Үйден орындалатын тапсырмалар:	1. Өлеңді мәнерімен жатқа айтады. 2. Өлең алғаш қандай атпен шықты?

**М.ҚАҚИЛАНОВА,**  
**«Мақаншы орта мектеп-  
балабақша» КММ-і.**  
ШҚО, Мақаншы ауылы

### **Ш.МҰРТАЗА. «ТҰТҚЫН БАЛА»**

*(б-сынып)*

Мақсаты: білімділік-Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романындағы «Тұтқын бала» тарауы бойынша бала Тұрардың санасын оятқан түрме сабақтарын жете түсінуі, Тұрар арманының орындалған мұраты екенін дәлелдеу. Бала Тұрар бейнесін жан-жақты ашу; дамытушылық-мәтіннен Тұрардың зеректігін, ойлылығын, ұстамдылығын, сонымен бірге үнемі күдікпен жүретін сақтығын айқындайтын үзінділерді табу, проблемалық сұрақтар арқылы жинақтауды дамыту; тәрбиелік-оқушыларды адамгершілікке, елжандылыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Оқу нәтижелері: тақырыпты толық меңгереді. Сын тұрғысынан ойлай біледі. Жаңа ақпараттарды қабылдайды. Сыныпта жақсы қарым-қатынас орнайды. Ойлау, сөйлеу мәдениеті дамиды. Пәнге қызығушылығы, белсенділігі артады.

Түйінді идеялар: сыныпты топқа бөлу арқылы диалогтік оқытуды дамыту. Тақырып барысындағы құндылықтарды анықтап, сол құндылықтардың мағынасын ашу арқылы тақырыпты өз бетімен меңгеру. Жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Түрі: танымдық кіріктірілген сабақ.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, қазақстан тарихы, информатика.

Типі: жинақтау, пысықтау сабағы.

Әдісі: СТО стратегиялары, АКТ пайдалану. «Телекөпір», диалог.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, тірек сызбалар, суреттер, кітап көрмесі.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгінгі біздің сабағымыз ерекше болмақ, себебі бүгінгі сабағымыздың қонақтары сіздерді тек қана

жақсы жақтарыңыздан көргісі келеді.

2. Психологиялық дайындық.


Сабақтың ережесі:

- Белсенді қатысу.
- Тыныштық сақтау.
- Бірін-бірі тыңдау.
- Ойын ашық айту.
- Бір-бірін сынамау.
- Ынтымақтастық.

II. Не білеміз? (үй тапсырмасын сұрақ-жауап арқылы тексеру)

Сұрақтар:

1. Ш.Мұртаза қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
  2. Қандай оқу орнында оқыды?
  3. «Тұтқын бала» әңгімесі автордың қай романынан үзінді?
  4. «Қызыл жебе» романы қанша кітаптан тұрады?
  5. Тұрардың әкесі Рысқұл абақтыға не үшін түсті?
  6. Тұрардың орыс шіркеуінің қасынан өткендегі ойы?
  7. Түрмеге келген Тұрар немен шұғылданады?
  8. Бала Тұрарды әкесі абақтыға не мақсатпен алдырады?
  9. Әңгімедегі Ахат ата кім?
  10. Надзирательден Тұрар қандай қорлық көреді?
  11. Автор әңгімедегі тұтқындардың аяғындағы кісеннің үнін неге тенеді?
  12. 1906 жылы маусым айында болған оқиға?
  13. Камерадағы әке мен баланың соңғы кездесуін суретте?
  14. Тұрар әкесімен қалай қоштасты?
  15. Тұрар неге тегін «Қырғызбаев» деп ауыстырды?
  16. «Қызыл жебе», «Аспара», «Көке» деген сөздер қандай мағына білдіреді?
  17. Тақтаға шыққан Тұрарға Атамұрза неге күлді?
  18. Қуәлік аларда Тұрар қандай қылмыс жасады?
  19. Иван Владимирович Тұрарға қандай тілек айтты?
- I. Топтастыру.



## II. Жаңа сабақ:

Сабақтың жоспары:

1. Бала Тұрар (әңгіме желісі бойынша)

2. Тұрар Рысқұлов – көрнекті қоғам қайраткері (әңгімеден тыс кемелденген шағы)

3. Ұлттың сүйген ұлы перзенті - халқының мәңгілік жадында.

Сынып оқушыларын 3 топқа бөлемін:

1-топ: Әдебиетшілер. 2-топ: Тарихшылар. 3-топ: Зерттеушілер.

Топтық жұмыс. Не білеміз? (үй тапсырмасын сұрақ – жауап арқылы тексеру)

1. «Қызыл жебе» романының авторы кім, ол туралы не білеміз?

2. Романның «Тұтқын бала» тарауында кім, не туралы айтылған?

3. Романның басты кейіпкері кім? Ол туралы не білесіңдер?

4. Осы тараудағы басты-басты оқиғаларды атаңдар?

5. Рысқұл не себепті Тұрарды қасына алдырды?

6. Приходько мырзаның үйінде Тұрар қандай қызметтер атқарды?

7. «Кафедральді соборды» көргенде Тұрардың ойына не түсті?

8. Тұрар оқу мен жазуды, орыс тілін кімнен үйренді?

9. Гимназияның алдында тұрып Тұрар нені армандады?

10. Надзиратель Тұрарға қандай қысым көрсетті?

11. Бронников қандай адам?

12. Әкесі Тұрармен қоштасар күннің алдында қандай күй кешті?

13. Тұрар әкесімен қалай қоштасты?

14. Тұрар мектепке қалай барды?

15. Тұрардың фамилиясын не себептен Қырғызбаев деп өзгертті?

16. Тұрардың дәптеріне алғаш жазған сөздерін ата? Оларды Тұрар қалай түсіндірді?

17. Айбаров тақтада тұрған Тұрарға неге күлді?

18. Семашко кім? Не себептен Тұрарды көмекші етіп алды?

19. Тұрар Иван Владимирович алдында қандай қылмыс жасады деп ақталды?

20. Тұрарға Иван Владимировичтің берген жауабын айт, қандай кеңес берді?

### Топтық жұмыс.

1-топ: Әдебиетшілер. Мазмұны, құрылысы жағынан үзіндіні екі бөлімге бөліп, оның алғашқысына «Тұрардың тұрағы–түрме, қожасы– гимназист Аркаша», екіншісіне «Тұрар – жаралы арыстанның баласы» деген атау беріледі.

### Әңгімеге композициялық жоспар құру.

## Шығарманың құрылысын талдау.

/Мен алдарыңа дайын тірек сызба беремін, ал сендер шығарма құрылысы бойынша талдағандарыңды айтып шығыңдар)

Экспозициясы /басталуы/	Байланысы немесе дамуы	Шиеленісуі	Шарықтау шегі	Оқиғаның шешімі
Рысқұлдың Тұрарды түрмеге алдыруы	Надзиратель қыспағы	Әке мен баланың айырылысуы	Тұрардың фамилиясын өзгертуі	Иван Владимировичтің көмегі

(кезекпен жауаптарын оқиды)

**Тұрарға мінездеме.** Оқушыларға үзінділер беріледі, сол үзінді арқылы Тұрарға мінездеме беру.

1. Өттең, әкесі түрмеде жатып тәуелді болмаса, Тұрар қазір бұл есірікті не де болса қамшының астына алар еді, амал жоқ... Бір жағы қорқады. Бір жағы баламысын деген: «Әйтеуір, айтқандарын екі етпей орындай берсем, көкеме көмегі тие ме» деп ойлайды. «Көкемді түрмеден босатар» деп үміттенеді. (әке-шешеге қамқор)

2. Бірақ екі жирен қарны тойса қайғырмайды. Нағыз түрме аттары. Тұрар аттарды жайғастырып болып, енді қораның ішін тазалауға кіріседі. Приходько мырзаның әмірі бойынша, қорада бірде-бір қылпық қалмауы керек. Ақ қолғаппен сипағанда, аттардың үстінен бірде –бір қылау жұқпауы керек. (еңбекқор)

3. Бала өте сезімтал-тын. Бір ауыз жылы сөзден іші- бауыры езіле елжіреп, әлде қандай аянышты көмейіне түйіліп жас тығылып қалушы еді. (сезімтал, өмір әділетсіздігін сезеді, күресуге дәрмен жоқ.)

4. Туған әкесіне опасыздық жасағандай бір беймаза сезім жауқазын жүрегін жаралап, шөңгедей қадалды да қалды. Өкеңнің атын айта алмай күмілжіген не қорлық! (намысшылдық)

5. Әлгінде Иван Владимирович айтқан «тарих», «география», «арифметика» деген сөздер шәкірттердің көбінің құлағына тосын еді. Ал Тұрар бұларды түрмеден білетін. Бірінші сыныптықтар «а», «б»-ны жазып, оның мәнін түсініп болмай жатқанда Тұрар іші пысып терезеге қарап отырады. (қабілетті, зерек, алғыр)

1. Венн диаграммасын толтыру. Топпен жұмыс. (Магнитті тақтаға апарып іледі А-3)

Айырмашылықтары: Әдебиетшілер: Бала Тұрар әке-шешеге қамқор, еңбекқор, сезімтал, өмір әділетсіздігін сезеді, күресуге

дәрмен жоқ, намысшыл, қабілетті, зерек, алғыр.

Тарихшылар: Тұрар Рысқұлов-көрнекті қоғам қайраткері (әңгімеден тыс кемелденген шағы)

Міне, оқушылар, Тұрар романда жақсы қасиеттерімен басты кейіпкер дәрежесіне көтерілді. Тұрар Рысқұлов өмірде болған адам, ол туралы қандай өмірлік деректемелер келтіруге болады? Хронологиялық кестеге назар аударайық:

1894 жыл	Алматы облысының Талғар ауданындағы Бесағаш ауылында дүниеге келген.
1907-1910	Меркедегі туыстарына баруы. Орыс-қазақ мектебін үздік бітіруі.
1910-1914	Бішкектегі бау-бақша мектебінде оқиды.
1915ж.	Ташкенттегі мұғалімдер институтына түседі.
1916 ж.	Ұлт-азаттық көтеріліске қатысады.
1917 - 1918	21 жаста Түркстан республикасында аштық пен күрес орталық комиссиясының төрағасы болды.
1924 ж.	Монғолияға өкіл етіп жіберілуі.
1932-1933жж.	Қазақ халқының жер бетінен жойылып кетпеуі үшін бел буып күресті.
1938 ж.	Сталиндік жазалаудың құрбаны болады.

Тірек сигналдары арқылы Т.Рысқұловтың өсу жолдарын көрсету.

Венн диаграммасын толтыру. Топпен жұмыс. (Магнитті тақтаға барып жазады)

Айырмашылықтары:

Тарихшылар: Тұрар Рысқұлов-қоғам қайраткері, «Қызыл жебе», азаттық үшін күрескер, халық қамқоршысы, Сталиндік репрессия құрбаны.

Зерттеушілер: Ұлттың сүйген ұлы перзенті-халқының мәңгілік жадында.

«Телекөпір» (Аудандық кітапханамен байланыс)

Тұрар мен әкесі туралы жазылған еңбектер.

1. Ш.Мұртаза «Қызыл жебе» романының жалғасы «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ».

2. М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі.

3. Бесеудің хаты.

Телекөпір аяқталғаннан кейін, «Тұрар - тек қазақтың ғана емес, бүкіл езілгендер әлемінің ұлы» екендігін дәлелдеу. (көрініс)

Венн диаграммасын толтыру. Топпен жұмыс. (Магнитті тақтаға

барып жазады)

Ұқастығы:

Зерттеушілер: 1.Білімге деген құштарлығы, Әкеге деген құрметі, Туған елге деген сүйіспеншілігі, Тұрар - тек қазақтың ғана емес, бүкіл езілгендер әлемінің ұлы.

IV. Тұжырым кестесі.

Топтар	Кейіпкер	Іс-әрекеті	Адами қасиеттері
Әдебиетшілер	Приходько		
Тарихшылар	Бронников		
Зерттеушілер	И.Владимирович		

V. Сабақтың қорытындысы. Сәйкестендіру тесті.

Кейіпкерлер	Шығармадан үзінді
1. Рысқұл	- О не дегенің, байғұс-ау, алжиын дегенсің бе? Тұрарды қайтесің? Ол бала емес пе екен?
2. Надзиратель	- Оян, Тұрар!
3. Бронников	- Сен енді маған әрі тілмаш, әрі писарь боласың.
4. Қырғызбай	- Әй, бандиттің баласы! Осы көрген күнінді көпсініп жүрсің бе, ей?!
5. Салиха	- Турарка, сен де шоқына сал, пайдасы болмаса, зияны жоқ
6. Приходько	- Баланы қорлаушы болма, хайуан!
7. Наташа	- Сабақтан қайтар уақытта кешігуші болма!
8. Аркадий	- Бізде оқуға беретін бала жоқ, қарағым.
9. Иван Владимирович	- Жайырақ, құдай үшін, жайырақ!

10. Атамырза	- Жай, әншейін, ананың шынтағына қараңызшы,-деп Тұрарға қолын шошайтты.
11. Тұрар	- Өттең, Аркашаның орнында мен оқыр ма едім, кітаптан бас алмас едім.
12. Семашко	- Сен тышқанның баласы емес жаралы арыстанның баласысың. Сен-Қызыл Жебесің, бауырым!

Сәйкестендіру тесті (Оқушылар қолына берілетін тест)

Кейіпкерлер	
1. Рысқұл	
2. Надзиратель	
3. Бронников	
4. Қырғызбай	
5. Салиха	
6. Приходько	
7. Наташа	
8. Аркадий	
9. Иван Владимирович	
10. Атамырза	
11. Тұрар	
12. Семашко	

Сәйкестендіру тестінің жауабы.

Кейіпкерлер	Шығармадан үзінді
1. Рысқұл	- Оян, Тұрар!
2. Надзиратель	-Әй, бандиттің баласы! Осы көрген күніңді көпсініп жүрсің бе, ей?!
3. Бронников	-Баланы қорлаушы болма, хайуан!

4. Қырғызбай	-Бізде оқуға беретін бала жоқ,қарағым.
5. Салиха	-О не дегенің байғұс-ау, алжиын дегенсің бе? Тұрарды қайтесің?Ол бала емес пе екен?
6. Приходько	-Турарка, сен де шоқына сал, пайдасы болмаса, зияны жоқ.
7. Наташа	-Жайырақ,күдай үшін, жайырақ!
8. Аркадий	Сабақтан қайтар уақытта кешігуші болма!
9. Иван Владимирович	« Ө т т е ң , А р к а ш а н ы ң орнында мен оқыр ма едім,кітаптан бас алмас едім»
10.Атамырза	- Жай, әншейін, ананың шынтағына қараңызшы,-деп Тұрарға қолын шошайтты.
11.Тұрар	« Ө т т е ң , А р к а ш а н ы ң орнында мен оқыр ма едім,кітаптан бас алмас едім»
12. Семашко	Сен енді маған әрі тілмаш, әрі писарь боласың.

Үйге тапсырма: «Жақсы бала жеткізеді мұратқа» тақырыбында ойтолғау жазу. Бағалау.



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Адамның біліміне ақыл серік,  
Ақыл кен таусылмайтын жанға көрік.

*Ақансері ҚОРАМСАҰЛЫ*

Г.НУҒМАНОВА,  
М.Әуезов жалпы орта мектебі.  
Атырау облысы,  
Құрманғазы ауданы

## «КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ» ЕРТЕГІСІ

(5-сынып)

Мақсаты: білімділігі-ертегі мазмұнын түсіндіру, басқа ертегілерден айырмашылығы мен ұқсастығын ажырату, Кендебай бойындағы адамилық қасиеттерді нақтылап ашу; дамытушылығы-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, жоспар құру дағдыларын, өзіндік пікір айту, ауызекі сөйлесу тілі мәдениетін дамыту; тәрбиелігі-Кендебай мінезін ашу арқылы адамгершілікке, қамқор да мейірімді, адал да қарапайым болуға, айналасындағы адамдарға қол ұшын бере білуге тәрбиелеу. Түрі: іздендіре-оқыту сабағы. Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, ой қозғау, шығармашылық қабілеттерін арттыру жұмыстары. Қолданылатын технология: Сын тұрғысынан ойлау, дамыта оқыту элементтері. Көрнекілігі: үлестірмелі қималар, мақал-мәтелдер сәйкестіру сызбасы мен слайдтар.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды және кабинетті дайындау. Оқушыларды түгелдеп, журнал толтыру. II. Мақсат қою кезеңі. -Балалар, үйге «Керқұла атты Кендебай» ертегісін мұқият оқу тапсырылған болатын. Ендеше, бүгінгі біздің мақсатымыз – ертегі мазмұнын толық меңгеру, талдау. Кендебай бойындағы ізгі қасиеттерден үлгі алу және шығармашылық қабілеттерімізді барынша көрсете білу.

Тақырыбымыздың негізгі кейіпкері – Кендебайдың мінез-құлқына сәйкес сабағымыздың эпиграфы етіп «Адам да жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» деген нақыл сөзді алғанды жөн көрдім.

Ой шақыру-стратегиясы.

- Кендебай ең алдымен қандай адам? (Батыр).
- Ертегідегі Кендебай сынды батырдың адал серігі
- Керқұла деген ат. Осы батырлардың серігі-ат туралы жалпы жылқы туралы қандай туындыларды білесіңдер?
- Кер және құла сөздеріне анықтама беріледі.
- Керқұла мен торының, құла сарымен жиреннің аралас түсі.

III. Еркін жауап кезеңі. –Қазір «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің мазмұны бойынша жұмыс жүргізейік. Қате орналасқан жоспар атауларын ретімен орналастыр:

1. Кендебай мен жетім бала.
  2. Керқұланың тағдыры.
  3. Кендебайдың дүниеге келуі.
  4. Хан бұйрығы.
  5. Баланың ата-анасымен қауышуы.
  6. Кендебайдың бұйрықты орындауы.
  7. Кендебайдың аралға баруы.
  8. Кендебайдың биені күзетуі.
  9. Кендебай мен ханның бір-біріне қойған шарттары.
  10. Керқұла атты Кендебай батырдың елі.
- IV. Мақалдарды мазмұн жоспарына сәйкестендір.
1. Кендебайдың дүниеге келуі.  
Батыр туса – ел ырысы.
  2. Керқұланың тағдыры.  
Қасқырдың ойлағаны – арамдық.
  3. Кендебай мен жетім бала.  
Қаралы көңіл жаралы.



4. Кендебайдың аралға баруы.  
Жол мұраты – жету.
  5. Кендебайдың биені күзетуі.  
Өзі аққа құдай жақ.
  6. Хан бұйрығы.  
Есірген хан елді ермек етер.
  7. Кендебайдың бұйрықты орындауы.  
Қаһарлы қамал бұзады
  8. Кендебай мен ханның бір-біріне қойған шарттары.  
Құданның тайын алғың келсе, құлынды биесін сұра.
  9. Баланың ата-анасымен қауышуы.  
Ата-асқар тау, ана-бауырындағы бұлақ, бала-жағасындағы құрақ.
  10. Керқұла атты Кендебай батырдың елі.
- V. Әдеби-теориялық ұғым беру:
1. Идея дегеніміз не?
  2. Кейіпкер деген кім?
  3. Кендебай қандай кейіпкер?
- VI. Сөздікпен жұмыс.
1. Алты айдың ішінде алты кез болды (67- бет)  
(Кез–71 см-ге тең ұзындық өлшемі).
  2. Ернім жалақ, басым таз болды (68-бет).  
(Жалақ ерін жел қақты боп кеберсіген жара).
  3. Құндыз жүнді арғымақ құлын туады (70-бет).  
(Құндыз-салмағы 10 кг-дай өзен-көлде тіршілік ететін терісі бағалы аң).
  4. Зынданның аузы құлыптауы. (Зындан – тұтқынға түскен адамдарды жазалау үшін қазылған терең ор, апан).
  5. Батпан–салмақ өлшемі. Бір батпанда 200-300 грамм ауырлық бар.
- VII. Жаңа сабақтан түсінгендерін тексеру.
- А) – Балалар, енді Кендебай батырдың бойынан

қандай қасиеттер көргендігімізді топтастырайық.

Ә) Оқулықпен жұмыс.

Қайырымдылығы: жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті.

Қамқорлығы: Қарасудың бойындағы жыртық үйлі кеделерді аң аулап асырауы.

Жанашырлығы: жетім баланы жұбатып, әкешешесін тауып беруге уәде беруі.

Кішіпейіл: хан қызының ақылын тыңдап, «Айрылғырдың суы айырыл!» деуі.

Адалдығы: жұлынып қалған қолындағы құлынның алтын құйрығын ханға табыс етуі.

Шыдамдылығы: шаршаса да түн бойы көз ілмей құлынды күзеткендігі.

Ақылдылығы: ханға келген шаруасын, өзінің қарапайым адам екендігін айтуы, баланың әке-шешесін босатуға рұқсат сұрағандығында.

VIII. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. -Осы ертегіні әнге, сазға, жалпы музыкаға бейімдеп жазып келу немесе сахналық қойылым ретінде өзгертіп дайындап келу тапсырылған болатын. Қане, кім не дайындап келді. Үш оқушы Кендебай мен жетім баланың кездесуін, хан қызының ақыл айтуын сазды көрініс ретінде дайындап келіпті. Екі оқушы Кендебай мен жетім баланың диалогын «Қабанбай батыр» әніне лайықтап өлең сөзбен жазып, сахналандырылған көрініс қойды.

IX. Бекіту. Тақтамен, дәптермен жұмыс.

А) Венн диаграммасы арқылы салыстыру.

Х. Үйге тапсырма: Кендебай сөзіне сөзжұмбақ құрау; Ертегінің мазмұнын түгел оқып келу.

XI. Сабақты қорытындылау. Оқушы білімін бағалау.



**Б.ЕПЕНОВА,  
Е.Айшуақұлы атындағы  
орта мектебі.**

Маңғыстау облысы,  
Маңғыстау ауданы

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА»

*(7-сынып)*

Мақсаты:	Абай өмірінен мәлімет беру, өлең сюжетін меңгеру, саятшылық, құсбегілік жөнінде түсінік қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:	Абай өмірінен мәлімет алады, өлең сюжетін меңгереді, саятшылық, құсбегілік жөнінде түсінік қалыптастырады.
7 модульдің қолданылуы:	АКТ, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқытуды басқару және көшбасшылық.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Миға шабуыл, Жигсо, түсіндірме күнделігі, шығармашылық жұмыс, эссе.
Қолданылатын ресурстар:	Флипчарт, маркерлер, ақын портреті, тақта, стикерлер, суреттер
Ұйымдастыру кезеңі	Сурет арқылы сыныпты топқа бөлу. Оқушылардың мұндағы мақсаты суреттер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу.

Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім. Қызығушылықтарын ояту.	«Миға шабуыл» әдісін пайдалану арқылы үй тапсырмасына қатысты сұрақтар.	Үйге берілген тапсырманы үш топқа бөліп сұрау Өткен тақырыпты толық меңгеріп жаңа тақырыпқа қадам сұрақтар: 1) А. Құнанбайұлы қай жылы дүниеге келді? 2) Табиғат туралы өлеңдері. 3) Сөз өнері, ән туралы өлеңдері. 4) Оқу-білім туралы өлеңдері	Оқушының берген тапсырманы орындауы. Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау.
Түсіну	«Жигсо» әдісі бойынша тақырыппен танысу. Қансонарда бүркітші шығады аңға».	Жаңа тақырыпты түсіндіру. Бекболат Тілеуханның орындауында «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» әнін бейнероликпен көрсету. «Өлді деуге бола ма айтындаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» демекші бүгінгі танысатын өлеңіміз-қазақтың бас ақыны, асқан поэтикалық қуаттың иесі, халықтың мақтанышы-Абай Құнанбайұлының «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі.	Оқушылардың мұндағы мақсаты- берілген тапсырмаларды дұрыс түсіне отырып мағынасын ашу, өлеңді түсініп тыңдау. Топпен жұмыс жасау. Аңшыға қажет: тату жолдас, жақсы ат, ықшам киім.

		<p>Мұғалім өлеңді мәнерлеп оқиды.</p> <p>1) Өлең неге «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деп аталған?</p> <p>2) Аңшыға саятшылық сәтті болу үшін не қажет?</p> <p>3) Өлең арқылы ақынның саятшылық қасиетін аңдауға бола ма?</p>	
Қолдану	Мағынаны ашу арқылы түсіндірме күнделігі	<p>Түсініксіз сөздердің мағынасын ашуға тапсырма береді. Сонар – қар жауған соң аңның ізін қуып аулау. Ғанибет – қызықты көңіл көтеру. Томаға – бүркіттің бас қабы. Қырымнан – алыстан. Қаса сұлу – нағыз сұлу. Қырық пышақпен қыржындау – түлкінің тісін қайрап, айбат шегуі. Сегіз найза – бүркіттің болат тырнағы. Үйірімен үш тоғыз – кәде түрі, олжалы бол.</p>	Оқушылардың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. Мағынасын тауып, дәптерге жазады.

Сергіту сәті	«Желсіз түнде жарық ай» әнін айту	Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау	«Желсіз түнде жарық ай» әнін айтады.
Талдау	Шығармашылық жұмыс	Тақырыптың мағынасы мен идеясын талдау үшін әр топқа тапсырма беріледі, әр топ өз тапсырмасын орындайды I топ «Абай-саятшы» II топ «Абай-ақын» III топ «Абай-сазгер»	Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру керек. Тапсырмаларды бір-біріне көрсету арқылы ой бөліседі, тақырыптың мағынасын аша отырып, өзара топпен талдайды.
Жинақтау	Әссе жазу арқылы сабақты жинақтайды.	Топ тақырыпты жинақтау үшін тақырыпқа қатысты әңгіме құрастыру арқылы тақырыпты жинақтайды.	Әр топ өзара тақырыпқа қатысты қысқаша шағын әңгіме құрастырады ортаға шығып оқиды.
Бағалау	Өзін-өзі бағалау (2 мин)	Бағалау парақшасы мен бағалау шкаласын тарату.	Өзін-өзі топпен бағалайды.
Рефлексия	Рефлексивті күнделік жазу.	Оқушыларға рефлексивті күнделік толтыруды ұсыну.	Рефлексивті күнделік жазады.

**Р.ЖАНЗАҚОВА,**  
**№19 орта мектебі**  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Жақсыкылыш кенті

## **«ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАМАР БЕЙНЕСІ**

*(11-сынып)*

Мақсаты: білімділік - Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы бойынша ғылыми бағыттағы ізденіс жұмыстары, деңгейлік тапсырмалар арқылы пікірталас ұйымдастыру, ой түйінін кейіпкерлер арқылы дәлелдеу; тәрбиелік - оқушыларды адами қасиеттерге баулу, автор көтерген әлеуметтік мәселелер арқылы азаматтық түсініктерін тереңдету, әйел адамды құрметтеу сезімін жетілдіруге тәрбиелеу; дамытушылық - әр оқушының өзіндік қиялына ерік бере отырып өзінше ой түюге баулу, тақырыптас шығармаларды салыстыра отырып оқуды дамыту, шығармашылық жұмыс арқылы таным-түсініктерін дамыту, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру, өз бетімен ізденуге баулу.

Әдісі: конструкциялау технологиясы (Қ.Бітібаева), әр түрлі тапсырмалар, Б.Блум жүйесі бойынша анализ-синтез, Венн диаграммасы арқылы образдарды талдау, логикалық модель арқылы шығарманың қорытындысын жасау, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: шығармалар жинағы, хрестоматия, тірек кестесі, оқулық, сабақтың тақырыбы, эпиграфы жазылған плакат, тақта.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі.

Жаңа сабақ. Мұғалім: -Сұлтанмахмұт Торайғыров – XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған көрнекті демократ ағартушылардың бірі. Біз өздеріңізбен бүгінгі сабақта Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы бойынша ғылыми бағыттағы ізденіс жұмыстарын жүргіземіз. Қай дәуірде, қай қоғамда өмір сүрсе де әйел-өмір тірегі, қоғамның қозғаушы күші, ұрпақ тәрбиелеуші екендігін жоққа шығара алмаймыз. Феодалдық қоғамда өмір сүріп, қалың мал құрбанына айналған жүздеген қыздар мен әйелдердің көз жасы өздерің оқыған романдардың негізгі өзегі болды. Сондықтан біз бүгінгі сабақта сіздермен әйел тағдыры, оның сипаты, жан және тән жарасы жөнінде ой толғаймыз.

I топ. Сарапшылар тобы.

1. «Қамар сұлу» романының тақырыбы.
2. «Қамар сұлу» романының сюжеттік-композициялық құрылысы (шығарма құрылысы).
3. «Қамар сұлу» романының сюжеттік-композициялық құрылысы (шығарма құрылысы).
4. Б.Блум жүйесі бойынша анализ-синтез жасау.

Анализ. 1. Ғашықтар әні: Қамар мен Ахметтің бір-біріне ғашық болуы. 2. Теңсіздіктің зардабы.

а) Ахметтің кетуі; ә) Қамарды Жорға Нұрымға атастыру; б) Омар мен Қасеннің қарсылығы; в) Қалтан қажы мен Оспан бидің әрекеттері; г) Қамардың сырқаты; ғ) Надан молданың кесірі; д) соңғы кездесу; е) Ахметтің кегі; ж) жастардың ажалы.

Синтез. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне байланысты топтастыру.






Өткен шығармалардың басты кейіпкерлерін М.Дулатов «Бақытсыз Жамал», С.Көбеев «Қалың мал», С.Торайғыров «Қамар сұлу» Венн диаграммасы арқылы салыстыру. Венн диаграммасы бойынша салыстырмалы мінездеме:

Ұқсастықтары:

- 1) үшеуі де 15-16-дағы жас қыздар;
- 2) үшеуі де малға сатылған;
- 3) үшеуі де көрікті;
- 4) үшеуі де өз бақыты үшін күресе білетін қыздар.

Сабақтың қорытындысы. «Ой шабуылы».

Бақыт дегеніміз не? Қалай күресуге болады?



-Бүгінгі сабағымыздың «Адамдық негізі - әйел» деген эпиграфын көз жеткізіп талдай алдық па? Эпиграф жайлы пікірлеріңіз. Үйге тапсырма: «Адамдық негізі - әйел» тақырыбында шығарма жазу.

## АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

Мақсаты: білімділік-оқушыларға Абай өлеңдерін барынша терең меңгерту, мазмұнын түсіндіру, жатқа айту, өлеңді талдау машығын жетілдіру, этнографиялық-теориялық ұғымдарға түсінік беру; дамытушылық-оқушылардың шығармашылық жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; тәрбиелік-эстетикалық, экологиялық тәрбие беру, олардың сөз өнері, көркем өнер дүниесіне сүйіспеншіліктерін арттыру, Абайдың ұлылығын таныту, туған өлке табиғатын құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: жарыс сабақ (топтық). Әдісі: сұрақ-жауап, ой қозғау, Венн диаграммасы, сөздікпен жұмыс.

Көрнекілігі: ақын портреті, дидактикалық материалдар, табиғат суреттері. Пәнаралық байланыс: тарих, ән, сурет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, топқа бөлу, топ басшысын сайлау.

II. Өткенді қайталау.

Өткенді пысықтау мақсатында «Абай әлемі» тақырыбына кластер әдісі бойынша қойылған сұрақтарға жауап тауып іледі.

1. Абай өмір сүрген жылдар.
2. Оның өскен ортасы.

3. Неліктен Абайды «Телқоңыр» деп атаған?
4. Абайдың аяқталмаған поэмасы.
5. Абайдың дүниеге көзін ашқан не?
6. Оның аудармалары.

III. Жаңа сабақ. Абайдың табиғат лирикасы жайында сөз етерден бұрын «лирика» сөзіне оқушылардан түсінік алынып, сыныпты табиғат көрінісі бейнеленген пазл арқылы екі топқа бөлеміз.

I топ – «Жаз», «Күз» тобы (1886-1888ж.)

II топ – «Қыс», «Жазғытұры» тобы (1888-1890ж.)

Жарыс бес бағыт бойынша өткізіледі.

I. Поэзия. II. Теория. III. Ән-күй. IV. Этнография.

V. Экология.

Әр бағыттың арнайы сұрақ тапсырмалары бар.

I бағыт. Поэзия.

1-тапсырма. Әр топтың мүшелері 2 шумақтан бірін-бірі жалғастырып, мәнерлеп жатқа оқиды.

2-тапсырма. Әр топ өздеріне арналған сұрақтарға жауап береді.

I топ – «Жаз», «Күз» тобы.

А) Өлеңде күздің қандай белгілері суреттелген?

Ә) Көшпелі ауыл тұрмысы өлеңде қалай берілген?

II топ – «Қыс», «Жазғытұры» тобы.

а) Абайдың қысы қандай бейнеде көрсетілген?

ә) «Жазғытұры» өлеңіндегі ел қуанышы.

II бағыт. Теория.

I топқа: Эпитет дегеніміз не? «Күз» өлеңінен мысал келтір.

II топқа: Кейіптеу дегеніміз не? «Қыс» өлеңінен мысал келтіру.

III бағыт. Ән-күй.

- Абайдың табиғат туралы әндерін қай топ жақсы айтады?

IV бағыт. Этнография. Әр топқа Абай өлеңдерінде

кездесетін қазақтың көне тұрмысына, шаруашылығына қатысты сөздеріне түсінік беру.

- Малма деген не? Малма сапсу дегенді қалай түсіндіресің?

- Шуда жіп деп қандай жіпті атаған? Оны жасалу жолы

- Шом, Шомшы деген не?

- Күзеу деген не? Көшпелі қазақтардың қысқы, жазғы қоныстарын ата.

- Алты қанат ақ үй дегенді қалай түсіндіресің? Киіз үйдің түрлері және бөліктері.

- Шидем деген не?

- Ене деген кім? Қазақша туыстық атауларды есіңе түсір

- Құда деп кімді айтады және оның түрлері

V бағыт. Экология. 2 топқа конверттің ішіне салынған 2 сурет (М.Шаханов, О.Сүлейменов) беріледі. Әр топ өзі таңдаған конверттегі ақынның кім екенін анықтап, оның табиғатты қорғауға арналған еңбегін айтады.

IV. Бекіту. Бес жолды өлең құрау (синквейн)

2 топқа берілген сөздер «Табиғат», «Жаз», «Жазғытұры», «Күз», «Қыс».

V. Қорытынды. Абай жылдың төрт мезгілін арнайы тақырып ретінде бейнеті мен азабы мол мал баққан момын шаруаның баянсыз көшпелі ауыл өмірін көрсетеді. 1886-1890 жылдар арасында орыс, батыс классиктерін еркін меңгергеннен кейін табиғатқа жан бітіре суреттей бастаған.

VI. Бағалау. Сабаққа белсенді қатысқан оқушыны топ басшысы жұлдызша арқылы бағалап отырады.

VII. Үй тапсырмасы. «Ақын өлеңінен алған әсерім» тақырыбына эссе жазу.



Н.БОЛАТБАЙ,

Тайпақ орта жалпы білім беретін мектебі.

Батыс Қазақстан облысы,

Ақжайық ауданы,

Қарауылтөбе ауылы

## ШӘКӘРІМНІҢ «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПОЭМАСЫ

Мақсаты: білімділік-Шәкәрім мұрасын тереңдей оқытып үйрету, дастанның мазмұнын меңгерту, көркемдік ерекшелігін ашу; дамытушылық- оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық белсенділіктерін шыңдау, көркем мәтінмен жұмыстануды дамыту; тәрбиелік-кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу, қауымдасып жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін дамыта отырып өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Әдісі: сұрақ-жауап, пікірлесу, талдау. Көрнекілігі: акын портреті, кесте, суреттер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Ш.Құдайбердіұлының өмірі, шығармашылығы.

2. «Қалқаман-Мамыр» поэмасының мазмұны.

Сұрақ-жауап: 1. Шәкәрім кім? а) Шәкәрім-лирик акын. Өлеңдерінің тақырыптары: адамгершілік, ғылым-білім, әлеумет, еңбек, махаббат тақырыптарын қамтиды. Атап айтсам «Жастарға», «Насихат», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», «Шын сырым», «Үш-ақ түрлі өмір бар», т.б. өлеңдері бар. ә) Шәкәрім-аудармашы. Пушкиннен «Дубровский», «Боран», Толстойдан «Асарходан патша», «Үш сауал», Физулиден «Ләйлі-Мәжнүн», б) Шәкәрім-эпик. 1.«Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ-Айсұлу»; в) Шәкәрім-сазгер. «Шын сырым», «Жастық», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Анадан алғаш туғанымда»; г) Шәкәрім-жазушы. «Әділ-Мария» (әйел бостандығы ескі қазақ ауылындағы саяси-әлеуметтік жағдай туралы жазған шығармасы.) д) Шәкәрім-тарихшы, ойшыл.

1. «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі», 2. «Мұсылмандық шарты», 3. «Үш анық», 4. «Қазақ шежіресі». Қазақ халқының шығу тегі, ақиқат жолы, ар-ұждан, ғылым туралы ой қозғайды.

«Қалқаман-Мамыр» поэмасының мазмұнын сұрақ-жауап арқылы алу.

1. «Қалқаман-Мамыр» поэмасы тарихта қандай кезеңмен тұспа-тұс келеді?

2. Поэмада қандай оқиға суреттеледі?

3. Жырдағы басты кейіпкерлер кімдер?

4. Қалқаман мен Мамырдың аталары кімдер?

5. Екі жастың қатаң жазалануына басты себеп қандай?

6. Қалқаман мен Мамыр арман-мұратына жетті ме, жетпесе кім кінәлі?

III. Жаңа сабақ. Бүгін біз акын өмірі туралы қосымша мәлімет ала отырып, шығармаларының ішінен «Еңлік-Кебек» поэмасына тоқталамыз. Шәкәрім өз поэмаларында махаббат мәселесін жеке, жалаң суреттемейді. Поэмасы жастардың махаббат бостандығына, ел дәстүрінің ұл мен қызды ерте атастырып, қалыңына беріп, махаббаттың өрісін шектеп тастайтын салтқа наразылық тұрғыда жазылған. Поэма сюжеті Қалқаман-Мамыр кебін құшқан Еңлік-Кебек. Еңлік-Кебек поэмасының жариялануы.

1890жылы	1892 жылы	1912 жылы
«Қазақ тұрмысынан хикая». «Дала уалаяты» газеті	«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» «Дала уалаяты» газеті. 31-39 сандары	Семейде «Жәрдем» баспасы.

«Еңлік-Кебек» поэмасының мазмұнын сұрақ-жауап арқылы түсіндіру.

1. «Еңлік-Кебек» поэмасы қай жылы жазылған? (1891жылы)

2. Оқиға болған жерді атаңыз. (Шыңғыстау өңірі, XVIII ғасырдың 80 жылдары)

3. Жанры. (Эпикалық-ғашықтық дастан)

4. Тақырыбы. (Екі жастың махаббат трагедиясы)

5. Идеясы. (Қоғамның әділетсіздігіне, озбырлығына қарсылық)

6. Өлең құрылысы. (11буынды, қара өлең ұйқасы)

Поэmanın композициялық-сюжеттік құрылысы.

Р/С	Оқиға желісі	Оқиға өрісі
1	Оқиғаның басталуы	Кебектің аңға шығуы.Еңлікпен кездесу.
2	Оқиғаның дамуы	Кебек мен Еңліктің байланысы.
3	Оқиғаның шиеленісуі	Кебектің Еңлікті алып қашуы,сәбидің дүниеге келуі.
4	Оқиғаның шарықтауы	Екі жасты өлтіруге шешім қабылдауы.
5	Оқиғаның шешімі	Екі жастың өлімі,сәбидің тауда қалуы.

Әр топ оқушылары кейіпкерлерге мінездеме береді.

I топ. Еңлік-сұлу, намысшыл, қайсар, өз теңін іздеуші, ақылды, антына адал.

II топ. Кебек-батыр, сөзге берік, ержүрек.

III топ. Кеңгірбай-мінезі қатты кісі, қатігез, ескі салтты қорғаушы.

«Еңлік-Кебек» поэмасында кездесетін мақал-мәтелдер.

*\*Сақтықта қорлық жоқ деген бар зой,*

*Сақтанбасаң артқыға сөз боларсың.*

*\*Пәледен машайық та қашқан жоқ па,*

*Қайтіп разы болайын берген уға?*

*\*Иесімен ас тәтті деп Елікті*

*Шақырып-ап екеуі отырды жеп.*

*\*Матайда соқтыққалы тіпті неге?*

*Мақал бар «Ел құлағы елу деген».*

Пікірталас ұйымдастыру. Еңлік пен Кебектің өліміне кім кінәлі?

Талқылау картасы. Еңлік пен Кебектің қашып кетуі дұрыс болды ма? (Иә-Жоқ)

Екі жақты түсіндірме күнделік.

Не таңдандырды?	Неліктен таңдандырды?
1. Екі жасты өлімге қиюы. 2. Баланың тау басында жалғыз қалуы.	Ата-анасы басқа жолды қарастырмады ма? Баланы алып кетпеуі.

Бағалау. Оқушылар бірін-бірі бағалайды.

Үйге тапсырма: «Еңлік-Кебек» поэмасының мазмұнын айту.

## «АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ

*(5-сынып)*

Мақсаты:	ертегіні оқыту арқылы сөз құдіреттілігін білуге үйренеді, идеясын ашады. Ертегіні талдау барысында, адамгершілікке, шыншылдыққа адалдыққа тәрбиеленеді.	
Типі:	Жаңа тақырыпты игеру.	
Түрі:	Білік-дағдыларын қалыптастыру, қызығушылықтарын ояту.	
Әдісі:	АКТ, СТО, Оқыту үшін бағалау. 1. Диалог. 2. Жеке жұмыс. 3. Жұппен жұмыс талдау, іздену, т.б.	
Дерек көздері:	Оқулық, Шың кітабы	
Сабақта қолданылатын материалдар:	А-3 парағы, стикерлер, оқулық, флипчарт	
Оқушылар үшін оқу нәтижелері:	Ертегі мазмұнын меңгереді. Өмірдегі жақсы қасиеттерді бойына дарытады. Кейіпкерлер бейнесін ашады.	
Ұйымдастыру бөлімі:	Амандасу, назарларын сабаққа аудару.	Оқушылардың тиімді жұмыс жасауына жағдай жасау.



Орындалатын тапсырмалар

Психологиялық ахуал туғызу	Сергіту сәті «Тыныштық сәті»	
5 минут	Оқушылар, қолдарыңды тізелеріңе қойып, терең демалыңдар. Көздеріңді жұмыңдар, сіздер жап-жасыл табиғат әлеміне еніп барасыздар. Біреуіміз қып-қызыл гүл секілді жайнап тұрмыз. Ал біреуіміз түп-тұнық мөлдір су тәрізді таз жанбыз. Енді біреулеріміз көк апанда еркін ұшып жүрген құстар сияқтымыз, ойымызды еркін айта аламыз. Қыздар болса, көк аспанда еркін ұшып жүрген сан алуан құстар, ал ұлдар болса қыран бүркіттей биіктерге самғап барады. Алдымыз жарық нұрын шашқан күн сияқты аналарымызбен әжелеріміз бізге мейірлене қарайды, әкелерімізбен аталарымыз асқақтаған асқар тау болып, ақ батасын беріп, бізге қол бұлғайды. Біз өзіміздің табиғатпен үйлесіп тұрғанымызға айырықша қуанып тұрмыз. Осы сезімімізбен сыныбымызға оралайық.	Сыныпта жылы, мейірімді атмосфераны орнату.
Топқа бөлу. «Жасырынған сурет»	Оқушыларға суретті дұрыс құрастыру тапсырмасы беріледі. («Мозайка» әдісі бойынша қолдарындағы сурет қиындыларын дұрыс орналастыру барысында өз топтарын табады)	Оқушылар өз топтарына отырады.

Формативтік бағалау. 10 минут	Үй тапсырмасын тексеру. Ер Төстік ертегісі бойынша, менің ертегіден алған әсерім тақырыбында жазған эсселерін тексеру.	Оқушылар жазып келген эсселерін сыныптастарының назарын аударып оқып шығады.
«Кім жылдам?» 5 минут	Оқулықтан ертегі ішіндегі мақал-мәтелдерді тауып оқу.	Аға өлсе, іні-мұра. Адам тілі тас жарар, Тас жармаса, бас жарар. Есірген хан елді ермек етер. Ащы менен тұщыны татқан білер. Кедейлігіне қарама, кісілігіне қара. Сертке берік бол, Досыңа серік бол. Арсыз жала жауып аздырады, Ақылды адам жол тауып оздырады.
Жеке жұмыс. 10 минут	«Бағыттап оқу» стратегиясымен тақырыпты ашу. 1. Құстың, шөптің, адамның жаманын табуға ханның уәзірлерін жұмсауы. 2. Жаманның жақсы мен жаманды айыра білуі. 3. Жаманды ханның уәзір етіп алуы. 4. Жаманның гауһар тасты сынауы. 5. Меңдінің жаманды таңдауы. 6. Қырық уәзірдің жаманмен араздастыруы. 7. Жаманның Барсақелмеске сапары.	

Сөздікпен жұмыс. 5 минут	Дәптерлеріне түсініксіз сөздердің мағынасын ашып жазу.	Қанын жүктемеу-біреудің өліміне себепші болмау. Тәңірі жазса-Құдай қаласа. Теңдік тауып-Әділдік тауып. Нашарларға-кедей, тұрмысы нашар адамдарға.
Рефлексия. 5 минут	Сабақ туралы пікірлерін стикерге жазып қалдырады.	Сабақтан алған әсерлерін бас бармақ арқылы білдіреді.
Бағалау. 3 минут	Топта бірін-бірі бағалайды, формативті бағалау, ауызша бағалау.	
Үйге тапсырма. 2 минут	Ертегі кейіпкерлерінің суретін салу. Ойларынан ертегі құрастырып келу.	Сабақ аяқталды.



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Адамның біліміне ақыл серік,  
Ақыл кен таусылмайтын жанға көрік.

*Ақансері ҚОРАМСАҰЛЫ*

## АБАЙДЫҢ «ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ» ӨЛЕҢІ

(б-сынып)

Мақсаты: өлеңнің идеялық мазмұнын түсіндіру, талдай оқуға үйрету; бірлесіп жұмыс жасауға баулу, оқу-білімге, еңбекшілдікке шақыру, өмірден өз орнын таба білуге тәрбиелеу; тіл дамыту, өзіндік пікір қалыптастыру, шығармашылық жұмыс түрлеріне баулу.

Түрі: жаңа білімді игерту. Сабақ үш бөлімнен тұрады:

1. Қызығушылықты ояту.
2. Мағынаны ажырату.
3. Ой-толғаныс.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: топтастыру, сөздікпен жұмыс, сұрақ-жауап, мәселелі сұрақтар, эссе, АКТ.

Пәнаралық байланыс: музыка, тарих, сурет, қазақ тілі. Көрнекілігі: ақын портреті, бүктемелер, слайд.

Сабақ барысы. Ұйымдастыру кезеңі:

1-слайд. /Сыныпты екі топқа бөлу, топ басшысын тағайындау, бағалау парақтарын үлестіру/

1-топ-«Болашақ», 2-топ-«Аманат». Үй тапсырмасын тексеру: Отыз бірінші қара сөз бен «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңін жатқа мәнерлеп оқып, ақын шығармаларының тақырыбы мен идеясына байланысты топтар бір-біріне сұрақтар қояды.

2-слайд. Үй тапсырмасын қорытындылау: жазған ой

толғауларын оқыту.

3-слайд. Жаңа сабақ: Мұғалімнің кіріспе сөзі.

4-слайд. «Абай-дария, мен одан шөмішпен қалқып алдым.» М.Әуезов.

Оқушыларға ақынның болашаққа аманаттаған жаңа бір өлеңімен танысатындығымызды айтып, сабақтың эпиграфымен, /М.Әуезовтің сөзі/ жоспарымен таныстырып өтемін. Слайдты қолдана отырып, топтастыру әдісі арқылы жаңа сабақты түсіндіремін.

5-слайд. Сабақ жоспары:

1. Өлең туралы мәлімет.
2. Сөздік жұмысы.
3. Өлеңнің идеялық мазмұнын талдау.
4. Өлең құрылысын талдау.
5. «Әнді сүйсең, менше сүй» ақынның музыкалық шығармалары.

6. Әдеби диалог журналы.

Мына сызба нұсқаны қолдана отырып, өлең туралы мәлімет беремін.

1909 жылы Санкт-Петербург қаласында ағылшын, түрік, араб, т.б. тілдерге аударылған.«Абай Құнанбайұлы өлеңдері» жинағына жазылған. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі 1894 жылы жазылған. 4 тармақ, 6 шумақтан тұрады.

6-слайд. Түсініксіз сөздермен жұмыс:

Шапқат /шапағат/-мейірім, жәрдем, көмек;

Ез /езбе/- мезі ету;

Әсемпаз-көрсеқызар, қызғаншақ;

Майданға түспей-еңбектенбей.

Өлеңнің идеялық мазмұнымен жұмыс.

- Өлеңді мәнерлетіп оқыту.

Өлеңді талдай оқытып, әр шумақтың мағыналық құрылымдарын анықтатып, жазғызамын.

1-шумақта ақын адам алдына нақты міндет қояды, оған белгілі бір игі іс атқару парызын жүктейді.

2-3-шумақта сол міндетті орындауға, істі атқаруға қажетті адамгершілік ізгі қасиеттер көрсетіледі.

Қайрат, ақыл бір болып, әділет пен шапағат шет қалса, адамгершілік негізі кемелденбей, өмірі бағдарсыз, баянсыз өтетіндігі туралы ой тұжырымдалады.

4-5-шумақта адамгершілік кемелдікке жетуге ниет еткен кісінің қандай жаман қылықтардан бойын аулақ салуы парыз екендігі көрсетіледі.

6-шумақта адамгершілік кемелдікке жетуге ниет қылған адамның қандай жақсы қылықтарды әдет етуі қажеттілігі туралы ақылымен аяқталады. Бұл шумақ алдыңғы шумақтардың қорытындысы, түйіні.

7-слайд. Өлеңді талдау.

Оқушылар интерактивті тактада талдайды, өлең құрылысы туралы алған теориялық білімдерін қайталайды, шалыс ұйқас өлең өлшеміне енгізген ақынның жаңалығы екендігі айтылды.

*Әсемпаз болма әрнеге,* а 8 буын

*Өнерпаз болсаң арқалан.* б 8 буын

*Сен де бір кірпіш дүниеге,* а 9 буын

*Кетігін тап та, бар қалан.* б 8 буын

2 бунақ, 8-9 буын, шалыс ұйқас

Сұрақ: - Өлеңде ақынның афоризмге айналып кеткен қандай тармақтары бар?

- Тағы да қандай қанатты сөздерін білесіңдер?

Танымдық деңгей. «Әнді сүйсең, менше сүй»

/ақынның музыкалық шығармалары/

Ақын өзі де ән айтып, домбыра шерткен. Өлеңдерімен бірге әндерінен де өзінің тәлімгерлік, тәрбиелік, ағартушылық дана ойларын нәзік әнге арқау, кейінгі ұрпаққа мұра етті.

Ақынның музыкалық мұрасы:

3 күй, 27 ән.

Бес жолды өлең.

1. Зат есім. (1 сөз)
2. Сын есім. (2 сөз)
3. Етістік. (3 сөз)
4. Пысықтауыш.(4 сөз тіркесі)
5. Түйін сөз. (5 сөзден құралған түйін сөз)

8-слайд. Қорытындылау: өлең мазмұны бойынша әдеби-диалог журналын жазғызу.

Ақынмен тілдесу. Ой-толғаныс, пікір жиынтығы.

Бүгінгі сабақты Елбасының сөзімен байланыстыра отырып қорытындылаймын:

9-слайд. *«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс»*

*Н.Ә.Назарбаев.*

10-слайд. Бағалау: топбасшыларға сөз беру.

11-слайд. Үй тапсырмасы: «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін жаттау, «Менің болашағым» тақырыбына эссе жазу.



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Білгенге: білім - байлық, бағасы артық,  
Салмағы сан жетпейтін қорғасындай.  
Үйренсең өнер-білім, өшпес мұра  
Таусылмас тау кенінің қордасындай.

*Омар ШОРАЯҚҰЛЫ*

**А.ШОШАЕВА,**

**Подстепный № 1 жалпы  
орта мектебі.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Теректі ауданы

## ӨР РУХТЫ АҚЫН

*(8-сынып)*

Мақсаты: Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру. Тарихи деректер мен тарихшы ғалымдардың пікірлерін оқушы санасына қалыптастыру.

Міндеттері: білімділік-ақын өмірі, шығармашылығы, ерлік істері, тарихи жағдай туралы білімін актуалдандыру, ақпаратты қысқа да, нұсқа тұжырымдау; дамытушылық-қосымша деректерді дұрыс қолдана білуге, шығармашылық ізденіске жетелеу, көркем тілмен сөйлеуге дағдыландыру; тәрбиелік-елін, жерін сүйе білуге, ерлікке тәрбиелеу. Түрі: жаңа білімді игеру. Әдісі: ой қозғау, мағынаны тану, сұрақ-жауап, рефлексия: бес жолды өлең. Көрнекілік: интербелсенді тақта, суреттер, слайд, тірек-сызба.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

II. “Қызығушылық ояту” сабақты болжап табу.

III. Жаңа сабақ. Ақын өмірінен деректер “Өмір - дерек” бейнеролик.

IV. Мағынаны тану. Ақпараттық (М.Өтемісұлының шығармашылығымен жұмыс)

V. Рефлексия. (Бес жолды өлең құрастыру)

VI. Үйге тапсырма.

VII. Бағалау.

I. Ұйымдастыру. (Балалардың сабаққа қатысымын, дайындығын тексеру).

II. Қызығушылығын ояту. Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйін тыңдату арқылы сабақ тақырыбын болжап табу. Оқушыларға қосымша көмектер беру:

1. Батыс Қазақстан тумасы.
2. Көтеріліс басшысы, ақын.
3. Нарын құмында туған.

Сабақ тақырыбын анықтаған соң, күннің жадын, жаңа тақырыпты тақтаға жазу.

*«Махамбет-қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі...Махамбет жырлары-өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні.»*

*Мұхтар Әуезов.*

Үш бөлікке бөлінген графаны слайдпен көрсету.

Не білемін?	Білгім келеді	Не білдім?

Балалар дәптерлеріне кестені сызып, толтырады.

Бүгін Махамбет Өтемісұлының өмірі және шығармашылығымен танысамыз. Махамбет ақын туралы біз төменгі сыныптардан білеміз. Қазір сендер сызған кестені толтырыңдар. *Білемін* деген бағанға батыр туралы өздерің білетін мәліметтерді толтырып жазыңдар. *Білгім келеді* деген бағанға нені білгілерің келетінін жазып шығыңдар. *Не білдім?* деген үшінші бағанды сабақтың соңында толтырасыңдар. *Не білгім келеді?* бағаны бойынша мұғалім келесі сабаққа қосымша дайындалып келеді. *Білемін* деген бағанға оқушылар толтырады.

III. Жаңа сабақ. «Атомдар мен молекулалар» ойыны бойынша сыныпты 2 топқа бөліп аламын. Ақын өмірінен деректер “Алып шаһар” бейне ролигі көрсетіледі. Сынып 2 топта жұмыс жасайды. Тыңдалым

материалдары бойынша әр топ бір-біріне 2-3 сұрақтан дайындайды.

IV. Мағынаны тану. (Кітаппен жұмыс жасау)

1-топ: “Ереуіл атқа ер салмай...”

2-топ: ”Мұнар күн”.

1-топқа тапсырма:

1) «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін мәнерлеп оқып, идеясын айт.

2) Өлеңнен сөз тіркестері мен көркемдегіш құралдарды тап. Жауабы. 1.Мәнерлеп оқиды. Бұл өлеңде ақын тек халқына рух беріп, намысын қайрап, күреске шақырады.

2. Сөз тіркестері: *ереуіл ат, егеулі найза, алты малта ас, тебінгі жер, тун қатып.*

2-топқа тапсырма.

1) «Мұнар күн» өлеңін мәнерлеп оқы.Өлеңде ақын не туралы айтқан?

2) Ақын өлеңдерінде жиі кездесетін сөздерді тап.

Жауабы. 1. Мәнерлеп оқиды. Ақынның Исатай өліміне арнаған мұң мен өкінішке толы элегиясы.

2. Жиі кездесетін сөздер: *мырза, ер, оқ, қылыш, дұшпан*, т.б.

Қосымша мәлімет бере кету.

Махамбет Өтемісұлының шежіресі: Жаубасар-Құлмәлі-Өтеміс-Токтамыс-Бекмағамбет-Қожахмет Махамбет-Ысмайыл-Досмайыл-Сүлеймен-Ыбырайым Әйіп-Хасен.

Махамбеттің күйлері: “Жайық асу”, “Жауға шапқан” “Жұмыр қылыш”, “Қайран нарын”, “Өкініш”.

Білім бекіту. Тексеруге арналған сұрақтар.

1. Махамбет қай жылы, қай жерде дүниеге келген?
2. Махамбет пен Жәңгірхан туралы не айтасың?
3. 1828-1831ж. Не болды?

4. Хан жасағын кім бастаған?  
5. Исатай жасағы кімнің ауылын шауып алып, кімнің ауылын ойрандайды?  
6. Исатай қашан қайтыс болады?  
7. 1840ж. Махамбетті кімдер ұстап алғысы келеді?  
V. Рефлексия. «Бес жолды өлең»  
1-жол - тақырыпты атау  
Зат есім –(1сөз)  
2-жол – тақырыпты сипаттайтын сөз.  
Сын есім–(2 сөз)  
3-жол тақырып туралы қимылды білдіретін сөз.  
Етістік (3 сөз)  
4-жол - тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы  
5-жол - тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз бір сөз.  
Балалардың жазған бес жолды өлеңдерін оқыту  
Сабақтың басындағы «не білдім?» графасын толтыру.  
Қорытындылау  
VI. Үйге тапсырма. «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін жаттау. Өмірі мен шығармашылығын оқу  
VII. Бағалау. Сабаққа белсенді қатысып отырған топты үлгі ету және оқушыларды жеке-жеке бағалау.



## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Оқыса білім бұлағы,  
Оқыса елдің ұланы,-  
Тірілтіп, елге жан бітіп,  
Елі үшін жұмақ қылады.

*Бейімбет МАЙЛИН*

**А.БЕКСОЛТАНОВА,**

**Маралды орта мектебі.**

Шығыс Қазақстан облысы,

Күршім ауданы,

Маралды ауылы

## САН ЕСІМДІ ОҚЫТУ

Мақсаты: өмір құбылыстарын танып білуге, ұлттық өнегені бойына сіңіріп, туған халқының өнерін сүйіп өсуге, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Сан есім. Дара және күрделі сан есімдер туралы түсінік беріп, жағтығу жүргізу барысында сабақты жете меңгерту. Оқушылардың сан есім туралы ой- түсінігін және ойлау қабілетін дамыту. Ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттерді ұялату. Типі: жаңа материалды түсіндіру. Әдісі: сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, топтық жұмыс. Көрнекілігі: электронды оқулық.

Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру:** сынып тазалығын, сабаққа әзірлігін тексеру, түгелдеу. Оқушыларды топқа бөлу. Жаңа материалды үйренуге дайындық.

- Балалар, сөз таптары дегеніміз не?

- Біз қандай сөз табын өттік?

I топқа сұрақ: Зат есім дегеніміз не? Сұрақтары қандай? Құрамына, тұлғасына, мағынасына, жекелей атауына қарай түрлері?

II топқа сұрақ: Сын есім дегеніміз не? Сұрақтары қандай? Құрамына, тұлғасына, мағынасына қарай бөлінуі.

**II. Жаңа сабаққа кіріспе, мақсатын хабарлау.**

Енді бүгін біз тағы бір сөз табымен танысамыз. Ол үшін сендер мына сөзжұмбақты шешулерің керек.

1. Кәделі мүше.

2. Ел ордасы.

3. Ас атасы.

4. «Кет» сөзінің синонимі.
5. Нәрестенің төсегі.
6. Киім қыстыратын орын.
7. Сөздің көркі.

Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы-«Сан есім.»

-Балалар, бүгінгі сабақта сендер сан есім туралы бастауыштан алған білімдеріңді толықтырасыңдар. Дара және күрделі сан есім дегеніміз не? Оларды сөйлем ішінде ажырата алуларың керек.

### III. Жаңа материалды түсіндіру, қабылдау.

-Енді мына сөйлемдерге назар аударып, мағынасына көңіл бөліп оқып көрейікші.

1. *Алпыс бестен асқанда  
Жетпіске қадам басқанда...* (Жамбыл)
2. *Атадан алтау, анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жайым жоқ.* (Абай)
3. *Бұл Жамбыл жасап отыр тоқсан жасты.* (Жамбыл)

4. *Тоқсаннан әрі кетті, жүзге асты.*

- Ерекшеленген сөздер нені білдіріп тұр?

- Ия, балалар, бұл сөйлемдердегі сөздер заттың санын, мөлшерін білдіріп тұр. Кейде сан есімдер зат есімсіз-ақ жұмсала береді. Ондайда сан есім әрі заттық мағынаны, әрі сол заттың санын, мөлшерін білдіріп тұрады. Мысалы: Тоқсаннан әрі кетті, жүзге асты. Осы сөйлемде тоқсаннан, жүзге деген сан есімдер заттық ұғымды (тоқсан жастан жүз жасқа) әрі оның мөлшерін, санын білдіріп тұр.

Сан есімдер құрамына қарай дара сан есім және күрделі сан есім болып екіге бөлінеді. Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдерді дара сан есім дейміз. Екі немесе одан да көп түбірдің тіркесінен немесе қосарлануынан жасалған сан есімдерді күрделі сан есімдер деп атаймыз.

I топқа сұрақ: Сан есім дегеніміз не? Ережесін шығару.

II топқа сұрақ: Сан есім құрамына қарай дара және күрделі болатынына ереже шығарту.

### IV. Жаңа материалдан түсінгенін тексеру.

I топқа тапсырма: 156-жаттығуды орындау.

II топқа тапсырма: 156-жаттығуды орындау.

«Білім мен дәстүр сыны» ойыны.

Халқымыз 1, 3, 5, 7, 9, 40 секілді сандардың бәрін бір ұғымға негіздеп, киелі деп есептеген. Сондықтан да менің қоятын сұрағым осы төңіректі негіздейді.

I топқа:

1. Жеті атаңды ата.
2. Халқымыздың кие тұтқан сандарын ата.
3. Үш арсызды ата.
4. Жігіттің үш жұрты.
5. Төрт түлік.

II топқа:

1. Ер қаруы-бес қару.
2. Күнделікті тұрмысымызда, той-думандарда санмен аталатын өлеңдер.
3. Үш бәйтерек.
4. Бес арыс.
5. Халқымыздың сан есімдерден басталып айтылатын ұлттық ойындары.

- Балалар, алда санаулы күндерден кейін қандай мереке бар?

- 1-желтоқсан-Тұңғыш президент күні.

- Неге ол 1-желтоқсанда тойланады?

- Елбасымыздың сөзіне жазылған саннан басталатын қандай әні бар?

- Биыл тәуелсіз ел болғанымызға неше жыл болады?

- Желтоқсан оқиғасы қай жылы болды?

- Біз 5-сыныпта мақал-мәтелдер өткенбіз. Сан есімдер қандай мақал-мәтелдерде бар екен?

2-топ мақал-мәтелдер айтады.

### V. Жаңа материалды бекіту және оқушылардың білімін бағалау.

Бірнеше сөздер беріледі. Дара және күрделі сан есімдерді белгілейді.

### VI. Үй тапсырмасын хабарлау және оған нұсқау беру.



**Р.БАЙДАУЛЕТОВА,**  
«Өнер колледжі-музыкалық-  
эстетикалық бейіндегі дарынды  
балаларға мамандандырылған  
мектеп-интернат» кешені» КММ.  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Петропавл қаласы

## **КІРМЕ СӨЗДЕР. ЗАИМСТВЕННЫЕ СЛОВА. INTERNATIONAL WORDS**

Мақсаты: білімділік-басқа тілден енген сөздер туралы түсінік беру, мағыналарын түсіндіру, басқа сөздерден ажырату; дамытушылық-ойлау қабілеттерін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, алған білімдерін жүйелі қолдана білуге баулу; тәрбиелік- әдеби тілде көркем сөйлеуге тәрбиелеу, тілді құрметтеуге баулу. Түрі: кіріктірілген сабақ. Типі: жаңа білімді игеру. Пәнаралық байланыс: орыс тілі, ағылшын тілі, тарих. Қолданылатын әдіс: «Миға шабуыл» әдісі, топтастыру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, «бес саусақ» стратегиясы, т.б.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, үлестірімелі қағаздар, суреттер, т.б.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: топқа бөлу, топ басшысы, бағалау парағы. Оқушы зейінін сабаққа аудару. II. Жаңа сабақ тақырыбын анықтау.

- Біз қазақ тілі сабағында қандай тарауды өтіп жатырмыз?

- Лексика.

- Лексика нені зерттейді?  
- Сөз және оның мағынасын. («Ұлы Жібек жолы» видеофильмінен үзінді көру.)

- Балалар, осы фильмнен нені көрдік? Қай жері есімізде қалды?

- Керуенді көрдік.

- Керуен қайдан келе жатыр? Олар не тасып жүр?

- Шет елдерден тауарлар тасып жүр.

- Қандай тауарларды тасып жүр? Мысалы: алтын, мата, ыдыс.

- Қандай ыдыстар?

- Тәрелке, шәйнек.

- Міне, балалар, біз сендермен бірнеше сөздерді атадық. Енді осы сөздерді қандай сөздер деп айтуға болады? Ал бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қалай аталады?

- Кірме сөздер. Дәптерге тақырыпты жазу.

Енді сабағымыздың мақсатын анықтап алайық.

Слайд.

- түсіну

- ажырату

- дамыту

- сөйлеу

- қолдана білу

- Балалар, сабағымыздың мақсаты-басқа тілден енген сөздер мағынасын түсіну, басқа сөздерден ажырату, тілімізді дамыту, қазақ тілінде еркін сөйлеу, кірме сөздерді қолдана білу.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі слайд арқылы сабақ түсіндіреді.

*-Корабельщики в ответ: "Мы объехали весь свет...*

*Торговали соболями...,черно-бурыми лисами...*

*конями, все донскими жеребцами...,*

*булатом, чистым серебром и златом.*



В русском языке кірме сөздер переводятся заимствованными словами.

-Как вы думаете, почему такие слова получили название "заимствованные"?

На слайде кластер: Заимствованные-кірме сөздер –слова-пришельцы–заимствовать–взять-брать, перенимать. Вывод: заимствованными называются слова, пришедшие из других языков.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі слайд арқылы сабақ түсіндіреді.

*-Children look at the board, please. There are words. What are they? (Children tell the teacher these words.)*

*Telephone*

*Computer*

*A battery*

*Automobile*

*A disk*

*A calculator*

*Are they Kazakh words? Do we have these words in Russian language?*

Conclusion: they are international words-заимствованные - кірме сөздер.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: III.«Тапқыр болсаң, тауып көр!» Карточкамен жұмыс.

- Кірме сөздер қазақ тіліне қай елден келді?

- Монғол, араб, парсы, орыс, т.б.

3. Қазақ тілі пәні мұғалімінің жаңа тақырып бойынша түсініктерін толықтыру.

Қазақ тіліне енген кірме сөздердің тарихы өте ұзақ. IX–X ғасырдан бастап араб, парсы сөздері кірсе, XIX ғасырдан бері қарай орыс тілі арқылы келген кірме сөздердің саны өте көп.

Араб, парсы тілінен енген сөздер: оқушылар оқиды.

Слайд: адам, әлем, ғылым, қоғам, мектеп, білім, тарих, әдебиет, мәдениет, пән, тәрбие, емле, т.б.

Тарихи дерек: Қазақ даласы X-XII ғасырларда араб халифатының қарамағында болды. Ислам діні тарады. Ислам мәдениетін жасауда қазақ жерінен шыққан көптеген ақын, ғалым, ойшылдардың үлесі мол болды. Әунасыр әл Фараби сияқты тұлғалар шықты. Поэзияда парсы тілі, ғылымда араб тілі басым болғанына қарамастан, Ахмет Иасауаи, Ахмет Иүгенеки, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқаридай түркі даналары еңбектерін өз ана тілінде жазды.

Монғол тілінен енген сөздерді оқушы оқиды.

Слайд: а) ел билеуге байланысты сөздер: *ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық*, т.б.

ә) жер-су атаулары: *Тарбағатай, Нарынқол, Нұра, Баянауыл, Зайсан, Қордай, Алтай*, т.б.

Тарихи дерек: 1219 жылы Шыңғысхан Қазақстанның ескі қаласы Отырарды қоршауға алады. Отырар тұрғындары қаланы алты ай бойы қорғайды. Тек бір сатқын қаланы ашып бергеннен кейін ғана монғолдар қаланы жаулап алады. Тек Отырар ғана емес, мұнан кейін Сығанақ, Ашнас, Баршынкент, Үзгент қалаларын тонап, халқын қырғынға ұшыратқан.

Жер-су атауларының шығу тарихын зерттейтін ғалымдардың пікірінше Тарбағатай монғолдың «тарбаған» (суыр) деген сөзінен шыққан, «тай» тау деген сөз. Сонда Тарбағатай тауының мағынасы «суырлы тау» деп түсіндіріледі. Алтай «заңғар тау, алып тау» деген сөзден шыққан дейді.

Зайсан көлінің аталуын аштыққа ұшыраған көптеген адамдардың өмірін тайдай тулаған балығымен сақтап қалуымен байланыстырады. Сонда Зайсанның қазақша аудармасы «игі, игілік, мейірбан» деген мағынаны білдіреді.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі оқушылармен жұмыс жасайды: "Пришельцы из русского языка"

Назовите предметы, изображенные на слайде.

*Кровать, бутылка, ботинки, спички, конфеты, чайник, труба, сумка, ящик, тарелка.*

Игра "Переводчик": переведите слова на казахский язык. Сравните. *Кереует, бөтелке, бәтеңке, сіріңке, кампит, шәйнек, тұрба, сөмке, тәрелке.*

Вывод: слова, пришедшие из русского языка в казахский язык, претерпели небольшие изменения в произношении и написании.

Араб, парсы, монғол тілдерінің сөздері бірнеше ғасыр бойы қолданылу барысында өздерінің бастапқы қалпын мүлде-өзгертіп, қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, біржола кірігіп кеткен. Соңғы жылдарда кірме сөздердің біразы қазақшаға аударылған. Мысалы: Слайд: самолет – ұшақ, вертолет – тікұшақ, коллектив – ұжым, герб – елтаңба, гимн – әнұран.

Ағылшын пәнінің мұғалімі ойын жүргізеді: "Crocodile" game. Children, you take a card, read the word and show it to your group.

Your task is to say the word.

Words are:

Telephone

Computer

A battery

Automobile

A disk

A calculator

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі сөздікпен жұмыс жүргізеді.

- Ұшақ, тікұшақ, әнұран, елтаңба деген қандай сөздер?

- Самолет, вертолет, герб, гимн ше?

- Бұдан нені аңғаруға болады?

- Кірме сөздер қазақшаға аударылады.

Дұрыс айтасың кейінгі жылдары кірме сөздердің қазақша баламалары қолданысқа енген. Ал енді осы кірме сөздердің жазылуында қандай ерекшелік болады екен?

Слайд: *Кі – тап, мұға – лім, емти- хан, та-рих.*

- Мына сөздердің жазылуынан қандай ерекшелікті аңғарамыз?

Кірме сөз - ана тілімізге шет тілінен енген сөз. Кірме сөздердің көпшілігінде буын үндестігі сақталмай, дауысты дыбыстары жуан-жіңішке болып араласып келе береді.

IV. Топпен жұмыс. Тапсырма: Мәтінмен жұмыс. Мәтінді түсініп оқып, әңгімелеу, презентация жасау. «Топтастыру» әдісі.

Мәтін тақырыбы

Мәтін кейіпкерлері

Мәтіннің негізгі ойы

Мәтіндегі кірме сөздер

1-топ. «Күй құдіреті» мәтіні.

2-топ. «Бәрі сенің қолыңда» мәтіні.

3-топ. «Өнерлі жігіт» мәтіні.

V. Сергіту сәті. Кірме сөздерге байланысты доппен ойын. VI. Сабақты бекіту. Коллаж жасау.

а) Үш топқа үш мұғалім түрлі суреттер таратады, үш топ үш тілде коллаж жасайды, мәтін құрастырады, жұмыстарын таныстырады, бірін-бірі бағалайды.

VII. Сабақты қорытындылау. «Бес саусақ» стратегиясы. VIII. Үй тапсырмасы: 174-жаттығу, «Кірме сөздер керек пе?» «Біздің өміріміздегі кірме сөздердің рөлі» тақырыбына шағын эссе жазу.



**П.ЖАУДАТОВА,**  
Қармақшы аудандық  
оқушылар үйі,  
«Шешенік өнер» үйірмесінің жетекшісі.  
Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы

## **МҰҒАЛІМ МАМАНДЫҒЫ – ӘЛЕМДЕГІ БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ АНАСЫ**

*Адамның басшысы – ақыл, иолушысы – ой,  
жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы  
– халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы  
– ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның  
ішінде ең тәттісі – сыйластық.*

*Төле би Әлібекұлы.*

Дүние есігін ашқаннан бастап адам баласы әр түрлі мектептерден өтеді. Алғаш аналық мейірімнен басталатын тағылым мектебі, білімнің қайнарына жалғасып, әрі қарай тізбектеліп өтеді. Әрқайсысы санаға өзіндік өрнегін салып, жүрегінде өшпестей із қалдырады.

*«Табиғатың теңіздің тұнық тереңіндей,  
Балалықпен кетіппіз-ау іліміңді тере білмей.  
Жүріп келесің қайнаған тіршіліктің буымен,  
Шырайлы жүзіңнен бар мұңыңды білдірмей.*

Ана-ұстаздар, маған бір сәт құлақ салыңыздаршы... Менің сіздерге айтар алғысым телегей-теңіз. Сіздердің «көкем, айналайын» деп айтқан жылы сөздеріңіздің үні әлі күнге құлағымда жаңғырып тұрғандай. Жо-жоқ, мен

барлығын ұмытпадым. Қолыма алғаш әліппе оқулығын ұстатып, сол сәтте маған мүлде таңсық болған мектеп, сынып, әдеп, ізет, өмір, жақсы мен жаман, қайырымдылық, тағы да басқа сан мыңдаған ұғымдарды талмай түсіндіріп, санама сәуле құйғандарыңызды қалайша ұмытайын? Өздеріңіз жайлы ой өрбітер болсам, мына парақтар маған жеткіліксіз болар еді-ау».

Ойға-шуақ, бойға қуат бітірген асыл ұстаздарыма жоғарыдағыдай лебізімді арнай ойымды жалғастырайын. Расында, мұғалім мамандығы-барлық мамандықтардың анасы. Бұлай деуіме негіз – бұрынғының ауыздыға сөз бермей, аяқтыға жол бермей сөйлеген ділмар шешені де, ел билеген патшасы да, ақылы асқан данасы да ұстаз алдын көрген. Барша жанның санасына сәуле құйып, келешегіне бағыт берер жолбасшысы, зердесін ашар шамшырағы бола білген ұстаздар қауымы бүгін мен келешекті рухани сабақтастыратын дана тұлға дер едім. Алдында отырған тарыдай балапандарды оқытып, үлгілі тәрбие беру жауапкершілігімен қатар олардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен болашағына бағдар беру міндеті мойнына жүктелген ұстаздық қызмет–ерен еңбек.

Әр бала мұғалімге қарап бой түзейді. Ұстазының киім киісіне, жүріс-тұрысына, іс-әрекеттеріне мән беріп, тіпті кейбірі болашақта өздерін мұғалім ретінде елестетіп көретіні хақ. «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлтжанды азамат болуы керек», - деп атап өтті, ел Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында. Ел экономикасының өркендеуі тікелей білім мен ғылымның дамуымен тығыз байланысты. Болашақ тізгінін ұстайтындар бүгінгі өскелең ұрпақ болғандықтан ұлт

болу үшін, елдігінді сақтау үшін ел жастарына жан – жақты тәрбие берілуі керек. Осы тұрғыда дұрыс тәрбиемен сусындаған, адал, шыншыл, парасатты ұрпақ тәрбиелеу – ұстаздың ең басты мақсаты деп ойлаймын. Қазіргі жаһандану заманында қоғам білімділігі мен біліктілігі мол, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарай білетін түрлі маман иелерін қажет етеді. Демек өздері таңдаған мамандықтың иесі болу үшін де кәсіби білім, білік дағдысын қалыптастыруы, оның теориясын меңгеруі қажет-ақ. Әрине, ол үшін белгілі оқу орнының табалдырығын аттап, тағы да асыл ұстаздың білім атты сәулесімен нұрланып шығады.

Ақын Абай атамыз отыз сегізінші қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық–білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны», - дейді. Даналықпен айтылған бұл сөздердің мағынасына үңіле қарасақ, қаншама терең ойдың жатқандығын байқаймыз. Қазіргі балаларға етене таныс бес асыл іспен бес дұшпан, қазақ жерінде алғаш мектеп ашқан Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылығы» да, тағы да басқа қоғам қайраткерлерінің қазақ баласы үшін жасаған жақсылықтарын тізіп жеткізу мүмкін емес. Жамандық атаулыдан жирендіріп, ізеттілік, кішіпейілділік, қайырымдылық секілді ең асыл қасиеттерді бала бойына білім берумен қатар дарыта алған ұстаз – дана да дара ұстаз деп бағаласақ артық айтқандық болмас.

Мұғалімдер туралы ойлай бастағанымда-ақ кеудемде өз ұстаздарыма деген үлкен сағыныш маздады. Кешегі күні мен де кішкене шәкірт болатынмын, бүгінде жас мамандар қатарына қосылдым. Қызылорда қаласындағы білімі мен тәртібі жөнінен дәрежесі жоғары тұратын, батыр апамыз Мәншүк Мәметованың атына берілген гуманитарлық колледжде білім алдым. Ұстаздық мамандық бойынша қабілетімізді арттыру мақсатында қаладағы түрлі мектеп қабырғаларында тәжірибелерден өтіп, мектеп ұстаздары тарапынан алғыстар мен жылы лебіздер естідік. Осының барлығы бойыма қуат бітірді. Мамандығыма үлкен сүйіспеншілікпен қарай бастадым. Әрбір мұғалімнің бойында болуы тиіс төзімділік, мәдениеттілік, сыпайылық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерге өз-өзімді үйретіп келемін. Қосымша білім беру ұйымында еңбек етіп жүрген тәжірибелі ұстаздар қауымының бір мүшесі болғаным өзімді бақытты сезінемін. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда және шәкірттердің үйірмелерге қызығушылықтарын арттыру жолында бар қажыр-қайратын сарп етіп жүрген қосымша білім беру ұйымының ұстаздарын ерекше атап өтуге болады. Қоғамдық шаралармен қатар үйірмеге балаларды жинақтап, олардың әрқайсысының бойындағы қабілеттерінің жаңа қырларын аша түсу үшін бұл ұйымның үйірме жетекшілері педагогикалық шеберліктерін тиімді пайдаланып келеді. Алдында отырған оқушылардың үйірмеге деген ынтасын жоғалтып алмас үшін жұмыстың түрлі формаларын ұйымдастырып, ұстаздық қызметіне ыждақаттылықпен қарай біледі. Себебі олар тәрбиелеген шәкірттер болашақта еліміздің белгілі тұлғалары мен қоғам қайраткерлері атанады.

«Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» деп айтып кеткен Василий Александрович Сухомлинский де дарынды мұғалім, талантты ғалым әрі публицист болған екен. Демек осы сан қырлы қасиеттер ұстаздар бойына дарыса, сол ұстаздың қанатының астынан ұшқан шәкірттер асқан дарындылар болады емес пе? Халық тыйымдарында «Ата-анаңа, ұстазыңа бажырайып қарама, қатты сөйлеме» деп айтылады. Ендеше ата-ананы қалай құрмет тұтсақ, ұстаздарға да сондай құрмет көрсете білейік, ұлағатты ұстаздар мерейін асыра жүрейік.

Иә, Елбасы айтқандай Қазақстан халқы білімге, ғылымға құмар халық. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев армандаған болашақ Қазақстан қандай?

Ол кез келген Қазақстан азаматы кез келген әлем еліне барып жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеген – Қазақстан! Терезесі тең, керегесі кең өркениетті Қазақстан! Ауылы мен қаласы қатар өскен қуатты Қазақстан! Бұл – Қазақстан болашағы білім мен ғылымда деген сөз!



### АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Мәдениетті адам болып тәрбиеленуге екі күдіретті күш әсер етеді - көркем өнер мен ғылым. Бұл екеуіне де кітап бетінен дидарласаңыз.

*М.ГОРЬКИЙ*

### Ғасыр ақыны

**М.ҰЛЫҚПАНОВА,**

**Құмсай орта мектебі,**

Ақтөбе облысы,

Мұғалжар ауданы

## «МЕН МАРТТАҒЫ НАЙЗАҒАЙ КҮРКІРІМІН!»

Мақсаты: оқушыларға Төлеген Айбергенов шығармашылығын таныту, ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін ұғындыру; Ақын өлеңдері арқылы оқушыларды адамгершілік қасиеттерге баулу, Отанын, туған жерін, туған тілін құрметтеуге және сөз өнеріне сүйіспеншілікке тәрбиелеу; мәнерлеп оқу дағдысын, логикалық ойлау қабілеттерін, ой өрісін жетілдіру, оқушылардың әдеби көзқарасын қалыптастыру.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, Төлеген Айбергенов шығармашылығына арналған көрмесі, музыкалық аспап.

Барысы.

1-жүргізуші: -О, адамдар, біргемін мен сендермен,  
Бқыласыңа еш нәрсені теңгермен.  
Сендер менің бақытымның бұлағы,  
Сендер менің дарыныма жол берген.

Құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Қазақ әдебиетінде, қала берді қазақ қоғамында ХХ ғасырда да, күні бүгінде де, ертең де өзіндік дара орны бар ақын Төлеген Айбергеновтің 8-наурыз туған күніне орай өткізілгелі отырған «Мен марттағы

найзағай күркірімін!» атты поэзия кешіне қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: -Біз сонау өткен ғасырдың 60- жылдарындағы қазақ поэзия әлемінің көңіл көкжиегіне көз жіберіп, ой жүгіртсек, бірнеше талантты ақындар тобы асқақтай көрінеді. Олар Мұқағали, Төлеген, Меңдекеш сияқты ақындар. Бұл ақындардың әрқайсысы өлең өнеріне өз ерекшелігімен келген жандар. Солардың бірі-Төлеген Айбергенов.

1-жүргізуші: Ақын Төлеген Айбергенов 1937 жылы туысқан Қарақалпақстан елінің Қоңырат ауданында дүниеге келген. Болашақ таланттың туған күні- табиғаттың тамаша мезгілі көктемнің алғашқы мерекесі 8- наурыз, яғни, ақын көгілдір көктем күнінде дүние есігін ашқан. Сондықтан да жүрегінде сағыныш саздары асқақ арманмен ұласып жатқандығын көре аламыз. Төлеген Низами атындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, кейін мұғалімдік қызмет пен мерзімді баспасөздерде қызмет атқарады.

(Ақынның жастық шағындағы суреттері көрсетіледі)

2-жүргізуші: Төлегеннің есейе келе көңілі атамекен Қазақстанға ауа берді. Оның арманы-Қазақстан жерінің гүлденуі, халқының болашағы, қуанышы мен шаттығын көру болады. Төлегеннің туған елге деген ыстық ықыласы, іңкәр сезімі, сағыныш сазға толы жүрегі «Қазақстан»деп соқты. Ақыры ер жеткен соң бұл сезімдердің күші Атамекенге алып келді.

(Ақынның Алматыдағы естелік суреттері көрсетіледі.)

«Аруана-бауыр дүние», «Атамекен», «Менің

Республикам» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші: Ақынның асқақ арманы орындалып Қазақстанға келген соң шабыты шалқып, арманы тасып Атырау мен Алтай арасына туған елінің келбетін көруге сапарға шықты. Оның «Маңғыстау саздары» деген өлеңдер циклі сол сапарларда туған еді.

«Сырласу», «Мұнарлар», «Шевченко-мұнай ордасы» өлеңдері оқылады.

2-жүргізуші: небәрі 30-ақ жасында тамаша туындыларымен оқырман ойынан шығып, қысқа ғұмырында мәңгілік жыр қалдырған ақын өлеңдері өзінің өміршеңдегін жоймақ емес. Оған дәлел-күнделікті өмірде, мереке, жиын, тойларда айтылатын ақын туындылары. «Бір тойым бар», «Ақ қайындар», «Қаратау», «Көктем», «Ұстазға» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші: -Ана! Дүниедегі ең қасиетті ұғым. Ақын көктем мезгілінде, аналар мерекесінде дүниеге келгендіктен де ана тақырыбында жырламауы мүмкін емес. Анаға Төлегендей теңеу беріп, суреттей алған ақын өмірде сирек кездесетіні анық. «Ана», «Анама», «Апаларым» өлеңдері оқылады.

2-жүргізуші: ақын Төлегеннің бойында ақындық талант пен адамгершілік асыл қасиеттердің белгісі, достық пен туысқандық, әсем көктем көріністері сұлу сөзбен өрнектелген. (Төлеген Айбергеновтің отбасылық суреттері) «Адамдар», «Мені ізде» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші: Төлеген өлеңдерінде өмірін өлеңмен өрнектеген ақын болып көрінсе, өмірде де отбасында үлкен көшбасшы көсем, досқа құшағы кең, пейілі ашық, ұлағатты ұлы істерді жасауға жаны құмар, замандастарына, ортасына сыйлы азамат болған.

Ақынның мұндай қасиеттерін естеліктерден көре аламыз. Салтанат Төлегенқызының «Әке, сені сағындым», Мұхтар Шахановтың «Оның тойы тарқамайды» өлеңдері оқылады.

Тынышбай Рахимовтың «Сағыныш», Сырбай Мауленов «Өлеңмен жаралған жан» өлеңдері оқылады.

(Төлегеннің қаламгер достарының, Салтанат Төлегенқызының естелік суреттері)

2-жүргізуші: тума талантты ақын асыл армандарын, асқақ жырларын толық жаза алмай 1967 жылы Қарақалпақстан астанасы Нөкіс қаласында көз жұмды. Аяулы ақынның қабірі осы қаланың іргесіндегі «Сарша» деген қорымда, басына ескерткіш белгі қойылған. Ұлы ақын өмірден өткенмен оның өлеңдері болашақ ұрпақтың жадында сақталумен қатар кейінгі буын ақындарға үлгі-өнеге болады. (Т.Айбергеновтің зираты көрсетіледі).

Мұқағали Мақатаев «Төлегенге», Мұхтар Шаханов «Айбергенов шыңы», Тұманбай Молдағалиев «Төлегенге», Қуандық Шағытбаев «Төлегенге», Жарасқан Әбдірашев «Ақын кетіп барады», Есенғали Раушанов «Ташкент», өлеңдері оқылды.

1-жүргізуші: қаламгерге деген туған халқының ыстық ықыласы мен оның шығармашылығына берген бағалары да осал емес. Бұл күнде Төлегеннің баспа беттерінен әр жылдары жарық көрген жинақтарын оқырман қауым іздеп жүріп оқиды. Төлеген тек поэзия жанрында ғана емес проза жанрына да қалам тербеген. Оған дәлелге «Темірқазық» атты очеркін алып қарауға болады. Кітап көрмесімен таныстыру.

(Ақынның әр жылдары баспа беттерінде жарық көрген туындылары таныстырылады)

2-жүргізуші: Ақын өз өмірінде сый-сияпаттан да кенде қалған жоқ. Елімізде Төлеген Айбергенов атында Алматы қаласында мектеп бар, ауыл-қалаларда көше аттары берілген.

1-жүргізуші: ақынның өміршең өлеңдері мен оның сөзіне жазылған әндер бүгінгі күннің биік өнер сахнасынан түспей, талғампаз тыңдармандар көңілінен лайықты орын алып келеді.

Өнердің қос таланты Шәмші Қалдаяқов пен Төлеген Айбергенов Атырау мен Маңғыстау даласында жасаған арман сапарында туған «Жаңарған Маңғыстау», «Ақ ерке Ақжайық» өлеңдері қазақ даласында мәңгі шырқалып келеді. Ән: «Жаңарған Маңғыстау», «Ақ ерке Ақжайық». (Т.Айбергенов пен Ш.Қалдаяқовтың ақын әндерін бірге шырқар кезінен естелік суреттер).

2-жүргізуші: қазақ әдебиетінде өзіндік талантымен танылған ақын өлең құрылысында да ерекше құбылыс әкелді. Қазақ өлеңдері көбінесе 7,8 және 11 буынды болып келсе, Төлеген 18-19 буынды өлеңдер жазған. Сонымен қатар Төлеген өз жырларын басынан аяғына дейін, соңынан басына дейін жатқа айтатын болған. Бұл да дарындылықтың белгісі емес пе?

1-жүргізуші: Иә, Төлеген Айбергенов жүз жылда, тіпті мың жылда бір туатын дарын, көркем-сөздің құдіретті иесі. Олай болса Төлеген өлеңдері болашақ ұрпақ санасында ұмытылмақ емес. Ақынның өзі айтпақшы «Мен марттағы найзағай күркірімін» деп ол нөсер жырларын өз ғұмырында ұрпақ ғұмырына жетерліктей төгіп өткен.



**Б.ШАХМАНОВА,**  
**Мәлік Ғабдуллин атындағы**  
**№ 3 көп тілде оқытатын**  
**мектеп-гимназиясы.**  
Көкшетау қаласы

## **АҚЫНДАРДЫҢ АҚЫНЫ - МАҒЖАН**

Би. «Қыз қуу». Фанфар (2 жүргізуші ортаға шығады.)

1-жүргізуші: -Қайырлы күн құрметті ұстаздар, қонақтар, оқушылар! Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған «Ақындардың ақыны-Мағжан» атты сыныптан тыс кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: -«Мағжан-қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі, әрі бірегейі. Ол-артында өшпес рухани мол мұра, өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырған ұлы ақын», -дей келе, өміріне шолу(слайд) жасайық.

1-оқушы:-Мағжан Бекенбаласы Жұмабаев 1893 жылы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, «Молодёжный» совхозында дүниеге келген. Орташа ауқатты отбасынан шыққан. Ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады, ал 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түседі. 1916 жылы М.Жұмабаев Омбының мұғалімдер даярлайтын семинариясын ойдағыдай бітіріп, туған өлкесіне оралады. Қазақ даласында «Алаш»партиясын құруға қатысып, чех көтерілісін бастан кешеді, кейін Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде істейді.

2-оқушы:-М.Жұмабаев өнімді шығармашылық өнердің адамы екенін Уфадағы «Ғалия»медресесінде оқып жүрген кезінде, 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан»өлең жинағы шыққанда оған Ғалымжан

Ибрагимов көп жәрдем еткен. Ақынның өлеңдері: «Көкшетау», «Жазғы түндер», «Қысқы жол», «Қайын», «Орман», т.б.

1-жүргізуші: -М.Жұмабаев-өлмес махаббатты, заманның қажет мәселелерін көркем кестелеген, сұлу сазды, өрнекті, мөлдір лириканың хас шебері. (әдеби монтаж)

1-оқушы «Махаббат не?» өлеңін мәнерлеп оқиды.

2-оқушы «Қазақ тілі» өлеңін мәнерлеп оқиды.

3-оқушы «Туған жер» өлеңін мәнерлеп оқиды.

4-оқушы «Туған жерім-Сасықкөл» өлеңін мәнерлеп оқиды.

2-жүргізуші: -«Қос ішектің бірін қатты,

Бірін сәл-сәл кем бұра

Нағыз қазақ қазақ емес,

Нағыз қазақ-домбыра»-

дегендей, келесі кезекті қазақтың қара домбырасына берейік. Күй «Түркмен».

1-жүргізуші: -Сахналық көрініс «Абақтыда»

2-жүргізуші: -«Күндей күліп жарқырайды, шығады  
Жақсы әуен жыр мен сәннің бұлағы  
Түсінеміз әннің асыл ырғағын.

Көңілімнен тындаған жан ұғады», -

дей келе, келесі тындайтындарыңыз «Әнім сен едің» әні.

1-жүргізуші: -М.Әуезов айтқандай «Мағжан-мәдениеті зор ақын. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз-Мағжанның сөзі деп білемін» дей келе, «Ақындардың ақыны-Мағжан» атты сыныптан тыс кешіміз аяқталды.

2-жүргізуші:-Көңіл қойып тындағандарыңызға рахмет!





**Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА,**  
**№77 орта мектебі.**  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Құланды елді мекені

## **КӨШБАСШЫЛАР САЙЫСЫ**

Мақсаты: жасөспірімдер ортасында белсенді азаматтық ұстанымы бар табысты адам бейнесін қалыптастыру үшін балалар қоғамдық бірлестіктерінде шығармашылық жұмыс істейтін және дарынды көшбасшыларды анықтау және қолдау. Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, мадақтама қағазы, тест тапсырмалары.

Сайыстың барысы:

1. Оқушылар ұжымын ұйымдастыру.
  2. Жүргізушінің кіріспе сөзі, мақсатын түсіндіру, әділқазылар алқасын сайлау.
  3. Сайыскерлердің өзін-өзі таныстыруы.
  4. Ойын ережелерімен таныстыру.
  5. 4 кезеңнен тұратын зияткерлік-танымдық ойын.
- I. Бәйге. II. Полиглот. III. Дода. IV. Жорға.

-Қайырлы күн, құрметті, оқушылар, ұстаздар ұжымы. Бүгін біздің «Көшбасшылар» сайысына қош келдіңіздер! Мінекей көзді ашып-жұмғанша арайлы алтын күз де келіп жетті. Күз дегеніміз– жазира дархан даланың дастарқаны. Күз дегеніміз-байлық, молшылық. Күз дегеніміз-қауырт еңбек кезеңі. Жалпы алғанда біз үшін күз дегеніміз – мереке.

Алтын күз сізбен бізге шуақ шашсын,  
Көңілдің серіппелі күйін ашсын.  
Бақ пенен шаттық бірге қатар қонып,  
Береке бірлік пенен ортақтассын.

Кім жеңеді жеңіске үміт алда,  
Қобалжу бар, жүректе күдік бар да.  
Әділ қазы алқасы, атыңды ата,  
Жүйріктерге арман мен бақыт сыйла.  
Әділқазылар алқасын таныстыру.  
Қазылар алқасы сіздердің бүгінгі ойындарыңызды:  
-ұйымдастырушылық қабілеті;  
-өзін-өзі ұстауы;  
-шығармашылық қабілеті сияқты бағалау өлшемдері бойынша бағалайды.  
Адам меңгермейтін білім бар ма?  
Жойқын күшті тындырар күшің барда.  
Оқы, үйрен, жас ұрпақ, бәрін меңгер,  
Алға қойған мақсатың, ісің барда!-деп бүгінгі сайысты бастайық. Қатысушыларды таныстыру.  
-Ал, сайыскерлер, дайын болсақ бастайық.  
Баршаңызға сәттілік тілеймін.

Бірінші кезең. «БӘЙГЕ»

- Қарап тұрмай бәйгеге еріңіз,  
Шәкірттерге әділ шешім беріңіз.  
Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығарар,  
Бәйге, бәйге, бәйгелерді көріңіз-  
дей келе біз «БӘЙГЕ» кезеңін бастайық.

1. Жүргізуші қатысушыларға қарапайым сұрақтар қояды, әр сауалға жауаптың екі нұсқасы ұсынылады.

2. Қатысушы дұрыс жауап берген әр сұраққа 10 ұпай иеленеді.

3. Жауапқа он бес секунд уақыт беріледі, одан кейінгі жауаптар қабылданбайды.

1-сұрақ. Қазақ әліпбиін құрастырған қазақ зиялысы кім? (А.Байтұрсынұлы)

2-сұрақ. Тәуелсіздік алған жыл. (1991)

3-сұрақ. 2014 қысқы олимпиада қай елде және қашан

басталды? (Сочи қаласы, 7ақпан)

4-сұрақ. С.Сейфуллиннің шын аты кім?( Садуақас)

5-сұрақ. Қазақ хандығының неше жылдығы тойлануда?(550)

6-сұрақ. Лексика саласы нені зерттейді?

7-сұрақ. Абай атамиздың туғанына неше жыл болды?(170)

8-сұрақ. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы. (Ы.Алтынсарин)

9-сұрақ. Үш биді ата. (Төле би, Қазыбек би, Төле би)

10-сұрақ. Үш бәйтерек кімдер? (Сәкен, Бейімбет, Ілияс)

### Логикалық сұрақтар:

Әр оқушыны билеттер алуға шақырамын.

1-билет.

1. Қайыңда 50 жаңғақ өсіп тұр. Қатты соққан желден 10 жаңғақ түсіп қалды. Сонда қанша жаңғақ қалды?

2. Бір адам құйып тұрған жаңбыр астында қалыпты. Үйіне келгенде үсті-басы малмандай су, тек шашы су болмапты. Неліктен?

2-билет.

1.Төрт қызметші, бір патша.

2. Король кімнің алдында тәжін шешеді?

3-билет.

1. Қай жерде жексенбі сенбіден бұрын келеді?

2. Теңіздің ортасында не бар?

4-билет.

1. Әлемдегі ең үлкен алма қайда өседі?

2. Қазақстан мен Өзбекстанның ортасында не бар?

5-билет.

1. Алфавиттің ең соңғы әріпі?

2. Бір отбасында бес ұл бар. Олардың әрқайсысының қарындасы бар. Сол отбасында қанша бала бар?

6-билет.

1.Тауық бір аяғымен тұрса 3кг, екі аяғымен тұрса неше кг?

2. Бір үйде елу батыр, үй сыртына сүйкенсе өліп жатыр?

7-билет.

1. Атасы мен әжесінің туған күні бір күнде. Бірақ олар кұрдас емес, неге?

2. Қай сандар төңкергенде өзгермейді, қай сандар төңкергенде өзгереді?

Әділқазылар алқасына сөз беріледі.

Екінші кезең. Полиглот. Ең көп ұпай жинаған 5 қатысушы қалады.

Тиісті сөздің екі тілде аудармасын айту.

1. Гүл өссе – жердің көркі,

... өссе – елдің көркі (қыз-девушка - )

2. Ел іші – алтын ... (бесік – колыбель — )

3. Білімді өлсе,

Қағазда ... қалар (есімі- имя -)

4. .... — үлкен мектеп (Өмір – жизнь-)

5.... – алтын қазына ( тіл – язык-)

6.... – отбасынан басталады (отан – родина-)

7. ... – ақылдың көркі (Білім – знание -)

8. ... — білім бұлағы (оқу — учеба)

9. ... – ғылым – тілсіз мұғалім ( кітап – книга-)

10.... алды – қызық тіл (өнер – искусство-)

-Қорытынды жасайық. Ең көп ұпай жинаған 4 қатысушы қалады. Сөз әділқазы алқасына беріледі. Әділқазылар алқасына сөз беріледі.

Үшінші кезең. «ДОДА»

Мәңгі бақи есте қалар

Ғажайып бір сайыс болсын.

Білімдірек шәкірт озар

Қиынырақ сұрақ болсын-деп біз енді сайысымыздың келесі кезеңіне келдік.

Бірінші кезеңде жиналған ұпай екінші кезеңде сақталады. Екінші кезеңде мектеп бағдарламасынан сұрақтар қойылады.

1. Белгіленген блок бойынша ойыншы тақырыпты өзі таңдайды. Таңдау кезегі ойыншының бірінші кезеңде алған орнына сәйкес жүзеге асырылады. Бірінші (соңғы) орын алған ойыншы бірінші болып таңдайды, әрі қарай осылай кезекпен кете береді.

2. Әр тақырыптың ішінде бес сұрақ болады, сұраққа дұрыс жауап берген ойыншының бірінші кезеңде жинаған ұпай санына он балдан қосылып отырады.

3. Жауап ауызша беріледі.

4. Екі кезең барысында барынша көп ұпай жинаған үш ойыншы үшінші кезеңге шығады.

#### **Қазақ тілі.**

1. Заттың түрін, түсін, сапасын, көлемін білдіретін сөз табы?(сын есім)

2. Омоним дегеніміз не?

3. “Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман” тіркесінің мағынасын айт? (Тыныштық заман)

4. Екі не бірнеше адамның сөйлесуі? (диалог)

5. Дыбыстың жазба таңбасы? (әріп)

#### **Математика.**

1. 5 мысық 5 тышқанды 5 минутта ұстаса, 1 мысық 1 тышқанды неше минутта ұстайды? (5 минут)

2. Үшбұрыштың 3 қабырғасы берілген 10, 15, 7, оның периметрін тап? (32)

3. 3, 4, 6, 7 сандарын пайдалана отырып төрт таңбалы сан айт. (3467)

4. 64 қай санның квадраты? (8)

5. 36 теңдігінің  $\frac{1}{4}$  бөлігі қанша? (9)

#### **Әдебиет.**

1. «Халық ауыз әдебиеті» дегеніміз не?

2. «Ертөстік» ертегісі ертегінің қай түріне жатады?

3. «Біреуге ор қазба, өзің түсесің» деген мақалдың мағынасы қандай?

4. «Айрылғырдың суы айрыл» деп неге айтпайсың? Деген кімнің сөзі? Қай ертегіде айтылады? Ханның кіші қызы. «Керкұла атты Кендебай» ертегісі.

#### **Жаратылыстану.**

1. Қай құс жұмыртқасын өзі баспайды?( Көкек)

2. Ауа температурасын ненің көмегімен өлшейді? (термометр)

3. Көкжиектің негізгі неше тұсы бар?(Оңтүстік, Солтүстік, шығыс, Батыс)

4. Асқабақ тұқымдастарға қандай өсімдіктер жатады?

5. Өз атын өзі шақыратын құс.

Әділқазылар алқасына сөз беріледі.

Төртінші кезең. «ЖОРҒА»

Әр сайыскер бір минут арасында берілген сұрақтарға жауап берсе, әр жауапқа 10 ұпай жинайды.

1-ойыншыға қойылатын сұрақтар:

1. Қазақтың ұлттық музыкалық аспабы (домбыра)

2. «Дружба» сөзінің қазақшасы қалай? (достық)

3. Халықаралық тіл (ағылшын)

4. Экологиялық апатқа ұшыраған теңіз (Арал)

5. Үш байлық деген не?(денсаулық, ақ жаулық, он саулық)

6. Бір км неше метр бар?(1000)

7. Уақыт өлшейтін аспап. (Сағат)

8. Әбілмансұр деген кім? (Абылай)

9. Астана қаласының символы (Бәйтерек)

10. Мұсылмандар діні (Ислам)

11. Жаздан кейін не келеді? (күз)
  12. Күн мен түн қай күні теңеледі? (22-наурыз)
  13. Бір жылда 12 не бар? (ай)
  14. Наурыз көжеден ауыз тию қандай ұғымды білдіреді? (тоқшылық)
  15. Жыл басы. (тышқан)
- 2-ойыншыға қойылатын сұрақтар:
1. Қазақтың ұлттық аспабында ойналатын әуен. (Күй)
  2. Бетінде оюлары бар киізден жасалған үй жабдығы (сырмақ)
  3. Бір ғасырда неше жыл.(100)
  4. Қазақтың ішекті аспабы (домбыра)
  5. Жер серігі (Ай)
  6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. (қазақ)
  7. Қазақтың тұңғыш 1909 жылы дүниежүзілік чемпионы атағын алған палуан? (Кажымұқан Мұнайтпасов)
  8. Діни мейрам. (айт)
  9. Қазақ алфавитінде неше әріп бар? (42)
  10. Қыран құсты баулып, аңға салатын адам? (құсбегі)
  11. Қазақ қыздарының ұзатылғанда киетін бас киімі (сәукеле)
  12. Үш арсыз (ұйқы, күлкі, тамақ)
  13. Сүйекті пайдаланып ойнайтын ойын (аксүйек)
  14. Әлемдегі бойы ең биік жануар. (Керік)
  15. Ең үлкен жұмыртқа салатын құс қалай аталады? (Түйеқұс)
- Сайыс кезеңдері аяқталады, қазылар алқасын байқауымыздың қорытындысын жариялау үшін, ортаға шақырамыз. Әділқазылар алқасына сөз беріледі.



**Г.ДӘУРЕНОВА,**  
**Т.Әубәкіров атындағы ШЖЖО.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Түлкібас ауданы

## БІЛІМ- АСЫЛ ҚАЗЫНА

Мақсаты: оқушыларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа төселдіру, тіл байлығы, ой-өрісін дамыту, ана тілін сүйіп, оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Мұғалім сайысқа қатысатын оқушыларды шақырып таныстырады. «Болашақ» тобы және «Парасат» тобы.

-Құрметті ұстаздар! Сіздер бүгінгі біздің «Білім-асыл қазына» атты сыныптан тыс сабағымызға қатысып отырсыздар. Енді әдеттегідей сайысымызды бастамас бұрын әділ қазы алқаларымен танысып алайық. Сайыс сабағымыздың шартын түсіндірейін. Құрметті ойынға қатысушылар! Мына менің қолымда әріптер бар. Мен қазір сіздерге ұсынамын. Ал сіздер қалаған әріпті тандап аласыздар. Ары қарай осы қолдарыңыздағы әріп бойынша мен сұрақ қоямын. Сіздер қолдарыңыздағы әріптен басталатын мақал-мәтелдерді немесе жауапты айтып отырсыздар. Топ басшыларына жеребе ұсынылады, қай топ 1 деген санды алса, сол топ ойынды бастайды.

I. «Тапқырлар аялдмасы»(Әріпке байланысты мақал - мәтелдер құрастыру)

1) **Ә** Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер

2) **Қ** Қанағат қарын тойғызар

3) **Т** Түгел сөздің түбі бір, түп атасы –Майқы би.

4) **А** Аға алдында пейілінді көрсет, Іні алдында мейірінді көрсет.

5) **М** Мінез байлығы, жан сұлулығы

6) **Ж** Жақсылық ағаш басында,  
Жамандық аяқ астында.

II. Қазақтың қандай би-шешендерін білесің?

1) **Ә** Әйтеке атақты үш бидің бірі

2) **Қ** Қаз дауысты Қазыбек би

3) **Т** Төле би тауып айтады.

4) **А** Ақтайлақ та әділ бидің бірі болған.

5) **М** Майқы би- сөз атасы

6) **Ж** Жиренше шешен

III. Сөздердің синонимін табу:

1) **Ә** Әрең- зорға

2) **Қ** Қатты-тастай

3) **Т** Толық-семіз

4) **А** Аласа-пәс

5) **М** Момын-жуас

6) **Ж** Жақсы-әдепті

IV. Тұрақты тіркестің мағынасын ашу.

1. Алтынмен аптап, күміспен күптеп қойған.

(Баршылық)

2. Құралайды көзге атқан. (Мерген)

3. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ

(Тәртіпсіздік, бассыздық)

4. Жұмыртқадан жүн қырыққан. (Қу)

5. Тәуекелге бел байлау. (Көну)

6. Мірдің оғындай (өткір)

V. Мақалдың жалғасын табу:

1. Кітап оқығандікі- ..... (білім тоқығандікі)

2. Қына тасқа бітеді, ..... (білім жасқа бітеді)

3. Ана алдында құрмет,.... (ата алдында қызмет)

4. Жақсының аты өлмейді,...(ғалымның хаты өлмейді)

5. Көре-көре көсем боласың,...(сөйлей-сөйлей шешен боласың)

6. Жақсы сөз- ..... (жарым ырыс)

VI. Мақал-мәтелдердің мағынасын ашу

1. Үріп ауызға салғандай, тал бойында бір мін жоқ (сұлу)

2. Жағың түспей, жамандық көрме. (тілек)

3. Қол қусырып қарап отыру (жалқау)

4. Аузымен құс тістеген (шешен)

5. Ана сүті аузынан кетпеген (жас)

6. Жұбың жазылмасын, бағың ашылсын (тілек)

VII. Жұмбақтың шешімін тап.

*Бір үйде көрдім төрт есік,*

*Біле алмадым бұл нешік?*

*Әр есікте үш қыз бар,*

*Әр қыздың отыз ұлы бар,*

*Әр ұлының шанышқан бес гүлі бар.*

*Мұны тапқан адамның*

*Басында кетпес бағы бар.*

(4 жыл мезгілі, үш ай, отыз күн)

VIII. «Қазақ тілі – ұлттық байлығым» тақырыбында ойтолғау жазу.

IX. Би-шешендердің сөздерінен көрініс көрсету.

Сабақты бекіту: сұрақ-жауап арқылы жеңімпаз сыныпты анықтау. Жеңілген топқа ақын-жазушылардың өлеңдерін айтқызу.



А.УТЕГАЛИЕВА,  
№1ОЖББМ.  
Орал қаласы

## КОМПЬЮТЕРДІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ КЕРІ ӘСЕРІ БАР МА?

Мақсаты: ата-аналарға жат қылықтардан ұл мен қыз баланы қорғау қажеттілігі туралы ой салу, ой салу барысында бала тәрбиесіне көңіл бөлу.

Барысы: халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп жатпай ма? Міне, сондықтан меніңше жастардың ұяда алған тәрбиесінің нақты көрінісі ол сыртқа шыққанда, көпшілікпен араласқанда, қоғамдық орындарда жүргенде анық байқалып тұрады.

Сондықтан менің ойым, әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де саналы, мәдениетті, жүрген ортасына сүйкімді азамат болып жетілуі үшін алдымен тәрбие шараларын өзінен бастағаны жөн, яғни, оғаш қылықтармен баласына «үлгі-өнеге» көрсетпеуге тырысқан абзал. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Бала жас шыбық тәрізді. Қалай қисайтсаң, солай өседі. Оның түзу жүріп білімді де саналы, парасатты азамат болып өсуі-біздің, яғни, әрбір ата-ананың өз қолында. Ата-аналарға алдын ала шақыру билеттері жіберіледі. Дөңгелек үстел 5 бөлімнен тұрады.

1. Кіріспе.
2. Бүгінгі менің өз ойым.
3. Ата-анаға тест.
4. Жаңашыл заман талабы.
5. Қорытынды.

*«Баланың жақсысы-қызық, жаманы-күйік.  
(Абай)*

*Ата-бабасын сыйламау-азғындықтың белгісі.  
(А.Пушкин)*

*Кімде-кім ата-анасын разы еткен болса, ол қандай жақсы. Аллаһ оның өмірін ұзартады. (Хадистен)*

Салынған талдың суреті.

Жүргізуші: -Қадірменді ата-ана! «Баламыздың табанына кірген тікен менің маңдайыма қадалсын» деп әлпештеген перзентіңіз мейірімсіз, қатыгез, жаман бала болғанын кім тілейді дейсіз? Бірақ бүгінгі ата-анасын құрметтемейтін перзенттік парызын орындамайтын, өз бетімен жүретін балалар бар екені анық. Осы мақсатта дөңгелек үстелге пікірлесу үшін шақырамын.

Кіріспе. 1. Отбасы бақыты ол... Бақыт дегеніміз ..Борыш. Келешектегі отбасымның бақыты үшін мен.. «Бүгінгі менің өз ойым»

Оқушыларға парақтар таратылады.

1. Ой, ана, қойыңызшы осы, сіз оны түсінбейсіз.

(Осы сөзді есту ата-анаға ауыр емес пе?)

2. Отбасы бақыты кімнің қолында? (Анамның әкемнің, балалардың)

3. Мұны дұрыс істеген жоқсың, ол үшін анаң ұрысып жатыр. Ұрысқаны үшін анаң кінәлі ме, дұрыс істемегенің үшін сен кінәлісің бе?

Ата-аналарға берілген сұрақ:

-Балаңыздың «ой, қойыңызшы» деген сөздері сізге ауыр тие ме? Бұл сөздерді жиі естуге тура келе ме?

Жүргізуші: -Сенің кез келген жақсы ісің үшін алғаш қуанатын да анаң, дұрыс ісің үшін ренжитін де анаң. Ана жүрегі-енді ғана қауызынан ашылар гүл. Сенің бір ауыз сөзің ана жүрегін тырнап алуы мүмкін. Ана жүрегі ренішті де, қуанышты да, қайғыны да, ауруды да-бәрін-бәрін көтереді. Бірақ әрбір тырнаудан кейін жара қалып кетеді, осыны ұмытпа. Анасын сыйлаған бала әкесін де сыйлайды.

4. Енді оқушыларға әліпби бойынша әріптерді қойғанда шығатын сөздердің бірнешеуі беріледі.

Ата-анаға тест. Ата-аналарға тест тапсырмалары беріледі. «Жаңашыл заман талабы»

Менің баламды жақсы оқытуға тиіс, менің баламды керемет етіп тәрбиелеуі тиіс, менің баламның бұзақылығы үшін жауап беруі тиіс. Тиіс.тиіс. Ата-ананың санасына сіңген «тиістер».

Бірінші тәрбие ошағы-отбасы десек, сол отбасында беріліп отырған тәрбиені одан әрі ұшып, жетілдіріп, баланың санасына жан-жақты жеткізе білетін-мектеп. Ата-ана мен мектеп бірлесе жұмыс жүргізсе, бала тәрбиесінде үлкен жетістіктерге қол жетері айдан анық.

Осы мақсатпен өткен «Компьютердің бала тәрбиесіне кері әсері бар ма?» атты дөңгелек үстелде қаралатын мәселелер:

1. Компьютердің бала тәрбиесіне кері әсері бар ма?
2. «Агент» туралы не ойлайсыздар?
3. Сіздің балаларыңыз «агентке» кіре ме?
4. Шетелдік киноларға көзқарасыңыз қандай?

(пікірталас)

Қорытынды. -Күнді қолмен бүркеуге болмайтындай барлық мәселелерден қашып құтылу мүмкін емес. Балаларымызға компьютер, қымбат киім алып берумен, ақшамен қамтымасыз етумен шектелмей, олардың өміріне белсене араласып, мәселелерді бірге шешетін кез келді. Қадірменді ата-ана, А.С.Макаренконың «Біздің балаларымыз-біздің қартайған шағымыз. Дұрыс тәрбие-бұл қарттық, нашар тәрбие-бұл біздің болашақтағы сорымыз. Бұл біздің көз жасымыз, басқа адамдар мен бүкіл ел алдындағы кінәміз» деп айтқанындай, бақытты қарттық көргіміз келсе, балаларды жақсылап тәрбиелейік. Қадірменді оқушы, ата-анаңа ақыл қосар ақылшысы екеніңді, көмекші екеніңді, ертеңгі үміті екеніңді ұмытпа. Әрбір отбасы үшін бақыт сол құрап отырған мүшелердің барлығына тікелей байланысты.

**А.ҚОЙШЫБАЕВ,**  
**Болгар мектеп-бақшасы.**  
Ақтөбе облысы,  
Алға ауданы,  
Болгарка ауылы

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МЕКТЕПШІЛІК ОЛИМПИАДА**

*(8-сынып)*

I кезең-шығарма жазу.

Жазбаша жұмысты бағалау тәртібі.

Әр бағалау тәртібіне 10 ұпай.

1. Шығарма мазмұны, ой тереңдігі.
2. Тақырыптың ашылуы.
3. Жазылу стилі мен тілі.
4. Тыныс белгілері (пунктуация).
5. Емлесі (орфография).

Шығарма тақырыптары:

1. Мен – тәуелсіз елдің ұланымын.
2. Әлем таныған қазақ елі.
3. Балалық – бал дәурен.

II кезең. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне тапсырмалар.

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға-10 ұпай.

1-тапсырма. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.

*Аслан, ертең сынақ болады.*

*Тимур үйге қайтып келісімен, оны нағашысы шақырып алды.*

*Естілер ертеңіні ескере, көре сөйлейді.*

*Қорадан мал ұрланыпты, сол үшін Базарбайды қатты соққыға жықты. Олар төмен түсіп еді, жол екіге бөлінді.*

2-тапсырма. Мына сөздердің ішінен негізгі түбір сөздерді бір бөлек, туынды түбір сөздерді бір бөлек жаз.

*Қайғы, арық, жақсылық, қазы, қайратты, таулы, кітаптың, оқушы, достар, тәлімгер, құштарсыз, ақылды, ауылым, емхана, орман, үйшік, кілем, семіз, балалы.*

3-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі сөздерді орнымен қойып жаз.

*Адам, тоқта, мал, шөп, сөз, тоқта  
Тау мен тас, бұз, адамзат, бұз, су, сөз  
Қол, қотыр, пәле, жұқ, тіл, жұқ  
Ауыз, сөз, көркі, жүз, көз, көркі  
Өс, тіл, атақ, өшір  
Шебер, сөз, біз, шешен*

4-тапсырма. Мына сөздердің түбірлері мен қосымшаларын сызыңдар: *білімдімен, өзіміздің, ақтөбеліктерге, пікірталаста, тәуелсіздігінің, Екібастұзға.*

5-тапсырма. Тұрақты тіркестердің мағынасын ашыңдар: *алқымынан алды, ат тонын ала қашты, көздің жауын алды, жер жұтты, оқалы киім киді, мысы құрыды, сөз қонбау, ит өлген жер, шекесіне тиді, сырты бүтін, іші түтін.*

### Оқушы шығармашылығы

**Т.ТАБЫНБАЕВ,**  
**№77 орта мектебінің**  
**9-сынып оқушысы.**  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Құланды елді мекені

## **БЕЙБІТШІЛІК – МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ**

Теңдік, достық, бостандық. Біздің еліміз осындай ұлы мұрағаттар жолындағы күрестің алдыңғы шебінде келеді. Қанқұйлы соғыстың бейбітшілікті сүйетін халықты қандай жағдайларға душар еткенін біз тарихтан білеміз. Әлемде тек бірлік, бейбітшілік болса, адамзатқа одан артық бақыт жоқ. Оны соғыс зардабын тартқан үлкендер ғана емес, келер ұрпақ біз де түсінеміз. Әрдайым аспанымыз ашық болып, төбемізде алтын күн шапағатын шашып тұрса, адамдар арасындағы достық қарым-қатынастар берік болса екен

деп тілейміз. Бейбітшілік-ашық аспан, аяулы ана алақаны, әкенің демеу сөздері, жас сәбидің тәтті ұйқысы, Отаныңа ыстық сезім.

Өмір мен достық, бірлік пен бейбітшілік туралы толғанбайтын жан бар ма? Бәрімізде көк аспан астында тату, бақытты өмір сүргіміз келеді. Бәріміз де бір ауыздан «Соғыс болмасын!» дейміз. Ендеше, мына жұмыр жердің бетінде әлі күнге дейін қырқысу мен қақтығысу неге тыйылмайды? Бүкіл елімізде тек бейбітшілік таңының ата бергенін қалаймыз. Бейбітшілік жолындағы әлем болашағы, арқа сүйер адамзаттары – жас жеткіншектердің, балғын бөбектердің күресі ерекше. Олардың айтқан достық, бірлік туралы әндері мен өлеңдерінен, айшықты суреттерінен «бейбітшілік» деп соққан пәк жүректерінің дүрсілін естиміз. Осы бейбіт өмірді көрмей кеткен адамдар қаншама? Халық үшін, бостандық, бейбітшілік үшін күрескен бауырларымызды қалай ұмытарсың.

Ашық аспан – Дархан дала төсінде самал жел ойнайды. Бейбітшілік-күсы – ақ көгершін барлық елдерге «Достық», «Туысқандық», «Бейбітшілік» деген хаттар таратуда. Кенеттен, әлдеқайдан келген қара күш жер бетін солқ еткізді. Қатты жарылыстан құлақ тұнып, дүние қып-қызыл өртке оранды... . Соғыс және бейбітшілік. Екеуі екі ұғым береді. «Соғыс» дегенде, құлаққа ышқынған автомат дауысы, шырылдаған сәби үні келеді. Үлкен аталарымыз бен әжелеріміз: «Біздің көргенімізді сендердің бастарыңа бермей-ақ қойсын»-деп әрдайым айтып отырады. Міне, соғыс зардабы деген осы. Ол – баланың жетім, ананың панасыз, қорғансыз қалғандығы. Ал «бейбітшілік» десе көз алдыма бал-бұл жанған сәби өңі, сыңғырлаған құрбылар күлкісі, мақпал алақанымен аялай еміреніп отарған ана бейнесі жанды жадыратқандай болады. Бізге, әр адамға, барлық халыққа тыныштық керек. Жер – Анаға да тек тыныштық қажет. Біздің елімізге және басқа халыққа ашық аспан, бақытты өмір, тәтті ұйқы керек емес пе?

Ендеше, біздің ұранымыз – бейбітшілік. Бейбітшілік символы – ақ қанатты көгершін аспанның шырқау биігіне көтеріле берсін.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың макалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 4.12.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.**

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2015 ж., 144 бет, Алматы.